И. Ю. БУРЧАКОВА

# НАН-БӨЛІШКЕ ӨНІМДЕРІН, ҰННАН ЖАСАЛАТЫН ҚИЫН КОНДИТЕРЛІК ТАҒАМДАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

*«Білімді дамыту федералды институты» федералды мемлекеттік автономды мекемесі «Қоғамдық тамақтандыру өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша орта кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің оқу процесінде қолдану үшін ұсынады*

*Рецензияның тіркеу нөмірі 542*
*2014 ж. 11 желтоқсан, ФГАУ «ФИРО»*

ACADEMA

Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2016

ӘОЖ 664.6(075.32)
КБЖ 36.86я723
Б917

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТжКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.
Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.
Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.
Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19,
«Алма-Ата» БО, 809С , телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір жазған —
Мәскеу қаласы № 32 қызмет көрсету колледжі ГБОУ СПО
оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары *Л.А.Васильева*

**Бурчакова И.Ю.**
Б917 Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру. Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарының оқу құралы орта кәсіби білім мекемелерінің студенттеріне арналған / И.Ю.Бурчакова. — М. «Академия» баспа орталығы, 2016. — 240 б.
ISBN 978-601-333-402-8 (каз.)
ISBN 978-5-4468-0930-1 (рус.)

Оқу құралы «Қоғамдық тамақтандыру өнімдерінің технологиясы» мамандығы бойынша, ПМ. 04 «Нан бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру» Федералды мемлекеттік орта кәсіби білім беру стандартына сәйкес жасалынған.

Практикалық сабақтарды және зертханалық жұмыстарды жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар келтірілген. Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастырудың аспектілері: кондитерлік шикізаттарды өнеркәсіпке дайындау, қиын өңделетін жартылай фабрикаттарды дайындау, ұннан пісірілген, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау.

Орта кәсіби білім беретін мекемелердің студенттеріне арналған.

ӘОЖ 664.6(075.32)
КБЖ 36.86я723

**ISBN 978-601-333-402-8 (каз.)**
**ISBN 978-5-4468-0930-1 (рус.)**

© И.Ю.Бурчакова ., 2016
© «Академия» баспа орталығы, 2016
© Рәсімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2016

# Қымбатты оқырман!

Осы оқу құралы «Қоғамдық тамақтандыру өімдері технологиясы» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік кешеннің бір бөлігі болып саналады.

Оқу құралы «Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру» кәсіби модулін үйретуге арналған.

Оқу-әдістемелік кешендері жаңа ұрпаққа дәстүрлік және инновациялық оқу материалдарын меңгеруге, жалпы білім беретін және жалпы кәсіби саладағы пәндері және кәсіби модульдерін оқып үйренуге мүмкіндік береді. Әрбір жинақ жалпы және кәсіби құзыреттерді игеруге қажетті оқулықтар мен оқу құралдары, оқу және бақылау құралдары, оның ішінде жұмыс берушінің талаптары ескерілген құралдардан тұрады.

Оқу басылымдары электронды білім беру ресурстарымен толықтырылады. Электрондық ресурстар интерактивті жаттығулар мен жаттығу құрылғылары бар теоретикалық және тәжірибелік модульдерді, мультимедиялық объектілерді, қосымша материалдар мен интернеттегі ресурстардың сілтемесін қамтиды.

Оған терминологиялық сөздік және электрондық журнал қосылған, онда оқу процесінің негізгі параметрлері: жұмыс уақыты, бақылау және практикалық тапсырмаларды орындаудың нәтижесі белгіленеді. Электрондық ресурстар оқу процесіне жеңіл ендіріледі және әртүрлі оқу бағдарламаларына бейімделеді.

# Алғы сөз

«Қоғамдық тамақтандыру өнімдері технологиясы» мамандығы бойынша тәжірибелік сабақтарды және зертханалық жұмыстарды орындауға арналған нұсқаулықтар «Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру» МДК 01.04 «Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру» — ПМ.04 кәсіби модулінің жұмыс бағдарламасының мазмұныныа сәйкес құрастырылған.

Нұсқаулар студенттерге тәжірибелік сабақтарды және зертханалық жұмыстарды орындау барысында көмек көрсетуге арналған.

Тәжірибелік сабақтарда және зертханалық жұмыстарда студенттер кәсіби модульдің жұмыс бағдарламасына сәйкес кәсіби құзыреттілікті (КҚ) және жалпы құзыреттілікті (ЖҚ) меңгереді және бекітеді.

Кәсіби құзыреттіліктер:

- **КҚ1.** Ұннан жасалатын, май мен сүтке иленген қамыр және мерекелік нанды ұйымдастыру және дайындауды жүргізу;
- **КҚ2.** Ұннан жасалған қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттады ұйымдастыру және дайындауды жүргізу;
- **КҚ3.** Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді ұйымдастыру және дайындауды жүргізу;
- **КҚ4.** Өңделген қиын жартылай фабрикаттарды оларды рәсімдеу кезінде қолдануды ұйымдастыру және дайындауды жүргізу;
- Жалпы құзыреттіліктер:
- **ЖҚ1.** Өзінің болашақ мамандығының мәнін және әлеуметтік маңыздылығын түсіну, оған жоғары қызығушылық таныту;
- **ЖҚ2.** Жеке қызметін ұйымдастыру, типтік әдістерді және кәсіби міндеттерді орындау тәсілдерін таңдау, олардың тиімділігін және сапасын бағалау;
- **ЖҚ3.** Стандартты және стандартты емес жағдайларда олар үшін жауапкершілік шешімдерін қабылдау;
- **ЖҚ4.** Кәсіби және өзіндік дамуы, қажетті кәсіби міндеттерді орындау тиімділігі үшін ақпараттарды іздеуді және қолдануды жүзеге асыру;
- **ЖҚ5.** Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық ақпараттарды қолдану;
- **ЖҚ6.** Ұжымда және командада жұмыс істеу, әріптестермен,

басшылықпен, тұтынушылармен тиімді қарым-қатынас жасау;

- **ЖҚ7.** Команда мүшелерінің (қарамағындағылардың) жұмыстары, олардың міндеттерін орындау нәтижелері үшін өзіне жауапкершілік алу;
- **ЖҚ8.** Өз бетінше кәсіби және өз бетінше даму міндеттерін, өз бетінше білімін көтеруді анықтау, саналы түрде біліктілігін көтеруді жоспарлау;
- **ЖҚ9.** Кәсіби қызметте технологияның жиі ауысуы жағдайында үйренуі керек.

Технологиялық есептеулерді жүргізу саласында ұннан дайындалатын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау бойынша, сонымен қатар зертханалық жұмыстарды орындауда білім алушылардың дағдыларын қалыптастыра білуі тәжірибелік сабақтардың негізгі мақсаты болып саналады. Тәжірибелік сабақтар барысында студенттер кәсіби құзыреттіліктерге сәйкес кәсіби шеберліктерді меңгереді:

- май мен сүтке иленген ұн қамырынан әзірленген өнімдердің және мерекелік нандардың, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер мен торттардың, ұсақ даналы кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлейді;
- нормативтік және технологиялық құжаттармен жұмыс істейді;
- технологиялық құжаттарды ресімдейді;
- қажетті шикізат санын және ұннан пісірілген қиын және ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін жартылай фабрикаттардың есебін жүргізеді;
- негізгі азық-түліктердің қосымша ингредиенттермен ара-қатынасын және үйлесу нұсқаларын, ұннан пісірілген қиын өнімдерді, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және қиын өңделген жартылай фабрикаттарды жасау үшін анықтайды;
- азық-түліктерді қосып жасау көрсеткіштерінің, оның ішінде қиын жартылай фабрикаттар үшін сапалық бағасын анықтайды ;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және қиын өңделген жартылай фабрикаттарды дайындау үшін өнеркәсіптік инвентарь және технологиялық жабдықтарды таңдауды жүзеге асырады;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және қиын өңделген жартылай фабрикаттарды дайындау технологиясының алгоритмін жасайды;
- қамырдың нақты түрін және май мен сүтке иленген ұн қамырынан пісірілген өнімдерді және мерекелік нандарды қалыптау тәсілін таңдауды жүзеге асырады;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді пісіру тәртібін таңдауды жүзеге асырады;
- түрлі тәсілдермен дайындалатын өнімдердің сапа бағасын және

қауіпсіздігін жүзеге асырады;

- қиын өңделген жартылай фабрикаттарды дайындауды қабылдау және түрлі тәсілдермен таңдау жүзеге асырылады;
- ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді рәсімдеу үшін, түрлі өңделген жартылай фабрикаттарды таңдау жүзеге асырылады;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және қиын өңделген жартылай фабрикаттарды тарату мерзімдерін және сақтау жағдайын анықтайды.
- Студенттер т***әжірибелік сабақтардың*** міндеттерін орындау барысында мына келесі жалпы құзыреттіліктерді меңгереді:
- өз жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білу, тәжірибелік сабақтардың кезеңдерін орындауда уақытты жоспарлау, қойылған кәсіби міндеттерге сәйкес орындалатын әрекеттер алгоритмін жасау;
- теориялық білімдерін қолдану және кәсіби міндеттерді шешу кезінде ыңғайлы әдістер және тәсілдер табу, стандартты және стандартты емес жағдайларда шешім табу;
- кәсіби міндеттердің нәтижелерін және шешім сапасын бағалау, нормативті технологиялық құжаттарды ресімдеу және олардың дұрыс жасалуына жауапты болу, КҚ жұмыс уақытында техника қауіпсіздігін сақтау;
- кәсіби және жеке дамуы үшін кәсіби міндеттерді орындау, ақпараттарды табу және пайдалану;
- тәжірибелік сабақтарда ақпараттарды іздеу, технологиялық құжаттарды жасау үшін кәсіби компьютер, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- жұп болып жұмыс жасау, тәжірибелік сабақтардың кейбір кезеңдерін орындау кезінде бірлесіп жұмыс жүргізу, тәжірибелік есептерді орындау барысында міндеттерді бөлу, әріптестермен тиімді қарым-қатынас жасау, жұмыс әрекеті және көлемімен келісім жасау, жұмыс барысында өзара көмек көрсету, жұптасып жұмыс жасау кезінде еңбек коэффицентін бағалау;
- жұптасып жұмыс жасағанда әріптесінің жұмысына жауапкершілік таныту, тәжірибелік міндеттерді шешу кезінде қателерді табу, оларды жоюдың тәсілдерін анықтау, уақытылы түзетулер жүргізу, тәжірибелік тапсырмаларды орындаудың көлемін және қорытындысын бағалауды жүргізу;
- тәжірибелік сабаққа өзіндік дайындық жасау, тұлғалық және біліктілік деңгейін жоғарылату;
- тәжірибелік сабақтарда инновациялық технологиялар саласында кәсіби қызмет бойынша білімін қолдану. Студенттердің ұсынылған ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және қиын өңделген жартылай фабрикаттарды модульдің жұмыс бағдарламасына сәйкес дайындау процесінде тәжірибелер алуы ***зертханалық***

***жұмыстардың*** негізгі мақсаты болып саналады. Студенттер зертханалық жұмыстарда кәсіби құзыреттіліктеріне сәйкес төмендегідей кәсіби іскерлікті меңгереді:

- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- кондитерлік цехтың жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде еңбектің қауіпсіз жақтарын қабылдау;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде санитарлық- гигиеналық талаптарын сақтау;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау және беру кезінде қажетті құралдарды, керек-жарақтарды, ыдысты таңдау;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындап шығару және азық-түліктердің негізін, қалпын салуды анықтау;
- қиын өңделген жартылай фабрикаттарды, май мен сүтке иленген ұннан пісірілген және мерекелік нандардың, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер мен мерекелік торттардың, ұсақ даналы кондитерлік өнімдердің дайындалу үрдісінің технологиясын ұйымдастыру;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және әртүрлі технологияларды, жабықтар мен керек-жарақтарды даярлау;
- ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді ресімдеу және безендіру;
- дайын өнімнің сапасын және қауіпсіздігін бақылау;
- дайын өнімнің жарамсыздығын жүргізу.
- Студенттер ***зертханалық жұмыстарды*** орындау барысында төмендегідей жалпы құзыреттіліктерді меңгереді:
- тұтынушының өмірі және денсаулығы үшін дайын өнімнің қауіпсіздігіне жауаптылықты: өнімді дайындау кезінде жеке гигиена ережесін сақтау, қолданылатын шикізаттың қауіпсіздігін дұрыс бағалау мен ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді барлық кезеңдерде дайындау технологиясын сақтауды;
- зертханалық жұмыстарды жасауға уақытты дұрыс есептеуді (жеке технологиялық операцияларды), нақты тапсырмамен әртүрлі технологиялық операцияларды орындау үшін санитарлық- гигиеналық талаптарға және техника қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес орындалатын әрекеттердің алгоритмін жасауды;
- стандартты және стандартты емес жағдайларда дұрыс шешім табу, ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде дайын өнімнің сапасы үшін жауапты болуды;
- зертханалық жұмыстардың тапсырмаларын тиімді орындау үшін қажетті ақпараттарды табуды және оны пайдалануды;
- зертханалық жұмыстарды орындау бойынша ұсынымдармен жұмыс

үшін және өзекті үрдісі кезеңінде интерактивті тақтаны және кәсіби компьютерді қолдануды, кәсіби компьютер және электронды оқулықтарды қолдана отырып, тақырып бойынша білімін түзетуді жүргізу, оқулыққа электронды қосымшалар және электронды әдістемелер, кәсіби компьютерді қолдана отырып, ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және қиын жартылай фабрикаттарды ТТК әзірлеуді;

- топта (жұпта) жұмыс жасау, кейбір технологиялық операцияларды бірлесіп орындауға қатысу, зертханалық жұмыстарды орындау үрдісінде міндеттерді бөлу, жұмыс барысында өзара көмек көрсету, сондай-ақ топ жұмысында (жұппен) еңбек қатынасы коэффициентін бағалауды;
- топта (жұпта) жұмыс жасау кезінде әріптестерінің жұмысы үшін жауапты болу, операциялық бақылау процесінде дефектілерді анықтау (қолданылған шикізатты бағалау, температуралық және уақытша режимдерді, технологиялық операцияларды, бракеражды, дайын өнімдерді рәсімдеу және жіберуді бағалау) және оларды жою тәсілдерін анықтауды;
- зертханалық жұмысқа өзіндік дайындық жүргізуді;
- зертханалық жұмыста кәсіби қызмет аумағындағы инновациялық технологиялар бойынша білімдерін қолдануды және т.б.

Ұннан пісірілген қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдердің қазіргі заманғы тенденция саласында және кәсіби стандарттар талаптарына сәйкес есебі мен тізімі жасалынған. Тәжірибелік сабақтар дәрісханаларда жүргізіледі және екі академиялық сағатта орындалады, тәжірибелік сабақтардың тақырыптары П.1-кестеде ұсынылған. Тәжірибелік сабақтарға арналған тапсырмалар жеке және оқу қызметіндегі топтық түрде есептелінген (оқу жұптарында, кіші топтардағы жұмыстар).

| Кесте Т.1. Тәжірибелік сабақтар және зертханалық жұмыстар | | | |
|---|---|---|---|
| Жұмыс нөмірі | Тақырыптың атауы | Тәжірибелік сабақтарға арналған сағаттар саны | Зертханалық сабақтарға арналған сағаттар саны |
| ***1 Бөлім. Нан- бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді жүзеге асыру және безендіру, дайындауды ұйымдастыру, әзірлеу*** | | | |
| *МДК « Нан- бөлішке өнімдерін,ұннан жасалатын кондитерлік тағамдарды дайындау технологиясы»* | | | |
| ТС № 1 | Нан- бөлішке өнімдерін,ұннан жасалатын кондитерлік тағамдарды дайындау процесін ұйымдастыру | 2 | |
| ТС № 2 | Ұннан пісірілетін қиын, ұннан жасалынатын кондитерлік өнімдердің ассортименттерін қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны үшін әзірлеу | 2 | |
| ТС № 3 | Нан- бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын кондитерлік тағамдарды дайындау үшін негізгі және қосымша шикізаттардың органолептикалық бағасы | 2 | |
| ТС № 4 | Нан- бөлішке өнімдерін,ұннан жасалатын кондитерлік тағамдарды дайындау үшін шығындалатын ұнды және суды есептеу | 2 | |
| ТС № 5 | Ұннан пісірілетін қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін шикізаттың санын есептеу және өзара ауыстыру | 2 | |
| ТС № 1 | Әртүрлі технологиялық операцияларды орындау кезінде құралдарды және керек-жарақтарды, қауіпсіз жабдықтарды және әдістерді таңдау | | 4 |

| Жұмыс нөмірі | Тақырыптың атауы | Тәжірибелік сабақтарға арналған сағаттар саны | Зертханалық сабақтарға арналған сағаттар саны |
|---|---|---|---|
| ***2 Бөлім. Қиын өңделетін жартылай фабрикаттарды безендіруде дайындауды ұйымдастыру және қолдану*** | | | |
| *МДК «Ұннан пісірілген, ұннан жасалынатын кондитерлік өнімдерді дайындау технологиясы»* | | | |
| ТС № 6 | Қиын өңделетін жартылай фабрикаттарды дайындау үшін шикізаттарды есептеу | 2 | |
| ТС № 7 | Фирмалық және жаңа қиын өңделетін жартылай фабрикаттарды әзірлеу (рецептура жобасын әзірлеу, тағамдық құндылығын есептеу) ( № 2 зертханалық жұмыс жүргізу үшін) | 2 | |
| ТС № 8 | Қиын өңделетін жартылай фабрикаттарды дайындау үшін технологиялық карталарды және шикізат ведомстарын жасау (№ 2 зертханалық жұмыстарды орындау үшін) | 2 | |
| ТС № 9 | Қиын өңделетін жартылай фабрикаттар үшін техника-технологиялық карталарды әзірлеу (№ 2 зертханалық жұмысты орындаудан кейін) | 2 | |
| ЗЖ № 2 | Қиын өңделетін жартылай фабрикаттарды дайындау | | 4 |
| ЗЖ № 3 | Жартылай фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындау | | 4 |
| ***3 Бөлім. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру, оны әзірлеу, безендіру және тарату*** | | | |
| *МДК «Нан-бөлішке өнімдерін,ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау технологиясы »* | | | |
| ТС № 10 | Май мен сүтке иленген фирмалық қиын өнімдерді және мерекелік нандарды әзірлеу | 2 | |

| Жұмыс нөмірі | Тақырыптың атауы | Тәжірибелік сабақтарға арналған сағаттар саны | Зертханалық сабақтарға арналған сағаттар саны |
|---|---|---|---|
| | (рецепт жобасын әзірлеу) | | |
| ТС № 11 | Дайын май мен сүтке иленген және мерекелік нандарды көпсіту есебі, пісіру және шығысы (№ 4 және 5 зертханалық жұмысты орындау үшін) | 2 | |
| ТС № 12 | Май мен сүтке иленген, ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындау үшін технологиялық тізбектер және шикізат ведомостарын жасау (№ 4 және 5 зертханалық жұмыстарды орындау үшін) | 2 | |
| ТС № 13 | Май мен сүтке иленген, ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындау үшін технологиялық карта әзірлеу (№ 4 және 5 зертханалық жұмыстарды орындаудан кейін) | 2 | |
| ЗЖ № 4 | Ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындау | | 6 |
| ЗЖ № 5 | Мерекелік нанды дайындау | | 6 |
| ***4 Бөлім. Ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру, оны пісіру, безендіру және тарату*** | | | |
| *МДК « Ұннан пісірілетін қиын кондитерлік өнімдерді дайындау технологиясы»* | | | |
| ТС № 14 | Ұннан пісірілетін қиын кондитерлік өнімдерді дайындауда бір фазалы және көп фазалы рецептерді есептеу | 2 | |
| ТС № 15 | Ұннан пісірілетін қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындау үшін шикізат ведомосттарын жасау | 2 | |

| Жұмыс нөмірі | Тақырыптың атауы | Тәжірибелік сабақтарға арналған сағаттар саны | Зертханалық сабақтарға арналған сағаттар саны |
|---|---|---|---|
| | (№ 6, 7, 8, 9 және 10 зертханалық жұмыстарды орындау үшін) | | |
| ТС № 16 | Ұннан пісірілетін қиын кондитерлік өнімдердің және мерекелік торттардың техникалық карталарын әзірлеу (№ 6, 7, 8, 9 және 10 зертханалық жұмыстарды орындағаннан кейін) | 2 | |
| ЗЖ № 6 | Ұннан пісірілетін кондитерлік өнімдерді дайындау | | 6 |
| ЗЖ № 7 | Балаларға арналған қиын мерекелік торттары ассортиментін дайындау | | 6 |
| ЗЖ № 8 | Мерейтойларға арналған қиын ассортиментті мерекелік торттарды дайындау | | 6 |
| ЗЖ № 9 | Қиын ассортиментті бірлескен мерекелік торттарды дайындау | | 6 |
| ЗЖ № 10 | Қиын ассортименті мерекелік үйлену торттарын дайындау | | 6 |
| ***5 Бөлім. Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру, оны дайындау, безендіру және тарату*** | | | |
| *МДК «Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау технологиясы»* | | | |
| ТС№ 17 | Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау үшін шикізаттар ведомостарын жасау (№ 11, 12, 13 және 14 зертханалық жұмыстарды орындау үшін) | 2 | |
| ТС № 18 | Ұсақ даналы кондитерлік өнімдердің техника-технологиялық картасын жасау | 2 | |

| Жұмыс нөмірі | Тақырыптың атауы | Тәжірибелік сабақтарға арналған сағаттар саны | Зертханалық сабақтарға арналған сағаттар саны |
|---|---|---|---|
| | (№ 11, 12, 13 және 14 зертханалық жұмыстарды орындағаннан кейін) | | |
| ЗЖ № 11 | Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау («Ганаш кремімен шоколадты капкейк », «Сүйық ішіне салынатын шоколадты кекс», «Миндальды-апельсин твилі») | | 6 |
| ЗЖ № 12 | Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау («Маф- финдер», «Бискотти», «Марципанды банан» тәтті наны) | | 6 |
| ЗЖ № 13 | Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау («Шағын рулеттер», «Қара жидек қосылған шоколадтты моэлье (дуэль)», «Макрондар шоколадты тәтті наны») | | 6 |
| ЗЖ № 14 | Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау («Грек жаңғағымен шоколадты брауни», «Бананмен шоколадты орама» печеньесі, «Лимонды креммен және жидектермен кәрзеңкелер») | | 6 |
| | БАРЛЫҒЫ | 36 | 78 |

## Тәжірибелік сабақтың құрылымы

1. **Ұйымдастыру кезеңі.** Студенттердің сабаққа дайындығын тексеру, сабақ тақырыбымен таныстыру, сабақтың мақсаты және міндетін айтып өту, дидактикалық материалдарды қолданудың жағдайын түсіндіру (әдістемелік нұсқаулар, білімді түзету үшін материалдар).

2. **Мақсатты ойлау, негізгі білімінің өзектілігі.** Тәжірибелік сабақты орындау бойынша тапсырманы түсіндіру. ИКТ құралын қолдану (сабақ мақсаты мен слайдтарды көрсету, негізгі білімінің өзектілігін тексеруге арналған тапсырмалар, тәжірибелік сабақтарды орындауға арналған

интерактивті тақтаны қолдану).

3. **Жаңа материалды үйрену.** Оқытылатын оқу материалын теориялық меңгеру. Оқу ақпаратын көрсету. Жаңа оқу материалын түсіндіру, жаңа материалды қабылдауды ұйымдастыру, білім алушылардың назарын белсенді ету.

4. **Тәжірибелік іскерлігін меңгеру және бекіту.** Тәжірибелік жұмыстарды орындау кезінде жаңа материалды қолдануды тәжірибемен көрсету. Жеке және кіші топтарда тәжірибелік іскерлікті және теориялық білімдерін бекіту үшін өздік жұмысын ұйымдастыру.

5. **Рефлексия.** Нәтижелерді талдау, қиындықтарды анықтау, типтік қателерді тұжырымдау, білім алушылардың өзіндік бағалауын ұйымдастыру (күнделікті толтыру жетістіктері, 1-қосымша үлгісін қараңыз). Қорытындылар бағасы және сабақтың рейтингтік бағасын жариялау.

6. **Үй тапсырмасын беру.** Алынған білімдерін бекіту, аудиториядан тыс өздік жұмысы.

Тәжірибелік есептерді орындау үшін тапсырма нұсқалар мен бірнеше кезеңдерге бөлінуі мүмкін. Әрбір кезең бағалау критериине сәйкес бағаланады. Тәжірибелік сабақты жүргізу барысында оқытушы әрбір студентке бақылау ведомосын толтырады, онда кезеңімен кәсіби және жалпы құзыреттіліктердің қалыптасуын белгілейді. КҚ және ЖҚ қалыптасқандығы туралы бағалар көрсеткіштерінің шамамен тізімі 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген.

Зертханалық жұмыстар арнайы жабдықталған оқу зертханаларында жүргізіледі және төрт-алты академиялық сағат арасында орындалады.

Зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін жеке тапсырмаларды орындайтын кіші топтар құралады. Зертханалық жұмысты жүргізу арасында оқытушы студенттерге барлық сұрақтар бойынша кеңес береді.

## Зертханалық жұмыстың жасалу барысы

1. **Ұйымдастыру сәті.** Саптық жиын, нұсқау, сабаққа дайындығын тексеру (форманың болуы, жұмысқа дайындық кезінде жеке гигиеналық талаптарды сақтау, осы тақырып бойынша теориялық білім, күнделікті жетістіктердің болуы), кіші топтарды қалыптастыру, жұмыс орындарын ұйымдастыру.

2. **Мақсатты тұжырым мен тіректі білімнің маңыздылығы.** Зертханалық жұмысты орындау бойынша тапсырмаларды түсіндіру. ИКТ құралын пайдалану (сабақ мақсатымен слайдтарды көрсету, тірек білімінің маңыздылығы үшін тапсырмалар, зертханалық сабақтарды орындау үшін интерактивті тақтаны қолдану). Сауал жүргізу және жауаптарға түсінік беру.

3. **Жаңа материалды үйрену.** Оқу ақпаратын көрсету. Қойылған міндеттерді түсіндіру, жаңа оқу материалын түсіндіру, жаңа материалды қабылдауды ұйымдастыру, білім алушылардың белсенділігін, назарын аудару.

4. **Тәжірибелік іскерлікті меңгеру және бекіту:**

- жұмыс орнын ұйымдастыруды және негізгі азық-түліктерді және қосымша ингредиенттерді дайындау бойынша қиын жартылай фабрикаттарды, ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін тәжірибе жасау;
- өздік жұмыс — шикізатты рецептураға сәйкес өлшеу;
- қиын жартылай фабрикаттарды, ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін өздік жұмысын және тәжірибе жұмысын жасау;
- орындалған технологиялық операцияларды және дайындалған қиын жартылай фабрикаттарды, ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді сапа бағасы бойынша іскерлігін меңгеру (органолептикалық баға — бракераж, дефектліерді мен тәсілдерді анықтау және оларды жою).

5. **Рефлексия.** Нәтижелерді талқылау және орындалған жұмысты қорғау, дефекттерді анықтау, қателерді талқылау, кіші топтардың жұмысын бағалау, әрекеттерді орындауды өзіндік бағалау, өз әрекеттерін түзету.

6. **Үй тапсырмасын беру.** Алынған тәжірибелерді және іскерліктерін бекіту.

- Зертханалық жұмыс жөніндегі есепке студент толтырған мына төмендегі технологиялық құжаттар кіреді:
- жаңа қиын жартылай фабрикаттарды, ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді өңдеу актілері (11-қосымшаны қараңыз);
- «Дайын өнімнің органолептикалық сапасын бағалау» (29-қосымшаны қараңыз);
- дайын қиын жартылай фабрикаттарды, ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдердің бракеражды журнал бойынша сапасы бойынша бағалау (30-қосымшаны қараңыз);
- дайын жартылай фабрикаттардың дефектілерін анықтау жөніндегі есеп (өнімдер), олардың туындауы және жою әдісі (31-қосымшаны қараңыз);
- білім алушының күнделікті жетістігі меңгерілетін білім бағасы бойынша және тақырып бойынша іскерлігі (4-қосымшаны қараңыз).

Зертханалық жұмысты жүргізу барысында оқытушы әрбір студентке бақылау ведомосын толтырады, онда кезеңмен жалпы және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуын белгілейді. КҚ және ЖҚ қалыптасқан

бағаларды шамамен көрсету тізімі 5 және 6-қосымшаларда ұсынылған.

Зертханалық жұмыс аяқталған соң, оқытушы жұмыс жүргізу процесінде алынған нәтижелерін және типтік қателерді белгілей отырып, қорытындыларын есептеп, бағаларын қояды.

Зертханалық жұмыстың әрбір тақырыбы дайын қиын жартылай фабрикаттарды, ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау өнеркәсіптік процесте кезектік операцияны құрайды, бұл өнімді тапсырма бойынша өз бетінше, сонымен қатар оларды бағалау критерийлеріне сәйкес бағалауға, дайындауға мүмкіндік береді.

Оқу құралы студенттердің шығармашылық және өнертапқыштық қабілеттерінің дамуына, өзіндік әрекеттің қалыптасуына бағытталған, әсіресе болашақ техник-технолог мамандығы үшін маңызды.

Осы оқу құралы жас мамандар үшін тәжірибелік сабақтарды және зертханалық жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыруда үлкен көмек көрсететін болады.

# ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДЫ СИПАТТАУ

## № 1 ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ

### Ұннан пісірілетін өнімдерді, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау процесін ұйымдастыру

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «май мен сүтке иленіп, ұннан жасалатын өнімдер мен мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер мен мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» саласында:

- технологиялық жабдықтарды таңдау бойынша, ұннан пісірілетін қиын өнімдерді, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде технологиялық операцияларды орындау үшін ыдыстарды, керек-жарақтарды, құралдарды таңдау бойынша білгендерін бекіту және көрсету;
- ұннан пісірілетін қиын, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау барысында санитарлық-гигиеналық талаптарды қолдану туралы білімдерін бекіту және көрсету.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғы сөзді қараңыз).

## ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН СҰРАҚТАР

1. Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді өндіру кезінде қолданылатын қандай жұмыс орындары бар?
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорын құрылымы қандай өнеркәсіптік ғимараттарға кіреді?
3. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін қандай технологиялық және қосымша жабдықтар қолданады?
4. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін қандай керек-жарақтарды, құралдарды және әдістерді қолданады?
5. Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындауға өндірісте қандай технологиялық кезеңдер кіреді?
6. Қандай цехтар арнайы цехтарға жатады?
7. Ұннан пісірілетін өнімдердің, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің технологиялық кезеңдерінің айырмашылығы неде?

## Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультимедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша ұсыныстар, білімін түзету үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; СанПин 2.3.6.1079-01; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Қиын ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау процесін ұйымдастыру. Оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016; ***Усов В. В.*** Қоғамдық тамақтандыру орындарында кәсіпорындарда өнеркәсіпті ұйымдастыру және қызмет көрсету. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2015; ***Золин В. П.*** Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынының технологиялық жабдықтары. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016; ***Цыганова Т. Б.*** Нан-бөлішке тағамдарын өндіру технологиясы және ұйымдастыру. Оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2014.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. ***Нұсқа 1.*** Ұннан пісірілетін қиын өнімдер өнеркәсібінің технологиялық кезеңдерін және әрбір технологиялық кезеңге өнеркәсіптік

бөлме таңдау, әрбір жұмыс орнына техникалық жабдықтауды тізбелеу (1.1-кесте).

2. ***Нұсқа 2.*** Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер өнеркәсібінің технологиялық кезеңдерін және әрбір технологиялық кезеңге өнеркәсіптік бөлме таңдау, әрбір жұмыс орнына техникалық жабдықтауды тізбелеу (1.1-кестені қараңыз).

Кесте 1.1. Ұннан пісірілетін және ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үрдісін ұйымдастыру

| Өнеркәсіп үрдісінің технологиялық кезеңінің атауы | Өнеркәсіптік бөлмелер атауы | Жұмыс орнының атауы | Технологиялық жабдық | Көмекші жабдық | Керек-жарақтар, құралдар, бейімделу |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

3. Практикалық тапсырманың нәтижесін ұсыну.
4. Студенттің жетістік күнделігін толтыру (1-қосымшаны қараңыз).

## № 2 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

## Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер үшін қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ассортимент әзірлеу

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «Ұннан пісірілетін май мен сүтке иленген өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» саласында:

- әртүрлі қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеу

бойынша теориялық білімдерін бекіту және іскерлігін көрсету.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғы сөзді қараңыз).

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдердің қайсысы қиын болып саналады?
2. «Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортименті» түсінігіне не кіреді?
3. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің қазіргі заманғы ассортиментінің тізімін жасау.
4. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары қандай түрлерге бөлінеді?
5. Әртүрлі түрдегі қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін өнімнің атауының шамаланған санын қалай анықтайды?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Компьютер, мультимедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша ұсыныстар, білімін түзетуге арналған электронды және баспа түріндегі материалдар; МЕМСТ 30389—2013 «Қоғамдық тамақтандыру қызметтері. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорыны. Жіктелуі және жалпы талаптар»; ***Бурчакова И.***Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016; ***Никуленкова Т.*** Т., ***Ястина Г. М.*** Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынын жобалау. — М. : Колос С, 2007.

## ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚ ҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. ***Нұсқа*** 1. Бірінші класты мейрамхана үшін ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің еуропалық асханасымен, мейрамхана ішіндегі кафетерийге (100 кісілік орын) өзінің жеткізетін азық-түлігінің ассортиментін әзірлеу. Мейрамхана қала орталығында орналасқан. Шығарылылатын өнімнің көлемі ауысым ішінде 800 дана өнімді құрайды. Маусым — жаз (шілде).

***Нұсқа*** 2. Бизнес-орталықта тұратын (250 кісілік орын) асхана үшін ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеу. Асханаға келушілер офистің қызметкерлері болып саналады. Шығарылылатын өнімнің көлемі ауысым ішінде 1500 дана

өнімді құрайды. Маусым — көктем (мамыр).

***Нұсқа*** 3. Мәдени және демалыс саябағы саласында орналасқан балалар кафесі үшін ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеу (50 кісілік орын) Шығарылатын өнімнің көлемі ауысым ішінде 650 дана өнімді құрайды. Маусым — күз (қыркүйек).

2. 1.2-кестені толтыру (кестені толтыру үлгісі —1.3-кестені қараңыз).

| Кесте 1.2.Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеу (тапсырма бойынша) | | | |
|---|---|---|---|
| Рецептура нөмірі | Өнімнің атауы | Шығыс, г | Ауысымдағы өнімнің саны, дана. |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

3. Практикалық тапсырмалар нәтижесін ұсыну.
4. Студенттің жетістік күнделігін толтыру (1-қосымшаны қараңыз).

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар

Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеудің түрлері өте көп және олар өз рецептерімен, түрлі формасымен, өңделуі және дәмімен ерекшеленеді.

Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеу кезінде мынадай факторлар есепке алынады:

- шығарылатын өнімнің, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорыны класы және түрлері, беріктігі, кәсіпорынның мамандандырылуы және орналасқан жері, келушілердің сұранысы және құрамы;
- ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау технологиясы және шикізат түрлері (пісірілген жартылай фабрикаттардың түлері);
- тұтынудың маусымдылығы (ұннан пісірілген, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдардың маусымға байланысты креммен және кремсіз қатынасы);
- қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынының әрбір түрі және класы үшін ассортименттік ең аз шамасы (7-қосымша қар.). Ассортимент маусымдық, тапсырмалық және фирмалық өнімдердің есебінен кеңеюі мүмкін;
- келушілердің сұранысына сәйкес жаңа ұннан пісірілетін, ұннан

жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді енгізу.

***Мысалы*** 1.1. 50 кісілік орны бар кондитерлі кафе үшін ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеу. Кондитерлі кафе қала шетінде, тыныш ауданда орналасқан. Шығарылатын өнімнің көлемі ауысым ішінде 1000 дана өнімді құрайды. Маусым — қыс (желтоқсан).

Ш е ш і м . Тапсырма бойынша ассортиментті әзірлеу үшін кестеде келтірілген шамамен берілген деректерді қолданады. Т.7.1 (7-қосымша қар.). Берілген деректерге сәйкес кондитерлі кафедегі өнімнің атауы (ассортименттің ең аза шамасы) — 10-15. Кондитерлі кафе үшін ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің әзірленген ассортименті көрсетілген ассортимент шамасынан аз емес, көп болуы мүмкін. Уақыттың қысқы кезең екенін және келушілердің құрамын есепке алып, ассортиментке көп мөлшерде крем мен ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер кіреді. Сосын ауысым ішінде шығарылатын өнімнің сандық есебін шамалап өндіреді.

Осыдан кейін ассортименттің әзірлемесін жүргізеді және нәтижелерін есептейді(1.3-кесте).

Кесте 1.3. 50 отырғызатын орны бар кондитерлі- кафе үшін ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің ассортиментін әзірлеу

| Рецептура нөмірі | Өнімнің атауы | Шығыс, г | Ауысымдағы өнімнің саны, дана. |
|---|---|---|---|
| ***Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдер*** (***ұсақ даналы***) | | | |
| ТТК | Ассортиментте фигуралы май мен сүтке иленген бөлке | 60 | 100 |
| ***Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдер (өлшенетін)*** | | | |
| 105 | Мак қосылған үй пирогы | 1 200 | 25 |
| ТТК | «Қысқы шие» пирогы | 1 000 | 30 |
| ТТК | «Жаңа жыл» пирогы | 800 | 35 |
| ***Бисквитті торттар*** | | | |
| 13 | «Қар бүршігі» торты | 1 000 | 30 |
| 14 | «Молодежный» торты | 1 000 | 20 |
| ***Құмды торттар*** | | | |
| 22 | «Пешт» торты | 1 500 | 15 |

| Рецептура нөмірі | Өнімнің атауы | Шығыс, г | Ауысымдағы өнімнің саны, дана. |
|---|---|---|---|
| 26 | «Ірімшік» торты | 1 000 | 35 |
| ***Қаттама торттар*** | | | |
| 29 | «Колизей» торты | 1 000 | 25 |
| 27 | «Креммен қабатталған» торты | 2 000 | 25 |
| ***Ауа (ауа-жаңғақты) торттары*** | | | |
| 31 | «Өрмекші» торты | 2 000 | 10 |
| 32 | «Ұшу» торты | 1 000 | 30 |
| ***Фирмалық (тапсырыспен жасалатын) торттар*** | | | |
| ТТК | «Үйлену тойы» торты | 3 000 | 5 |
| ТТК | «Балалар» фигуралы торты | 1 500 | 15 |
| ***Бисквитті тәтті нандар*** | | | |
| 43 | «Бисквитті жеміс» тәтті наны | 48 | 40 |
| 44 | Шоколад помадасымен глазурленген, «Буше» тәтті наны | 40 | 50 |
| ***Құмды тәтті нандар*** | | | |
| 46 | «Құмды» белок кремімен тәтті нан | 42 | 30 |
| 52 | «Әуесқойлық кәрзеңке» | 45 | 45 |
| ***Қаттама тәтті нандар*ы** | | | |
| 56 | Алма салынған «Қаттама» тәтті наны | 42 | 60 |
| 60 | Кремді «Трубалар» және «Муфтолар» тәтті нандары | 39 | 35 |
| ***Қайнатылған тәтті нандар*** | | | |
| ТТК | «Ірімшік кремді қайнатылған сақина» тәтті наны | 50 | 40 |
| ТТК | «Эклер» фисташкалы кремді тәтті нандар | 40 | 50 |

| Рецептура нөмірі | Өнімнің атауы | Шығыс, г | Ауысымдағы өнімнің саны, дана. |
|---|---|---|---|
| ***Ауа тәтті нандары*** | | | |
| 65 | «Ауа» кремді тәтті нандары (қосарлы) | 39 | 30 |
| ***Миндальды тәтті нан*** | | | |
| 67 | «Пирамида» тәтті наны | 45 | 45 |
| ***Ұсақ даналы кондитерлік өнімдер*** | | | |
| ТТК | Макарондар | 15 | 60 |
| ТТК | Браундер | 20 | 55 |
| ТТК | Капкейкілер | 35 | 60 |
| | Барлығы | | 1 000 |

## № 3 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

### Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін негізгі және қосымша шикізаттарды органолептикалық бағалау сапасы

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «Ұннан пісірілетін май мен сүтке иленген өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» саласында:

■ Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін қолданылатын негізгі және қосымша шикізаттардың сортын анықтау, органолептикалық сапасын бағалауды жүргізу бойынша іскерлігін бекіту және көрстеу.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

■ ЖҚ 1-9 (алғы сөзді қараңыз).

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындау үшін шикізаттардың қандай түрлері негізгі және қосымшаға жатады?
2. Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін шикізаттардың қандай түрлері негізгі және қосымшаға жатады?
3. «Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін шикізаттың органолептикалық бағалау сапасы» түсінігіне нелер кіреді?
4. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін қандай бидай ұны түрлерін қолданады?

## Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультимедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындауға арналған ұсыныстар, білімін түзету үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; МЕМСТ Р 52189 — 2003 «Бидай ұны. Жалпы технологиялық жағдайлар»; МЕМСТ Р 53876 — 2010 «Картоп крахмалы. Техникалық жағдай»; МЕМСТ 32261—2013 «Сары май. Техникалық жағдай»; МЕМСТ 6882—88 «Кептіріліген жүзім. Техникалық жағдай»; ***Бурчакова И.***Ю., ***Ермилова С.В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2016; ***Соколова Е.*** И., ***Ермилова С.В.*** Кондитерлік өнім үшін қазіргі заманғы шикізат. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2009.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау процесін ұйымдастыру үшін қолданылатын, (нұсқа бойынша) негізгі және қосымша шикізат үлгілері сорттарының сәйкестігін анықтау және органолептикалық сапаның бағасын беру.

***Нұсқа 1.*** Бидай ұны (экстра), картоп крахмалы (бірінші сорт). 1.4 және 1.5-кестелерді толтыру.

| Кесте 1.4. Органолептикалық көрсеткіштерді анықтау және ұнның сорты | | |
|---|---|---|
| Көрсеткіш атауы | Ұнның сипаттамасы | Үлгі |
| Дәмі | | |
| Иісі | | |
| Түсі | | |
| Ылғалды үлес массасы, %, көп емес | | |
| Минералды қоспаның болуы | | |
| Зиянкестермен жұқтырылуы | | |
| Зиянкестермен ластануы | | |

Ұн сорты _____

| Кесте 1.5. Органолептикалық көрсеткіштерді және картоп крахмалы сортын анықтау | | |
|---|---|---|
| Көрсеткіш атауы | Картоп крахмалының сипаттамасы | Үлгі |
| Сыртқы түрі | | |
| Иісі | | |
| Түсі | | |

Картоп крахмалының сорты _____

***Нұсқа*** 2. Бидай ұны (бірінші сорт), сары май (жоғары сорт). 1.4 және 1.6-кестелерін толтыру.

| Кесте 1.6. Органолептикалық көрсеткішті және сары май сортын анықтау | | |
|---|---|---|
| Көрсеткіш атауы | Сары май сипаттамасы | Үлгі |
| Иісі | | |
| Дәмі | | |
| Сыртқы түрі | | |
| Консистенция | | |
| Түсі | | |

Сары май сорты _____

***Нұсқа*** 3. Бидай ұны (екінші сорт), кептірілген жүзім (жоғары сорты). 1.4 және 1.7-кестелерді толтыру.

| Кесте 1.7. Органолептикалық көрсеткішті және кептірілген жүзім сортын анықтау (ақшыл жүзім) | | |
|---|---|---|
| Көрсеткіш атауы | Кептірілген жүзім сипаттамасы | Үлгі |
| Сыртқы түрі | | |
| Иісі | | |
| Түсі | | |

Ақшыл жүзім сорты _____

2. Алынған нәтижелерді стандарттық талаптармен салыстыру: МЕМСТ Р 52189 — 2003 «Бидай ұны. Жалпы техникалық жағдайлар», МЕМСТ 53876—2010 «Картоп крахмалы. Техникалық жағдай», МЕМСТ 32261—2013 «Сары май. Техникалық жағдай», МЕМСТ 6882 — 88 «Кептірілген жүзім. Техникалық жағдай».

3. Тәжірибелік тапсырманың нәтижесін ұсыну.

4. Студенттің жетістік күнделігін толтыру (1-қосымшаны қараңыз).

## Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар

Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді өндіру үшін қоғамдық тағамдар кәсіпорынына түсетін, негізгі және қосымша шикізаттың сапалылығы, органолептикалық сапасын бағалау бойынша анықталады.

***Қоғамдық тамақтану (шикізат) өнімдерінің органолептикалық сапасын бағалау*** — бұл адамның қоғамдық тамақтану (шикізат) өнімдері қасиетіне зерттелетін объект ретінде жауап реакциясының, сапалық және сандық әдістердің көмегімен анықталатын бағалау.

Шикізаттың органолептикалық сапасын бағалау кезінде мына көрсеткіштер зерттеледі, сыртқы түрі, консистенция, текстура, иісі, дәмі, түсі және т.б. Зерттелетін негізгі және қосымша шикізаттар органолептикалық көрсеткіштер бойынша сәйкес келуі керек, әрекет ететін МЕМСТ-тар бар.

Мысалы бидай ұнының сапасы МЕМСТ Р 52189 сәйкес «Бидай ұны. Жалпы техникалық жағдайлар» келесі органо-

лептикалық көрсеткіштер бойынша анықталады: бидай ұнында басқа дәмі, иісі, артық қышқылдығы және ылғалдылығы жоғары болмауы керек. Ұнның түсі оның сортына байланысты болады (экстра, жоғары, іріленген, бірінші, екінші және жапсырмалы). Ұнды әбден шайнау кезінде сықыр білінбеуі керек, зиянкестерді жұқтырылуына және ластануына жол берілмейді. Ұн 14,5 %. ылғалыдылықта болуы керек. Ұнның ылғалдылығын анықтау үшін органолептикалық тәсілмен ұнның бір шымшымын алады және жұдырыққа қысады, егер жұдырықта сығылғаннан кейін алақанда жабысқақ және ұнтақталмаған кесегі қалса, онда ұнның ылғалдылығы жоғары деп есептеледі.

## № 4 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

### Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін ұн шығынын және суды есептеу

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «Ұннан пісірілетін май мен сүтке иленген өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу», «Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» саласында:

- Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде ұн және су шығынын есептеу ережелерін қолдану бойынша іскерлігін бекіту және көрстеу.

2. С***тудентттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғы сөзді қараңыз).

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Бидай ұны шығынының ылғалыдылықпен байланысы қандай?
2. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде қандай жағдайларда сұйық құрауыштардың шығыны ұлғаяды (судың, сүттің)?
3. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде қандай жағдайда ұн шығыны ұлғаяды?
4. Барлық қамыр түрлерін илеу үшін судың санын есептеу шығыны қандай болу керек?
5. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер рецептері жинақтарында қолданылатын бидай ұнының ылғалдылығы қандай?

## Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультимедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша ұсыныстар, білімін түзету үшін электронды және баспа түрінде материалдар; МЕМСТ Р 52189 — 2003 «Бидай ұны. Жалпы техникалық жағдайлар»; МЕМСТ 32691—2014 «Қоғамдық тамақтану қызметтері. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарда өнімдер фирмалық және жаңа тағамдарды әзірлеу тәртібі»; ***Бутейкис Н. Г.*** Ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау технологиясы: оқу құралы. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2014; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2016; ***Соколова Е.***И., ***Ермилова С.В.*** Кондитерлік өнімге арналған қазіргі заманғы шикізат. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2009.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Есепті ***шешу*** 1. Әртүрлі фигуралы қиын пирогтар үшін 10 кг ашытқан қамыр дайындау кезінде кететін ұнның шығыны 64,1 кг. Берілген ашытылған қамырды дайындау үшін шығындалатын ұнның жалпы көлемін анықтау. Кәсіпорынға келген ұнның 16,5 % ылғалдылығы болады.

2. Есепті ***шешу*** 2. Ашытуға қойылған қамырдың пайыздық (А) ылғалдылығын анықтау талап етіледі, егер 1,4 кг қамыр дайындау үшін шығындалатын су (А) белгілі болса, май мен сүтке иленген нан- бөлішке

өнімдерін, өндіру үшін қолданылады. Құрғақ заттарда шикізат массасы ***С*** = 3,9 кг, шикізат массасы шын мәнінде ***В*** = 4,6 кг. Барлық қажетті деректер 1.8- кестеде келтірілген.

3. Практикалық тапсырма нәтижесін ұсыну.
4. Студенттің жетістік күнделігін толтыру (1-қосымшаны қараңыз).

## Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Ұнның шығынын оның ылғалдылығымен қоса есептеу. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер рецептураларында ұнның ылғалдығы 14,5% шығынмен көрсетілген МЕМСТ Р 52189 сәйкес — 2003 «Бидай ұны. Жалпы техникалық жағдайлар».

Компьютер, мультмедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; ***Бурчакова И. Ю, Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Май мен сүтке иленетін ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауда шығысын және көтерілуін, күйіп кетуін анықтау.

***Нұсқа 1.*** «Лапти» ірімшік салынған наны.

***г рецепі, «Лапти» ірімшік салынған нанын дайындау үшін:*** ұн — 760, сары май — 40, меланж — 40, тұз — 2, қант-құмшекер — 12, ашытқы— 20, сүт — 300, жүзім мен ірімшік туралған ет — 600.

***Майлау үшін, г:*** беттерін майлау үшін — 5, меланж — 30. Шығыс — 150 г-нан 10 дана.

***Жүзіммен ірімшік туралған ет үшін, г:*** ірімшік — 330, жұмыртқа — 100, қант-құмшекер — 50, жүзім — 100, ванилин — 20.

Май мен сүтке иленген ашытылған қамырды ашыту әдісімен дайындайды. Сосын дайындаманы «табан» түрінде қалыптайды (дайындаманы қалыптау №4 зертханалық жұмыста көрсетілген) және тереңдете ішін тығындап толтырады.

Ішіне ірімшік салынған нанды майланған қалбырға салады және 210-220 С° температурада дайын болғанша ұстайды. «Лапти» дайын ірімшік салынған нанын 15 минуттай салқындатып, қабатталып жабылған сүлгімен жабады. «Лапти» ыстық немесе салқын күйінде беріледі.

***Нұсқа*** 2. Жүзім және жаңғақпен дайындалған пирог.

***г рецепі, жүзім және жаңғақпен жабылған пирогты дайындау үшін***: ашыған қамыр — 1 000, бөлу үшін — 100, майлау үшін меланж — 15, беттерді майлау үшін өсімдік майы — 5.

***Ішіне салатыны, г:*** грек жаңғағы (тазартылған) — 300, жүзім (сүйексіз) — 400, қант-құмшекер — 250, өсімдік майы — 10.

Шығыс — 2 000 г.

Ішіне салатын қиманы дайындау үшін қалбырға өсімдік майын құйып, ол қызған кезінде дайындалған жүзімді төгеді және ол әбден ісінгенше бұқтырады. Сосын оны оттан түсіреді, қантты ет тартқыштан өткізілген күйде немесе үгітіп қосады және жақсылап араластырады. Дайын ашытылған қамырдың бір кесегінен аздаған бөлігін пирогты безендіру үшін бөліп алады, ал қалған қамырды тең етіп екі бөлікке бөледі. Қамырды қалыпқа салады, оған ішіне салынатын қималарды және т.б. салып безендіреді (дайындаманы қалыптау және безендіру №4 зертханалық жұмыста берілген).

Қамырдың дайындамасын оның көтерілуі үшін жылы жерге қояды. Көтеріліп болған соң меланжбен майлайды және 30-40 минут 210-220°С температурада пісіреді. Дайын болған пирогты 10-15 минут екі қабатталған орамалмен салқындату мақсатында орап қояды. Пирогтың ортасына алманың жартысын салады және екі жағына да үгітілген алма бөліктерімен безендіреді. Пирогты салқын күйінде береді.

***Нұсқа*** 3. «Үйлену тойы» каравайы.

***г рецепі, «Үйлену тойы» каравайы сынды ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындауға*** қамыр үшін жоғары сортты бидай ұны — 1 152, қант-құмшекер — 228, меланж — 264, тұз — 17, су — 72, ашытқы — 36, сары май — 132, сүт— 240 қажет болады.

***Әсемдеу үшін қамыр, г:*** жоғары сортты бидай ұны — 250, жұмыртқа (ақуыздар) — 125. **Шығыс** — 2 000 г.

Қамырды ашыту тәсілімен дайындайды. Ашытқыны $^{2}/_{3}$ сүт нормасымен араластыра отырып, сумен қояды. Дайын қамырды дөңгелек етіп домалатады және тігісі бар жерін төмен қаратады, оны көтерілу үшін 15-20 минутқа қойып қояды. Әшекейлеу үшін қамырды дайындайды — сүзгіден өткізілген ұнды жұмыртқаның ағын қосып, ақырын жүріспен езетін машинада араластырады. Сосын қамырдан түрлі пішіндерді, яғни жартылай фабрикаттарды өндіреді (бұрымша, аққулар, гүлдер, жапырақ және т.б.) және жасалынатын каравайдың үстіңгі қабатын әшекейлейді. Оны 180-200 °С температурада пісіреді. Салқындатылғаннан кейін каравайды тәтті шырынмен майлайды.

***Нұсқа*** 4. «Мерекелік» қалаш.

***г рецепі, г, «Мерекелік» қалаш ұннан пісірілетін қиын өнімін дайындау үшін*** май мен сүтке иленген қамыр — 2 170, майлауға арналған

меланж — 20, цукаттар (кептірілген жемістер) — 100, түрлі-түсті нонпарель — 15, беттерін майлау үшін өсімдік майы — 5 қажет. Шығыс — 2 000 г.

***Қамыр үшін, г:*** жоғары сортты бидай ұны — 1 000, ашытқы — 60, сүт 600, сары май — 200, қант-құмшекер — 180, жұмыртқаның сарыуызы — 120, ванилин — 10.

Қамырды әзірлеуде ашытқыны қолданбай цукатты қосу тәсілімен дайындайды. Цукаттарды араластыру уақытында қосады.

Дайын қамырды қалыптап дөңгелек тәрізді етіп жасайды және екі бөлікке бөледі. Әр бөліктен екі үлкен ұзынша қамыр еспесін жасайды және оларды бір-бірімен өреді.

Сосын өрілген қамыр еспесінің соңын қамырдан қосады да, қалаш түрінде қалыптайды.

Дайын дайындаманы араластырып қалыпқа салады және үстіңгі бетін меланжбен майлайды.

Қалашты 180-200°С тепмературада 30-40 минут ұстайды.

Дайын қалаш нанын салқындатады, сосын оның бетін қантты шырынмен майлап, түрлі-түсті нонпарельмен әшекейлейді.

***Нұсқа*** 5. «Пасхальды» кулич.

***г рецепі, «Пасхальды» кулич ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындау үшін мыналар қажет:*** қамыр үшін ұн — 500, жұмыртқа — 120, құрғақ ашытқы — 10, сүт — 80, су — 60, қант — 100, тұз — 10, арақ — 10, цукаттарды бұқтыру үшін коньяк — 10, бір апельсиннің ұсақталған үгіндісі, жүзім — 80, сары май — 100, өсімдік майы — 30.

Глазурь үшін, г: қант ұлпасы — 200, бір апельсиннің шырыны, су — 50.

Себу үшін, г: түсті нонпарель — 10. Шығыс — 2 дана. 550 г.

Қамырды ашыту әдісімен дайындайды. Бірінші араластыру кезінде алдын ала жуылған, коньякта бұқтырылған (коньякты жандырады) және кептірілген жүзім, апельсин үгіндісін және цукаттар қосады. Дайын қамырды дайындалған қалыпқа орналастырады және ашытқыны көтерілу үшін жылы жерге қойып, сосын дайын болғанынша пісіреді және салқындатады.

Глазур үшін қант ұлпасын сумен апельсин шырынымен араластырады.

Сосын ағаш қасықпен араластыра отырып, аздап қыздырып біртекті консистенция болғанша ұстайды.

Салқындатылғаннан кейін куличтің үстіңгі жағын глазурлап, түсті нонпарельмен безендіреді.

2. Практикалық тапсырманың нәтижесін ұсыну.

3. Студенттің жетістік күнделігін толтыру (1-қосымшаны қараңыз)

## Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Студенттер тобына тәжірибелік сабақ жүргізу кезінде оларды бес адамнан тұратын кіші топтарға бөледі, олардың әрқайсысы өз тапсырма нұсқаларын орындайды.

Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді және мерекелік нандарды пісіру кезінде мынадай бір түсінік бар: ***«көпіру», «күйіп кету»*** және ***«шығыс»,*** бұлар пайыздық мағынада айтылады.

***Көпіру*** — бұл массаларының әртүрлілігіне қатысты өнімдерді пісіруге дейін және пісіруден кейін көпіруді формула бойынша анықтайды

Пісіргенге дейінгі өнім массасы – пісірілгеннен кейінгі өнім массасы ^^
пісіргенге дейінгі өнім массасы

Мысалы 1. Массасын жоғалтуын (кг) және көпіру **%** анықтау, қамыр массасынан 5 дана пісіру кезінде 1 кг масса каравай жоғалтады.

Ш е ш і м і . 5 дана каравайға 5,8 кг май мен сүтке иленген ашыған қамыр шығындалады. Пісірілген каравайдың массасы — 5 кг. Сәйкесінше 0,8 кг массасын жоғалтады.

Көпіруді формула бойынша анықтайды

$$\text{Көпіру} = \frac{5,8 - 5}{5,8} 100 = 14\%$$

***Күйіп кету*** — бұл пісірілген өнімнің массаның әртүрлі қатынасы және оны ашытқан кезде алынатын ұнның %-дық массасы. Күйіп кету формула бойынша анықталады.

Пісірілген қамырдың массасы – Қамыр үшін алынған масса (8)
Ұнның массасы

Мысал 2. 5 дана каравайды дайындау кезінде 1 кг масса бойынша күйіп кетудің қандай болатындығын есептеу.

Ш е ш і м . 5 дана каравай үшін 4 кг ұн шығындалады, пісірілген 5 дана каравайдың массасы — 5 кг , күйіп кетуді формула бойынша анықтайды

$$\text{Күйіп кету} = \frac{5 - 4}{4} 100 = 25\ \%$$

***Шығыс*** — бұл массаларының әртүрлілігіне қатысты өнімдерді пісіруге дейін және пісіруден кейін өз массасын жоғалту. Шығысты формула бойынша анықтайды

$$\frac{\text{Масса өнімі пісірілгенге дейін массадан жоғалту - пісірген кезде}}{\text{Пісіргенге дейін өнім массасы}} 100. \qquad (9)$$

Мысал 3 (1-мысалды қар.). 5 дана 1 кг каравай массасы бойынша пісіру кезінде шығынын есептеу. Өнімнің пісірілгенге дейінгі массасы — 5,8 кг. Пісірілген каравайдың массасы — 5 кг. Пісіру кезінде массадан жоғалтуы — 0,8 кг.

Ш е ш і м і : Шығысын формула бойынша анықтайды

$$\text{Шығыс} = \frac{58 - 0{,}8}{5{,}8} 100 = 86\ \%$$

Өзіндік тексеру: Көпіру (14%) + Шығыс (86%) = 100%.

Мысал 4. «Қолтырауын» пішінді пирогын дайындау кезінде көпруін, күйіп кетуін және шығысын есептеу, егер ***г, рецепі*** белгілі болса***:*** май мен сүтке иленген ашыған қамыр — 1 000, беттерін майлау үшін май — 5, майлау үшін меланж — 20. ***Ішіне салынатыны, г:*** жас қырыққабат — 1 000, басты жуа — 400, туралған ет — 500, тұз — 2, қара бұрыш ұнтағы — 1. **Шығыс** 1 дана. — 1 800.

***Ашытылған қамыр, г:*** ұн — 480, сүт (су) — 192, қант-құмшекер — 96, тұз — 5, сығымдалған ашытқы — 12, меланж (жұмыртқа) — 96, сары май (маргарин) — 144. Шығыс қамыр — 1 000 г.

***Дайындалу технологиясы.*** Май мен сүтке иленген ашытылған қамыр. Дайындалған қамырды дөңгелек формада қалыптап жабады және көтерілуі үшін жылы орынға қояды. Ішіне салу үшін жеке жеке қырыққабатты, жуаны және туралған етті дайындайды. Дәміне қарай тұздап бұрыштайды. Сосын барлық ингредиенттерді араластырып, салқындатады. Дайын қамырдан қолтырауын түріндегі дайындаманы қалыптайды (№4 зертханалық жұмыста дайындаманы қалыптау ұсынылған) және оны ішіне салынатын қимамен толтырады. Алдын ала қыздырылған пеште 200 °С дейін температурада дайын болғанынша пісіреді. Дайын болуға 10 минут қалғанда меланжбен майлайды. Пирогты 10-15 минут үстінен оралған орамалмен салқындатады. Пирогты салқын немесе ыстық күйінде береді.

Ш е ш і м . Рецептураға байланысты өнім массасын пісірілгенше есептейді, өнім массасы пісірілгеннен кейін және пісіру кезінде массасын жоғалтады:

Өнімнің пісірілгенге дейінгі массасы = Ұн (480) + Қант-құмшекер (96 г) + Сары май (144 г) + Меланж (96 г) + Майлау үшін меланж (20 г) + Сүт (192 г) + Тұз (5 г) + Сығымдалған ашытқы (12 г) + ішіне салынатыны (900 г) = 1 945 г.

Өнімнің массасы пісірілгеннен кейін өнімнің шығыс массасына тең, яғни 1 800 г.

Пісіру кезінде өнімнің массасын жоғалтуы = Пісірлгенге дейінгі өнім массасы — пісірілгеннен кейінгі өнім массасы = 1 945 - 1 800 = 145 г.

«Қолтырауын» пішінді пирогын дайындау кезінде көпсуін, күйіп кетуін және шығысын есептеу үшін (7) және (9) формулаларды қолданады.

Көпсуді формула бойынша есептейді (7):

Көпсуді = 1 945 - 1 800/1 945 • 100 = 7,4 % (дөңгелектегеннен кейін тұтас санға дейін — 7 %).

Күйіп кетуді формула бойынша есептейді (8):

Күйіп кету = 1 800 - 480/480 • 100 = 275 %.

Шығысты формула бойынша есептейді (9):

Шығыс = 1 945 - 145/1 945 • 100 = 92,5 % (дөңгелектегеннен кейін тұтас санға дейін — 93 %).

Өзіндік тексеру: көпсу (7 %) + Шығыс (93%) = 100%.

## №12 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

## Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындау үшін шикізат ведомостарын және технологиялық тізбегін жасау (№ 4 және 5 зетрханалық жұмыстарын орындау үшін]

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру:*** «Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды жүргізу және ұйымдастыру» саласында:

- май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді және мерекелік нандарды дайындау үшін шикізат ведомостарын және технологиялық тізбегін жасау іскерлігін бекіту және көрсету.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз)

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Сіздер қандай кулинарлық азық-түлік тағамдарын өңдеудің тәсілдерін білесіздер?
2. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді және мерекелік нандарды дайындау кезінде қандай температуралық режимі сақталады?
3. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарымен өнімдерін дайындау үшін технологиялық тізбегі болып саналады?
4. Технологиялық тізбекке не кіреді?
5. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындау үшін технологиялық тізбек қандай кезектілікпен жасалынады?

## Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультмедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; Ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері өнеркәсібі бойынша технологиялық нормативтер жинағы. Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецептілер жинағы. — М.: Экономика, 1986; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. ***Нұсқа 1. Тапсырма*** 1. №4 зертханалық жұмысқа шикізат ведомосын жасау (18-қосымша) «Ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындау» келесі өнімдер үшін: «Қолтырауын» пішінді пирогы (шығыс — 1 800 г), «Лапти» ірімшік салынған наны (шығыс — 10 дана. 150 г), жүзім және жаңғақпен жабылған пирог (шығыс — 2 000 г). «Ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауда көпсу, күйіп кетуді есептеу, № 11 тәжірибелік сабақта келтірілген аталған өнімдерді дайындау рецепі және технологиясы.

***Тапсырма*** 2. Ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындаудың технологиялық тізбегін жасау, 1-тапсырмада аталғандар.

2. ***Нұсқа 2. Тапсырма*** 3. № 5 зертханалық жұмысқа (18-қосымша) үлгі бойынша шикізат ведомосын жасау «Мерекелік нанды дайындау» үшін келесі өнімдерді дайындау: «Үйлену тойы» каравайы (шығыс — 2 000 г), «Мерекелік» шілтерленген қалаш (шығыс — 1 000 г), «Пасхальды» кулич (шығыс — 2 дана. 550 г). Аталған өнімдерді дайындау рецепі және технологиясы №11 тәжірибелік сабақта көрсетілген.

***Тапсырма*** 4. 3-тапсырмада аталған, мерекелік нандарды дайындау технологиялық тізбегін жасау.

3. Практикалық тапсырманың нәтижесін ұсыну.

4. Студенттердің жетістік күнделігін толтыру (1-қосымша).

## Тапсырмаларды орындау үшін әдістемелік нұсқаулар

Май мен сүтке иленетін ұннан пісірілетін өнімдерді және мерекелік нандарды дайындау технологиясының тізбегі қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны үшін рецептуралар жинағы негізінде жасалады.

Технологиялық тізбекті әзірлеудің негізгі мақсаты барлық технологиялар процесінде өнімдерді дайындау технологиясын сақтау болып саналады.

Технологиялық тізбекке мыналар келтіріледі:

- өнімді дайындау үшін қажетті шикізат тізімі;
- өнімдерді дайындаудың технологиялық операциясы (жартылай фабрикаттарды механикалық өңдеуден шикізатты жылумен өңдегенге дейін);
- барлық параметрлердің технологиялық процесінде өнімдерді дайындау кезінде (температуралық режим, өңдеу уақыты, қалыптаудың ерекшелігі және өнімді әшекейлеу және т.б.);
- дайын өнімнің жіберілуі және берілуі.

23 және 24-қосымшаларында келтірілген өнімдерге технологиялық тізбектің үлгілері жасалған.

Шикізат ведомосы 18-қосымшада келтірілген. Шикізат ведомосын жасау №8 тәжірибелік сабақта қарастырылған (19-қосымша).

# № 13 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

## Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандардың техника-технологиялық картасын әзірлеу (№ 4 және 5 зертханалық жұмысты орындаудан кейін)

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру:*** «май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды жүргізу және ұйымдастыру» саласында:

- май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді және мерекелік нандар үшін техника-технологиялық картасын әзірлеу бойынша іскерлігін қалыптастыру;

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз)

### ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Техника-технологиялық карталарды әзірлеу қандай нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі?
2. «Қиын рецептура» түсінігіне нелер кіреді?
3. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындаудың технологиялық фазасы неден тұрады?
4. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдердің және мерекелік нандардың тағамдық құндылығын есептеу қандай қағида бойынша жүргізіледі?

### Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Компьютер, мультимедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; МЕМСТ 32691—2014 «Қоғамдық тамақтандыру қызметі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынына фирмалық және жаңа тағамдарды әзірлеу тәртібі»; Ұннан жасалатын және бөлке өнімдерін өндіру бойынша технологиялық нормативтердің жинағы. Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецептуралары

жинағы. — М.: Экономика, 1986; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

## ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

1. ***Нұсқа*** 1. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдер үшін техника-технологиялық картаны әзірлеу:

- «Қолтырауын» пішінді пирогы (шығыс — 1 800 г);
- «Лапти» ірімшік салынған наны (шығыс — 10 дана. 150 г);
- жүзім және жаңғақ себілген пирог (шығыс — 2 000 г). Аталған өнімдердің рецептуралары №11 тәжірибелік сабақта келтірілген өнімдерге рецептураларды өңдеу актілері — №4 зертханалық жұмысты орындау нәтижесі бойынша.

2. ***Нұсқа*** 2. Мына келесі өнімдер үшін техника-технологиялық картаны әзірлеу:

- «Үйлену тойы» каравайы (шығыс — 2 000 г);
- «Мерекелік» шілтерлі қалаш (шығыс — 1 000 г);
- «Пасхальды» кулич (шығыс — 2 дана. 550 г).

Аталған өнімдердің рецептуралары №11 тәжірибелік сабақта келтірілген өнімге рецептуралар өңдеу акты — № 5 зертханалық жұмысты орындау нәтижесі бойынша.

3. практикалық сабақтың нәтижесін ұсыну.
4. Студенттің жетістіктері күнделігін толтыру (1-қосымша).

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Тәжірибелік сабақты жүргізу кезінде студенттерді үш адамнан тұратын кіші топтарға бөледі.

Техника-технологиялық картаны әзірлеу тәртібі МЕМСТ 32691—2014 «Қоғамдық тамақтандыру қызметі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынына фирмалық және жаңа тағамдарды әзірлеу тәртібі».

Техника-технологиялық карта фирмалық және жаңа тағамдардың технологиясы және өңдеу рецепі актілерінен алынған деректер негізінде әзірленеді, 4 және 5 зертханалық жұмыстарды орындау нәтижесі бойынша жасалады. Техника-технологиялық карта бойынша әдістемелік нұсқаулар №9 тәжірибелік сабақта қарастырылған.

Техникалық және технологиялық карталарды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар №9 практикалық сессияда ұсынылған.

## № 14 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

### Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер рецептураларына бір фазалы және көпфазалы есеп

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «Ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» саласында:

- ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер рецептураларын есептеу бойынша студенттердің іскерлігін қалыптастыру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз)

### ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Қандай рецептура бір фазалы деп аталады?
2. Бір фазалы рецептурамен дайындалған кондитерлік өнімдерге мысал келтіріңдер.
3. Қандай рецептура көпфазалы деп аталады?
4. Көп фазалы рецептуралар бойынша дайындалған қиын кондитерлік өнімдерді мысалға келтіріңдер.
5. Бір фазалы және көпфазалы рецептураларға қандай ережелер бойынша есеп жүргізіледі?

### Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультмедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; МЕМСТ 32691—2014 «Қоғамдық тамақтандыру қызметі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынына фирмалық және жаңа тағамдарды әзірлеу тәртібі»; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецептуралары жинағы. Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ. — М. :

1999; Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецептураларының жинағы. — М.: Экономика, 1986; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. 10 кг тортты дайындауға батыру үшін 0,8 кг шырын керектігі және 1,3 кг майлы жаңғақ кремі қажет екені белгілі. Аталған жартылай фабрикаттарға шикізат шығындаудың есебін жүргізу.
2. Рецептуралар есептеу үшін кестені толтыру (25-қосымша).
3. Практикалық тапсырма нәтижесін ұсыну.
4. Студенттің жетістіктері күнделігін толтыру (1-қосымша).

## Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

***Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер*** — бұл кондитерлік өнім, оның құрамында пісірілген жартылай фабрикат бар, ұнның және қанттың негізінде ұннан пісірілетін жартылай фабрикатта 25%-дан аз емес, қиын рецептура бойынша дайындалған (көпфазалы) және қиын әшекейлеуі бар пісірілген өнім.

Ұннан жасалынатын қиын кондитерлік өнімдерге прәндік өнімдері (кәдесыйлар, прәндіктен жасалған үйлер және т.б.), ұсақ даналы кондитерлік өнімдер (тәтті нандар, печеньелер, вафельді трубалар, кішкентай рулеттер және кекстер және т.б.) және мерекелік торттар жатады.

Рецептуралар. Рецептуралар ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер дайындау технологиясының қажетті өнімнің түрін алу үшін сапалық және дәмдік қасиеттерімен шикізат қатынасын дұрыс орнату – тағайындау негізгі құрама бөлігі болып саналады.

Рецептуралар шикізаттың нормативті шығынын белгілейді, өнімнің әрбір түрін дайындауға және өзіндік құнын есепке салғанда және өнімнің бағасын анықтағанда негізгі құжат болып табылады.

Өнімді дайындаудың технологиялық процесіне байланысты рецептуралар қарапайым және күрделі болуы мүмкін.

***Қарапайым рецептуралар*** өнімді дайындаудың бір немесе екі фазасынан тұрады; ***қарапайым*** өнімдерге печенье, прәндіктер, вафлилер және т.б. жатады.

Технологиялық үрдістің технологиялық фазалары рецептураларды есептеу үшін қабылданатын фазалармен сәйкес келмеуі керек. Рецептураларды есептеу үшін тек өнеркәсіптегі фазалары шикізат құрамына өзгерту жүргізеді. Мысалы печеньені өндіру кезінде технологиялық процестің бірнеше фазалары бар: шикізатты дайындау, қамырды илеу, қамыр дайындамасын қалыптау және печеньені пісіру, алайда онымен бірге шикізат немесе дайын жартылай фабрикаттар (мысалы ішіне салынатындар) қосылмайды, сол себепті мұндай рецептура бір фазалы болып саналады.

Қарапайым глазурленген шала қайнатылған прәндікті өндіру кезінде өндірістің негізгі фазасынан басқа глазурленген прәндік шырыны үшін әшекейлеу жартылай фабрикатын дайындау да бар.

Бұл жағдайда негізгі шикізатқа қамырды илеуге кететін шикізат шырын дайындау үшін тағы қосылады — осындай рецептура екіфазалы деп саналады.

***Қиын рецептуралар*** – екі немесе одан көп фазаларды дайындау өнімдері және мұндай өнімдер ***қиын*** рецептуралар деп аталады (мысалы торттар және тәтті нандар, прәндік құрылымы және т.б.).

Қиын өнімдер екі және одан көп алдын ала дайындалған жартылай фабрикаттардан, үстіңгі қабатын қиын әшекейлеуден тұрады.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін рецептуралар есебі 10 кг дайын өнімге, ал тәтті нандарды өңдеу кезінде — 100 данаға жүргізеді.

Шикізаттар шығынын есептеу кезінде сандарды екінші белгіге дейін дөңгелектейді. Рецептураларды есептеу үшін келесі шығыс деректерінің болуы қажет:

- ***шикізат және жартылай фабрикаттар шығыны, кг, өндірістің фазасы бойынша жүктемеге*** — бұл деректерді зертханаларда келесі тексеріспен, тәжірибелік жолмен жаңа өнімдердің технологияларын әзірлеу кезінде шикізат және жартылай фабрикаттардың дұрыс қатынасын орнатады, дәмдік сапасы өнімнің осы түріне сәйкес келеді және т.б.;
- ***шикізаттағы құрғақ заттар құрылымы немесе әрбір шикізат түрінде ылғалдылық пайыздық құрылымы*** — бұл деректер жоғары ұйыммен бекітіледі;
- ***жартылай фабрикаттарда және дайын өнімдерде құрғақ заттар мазмұны***— бұл деректерді нақты өнімнің түрін әзірлеу технологиясын әзірлеу кезінде тәжірибе жасау арқылы алады;
- ***шикізатты жоғалту нормасы*** (құрғақ заттарды қайта есептеу) ***10 кг жартылай фабрикаттарды және дайын өнімдерді дайындау кезінде*** — жоғалту нормалары тәжірибелік жолмен белгілейді.

Рецептураларын есептеу рецептуралар кестесін толтыру жолымен жүргізіледі (25-қосымша).

Бір фазалы рецптураларды есептеу. Мысалы «Сластена» бір фазалы печеньесі рецептураларын есептеу.

Келесі деректер белгілі: шикізат тізімі, шикізаттағы құрғақ заттардың пайыздық құрылымы, шикізат шығыны жүктелуі, құрғақ заттарды жоғалту нормалары (1,5%) және өнімнің ылғалдылығы (5%) (кесте. 1.21).

Кесте 1.21. «Сластена» печеньесі (бірфазалы) рецепі

| Шикізат және жартылай фабрикаттар | Құрғақ заттар үлесінің массасы, % | Шикізат шығыны, кг | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жүктелімге | | 10 кг дайын өнімге | |
| | | Шын мәнінде | Құрғақ заттарда | Шын мәнінде | Құрғақ заттарда |
| Бидай ұны ж/с | 85,5 | 4,05 | 3,46 | 6,48 | 5,54 |
| Жүгері крахмалы | 87,0 | 0,30 | 0,26 | 0,48 | 0,42 |
| Қант ұлпасы | 99,85 | 1,37 | 1,36 | 2,2 | 2,19 |
| Инвертті шырын | 70,0 | 0,27 | 0,19 | 0,43 | 0,30 |
| Маргарин | 84,0 | 0,62 | 0,52 | 0,99 | 0,83 |
| Қоюландырылған сүт | 74,0 | 0,1 | 0,07 | 0,16 | 0,12 |
| Меланж | 27,0 | 0,15 | 0,04 | 0,24 | 0,06 |
| Тұз | 96,5 | 0,03 | 0,03 | 0,05 | 0,04 |
| Сода | 50,0 | 0,03 | 0,01 | 0,05 | 0,02 |
| Амоний | — | 0,001 | — | 0,002 | — |
| Эссенция | — | 0,01 | — | 0,02 | — |
| Барлығы | – | 7,00 | 5,94 | 11,10 | 9,52 |
| **Шығыс** | **95,0** | **6,16** | **5,85** | **10,00** | **9,38** |

«Қоғамдық тамақтандыру қызметі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында фирмалық және жаңа тағамдарды және өнімдерді әзірлеу тәртібі» МЕМСТ 32691—2014 сәйкес құрғақ заттарда жүктемеге шикізат шығынын әрбір шикізат түрі үшін формула бойынша алады

$$\frac{M_C \text{ КЗ}}{100} \qquad (10)$$

$C_i$ — құрғақ заттардағы әрбір құрамдас бөлігінің шығыны (ингредиенттің), г; $i$ — құрауыштың (ингредиенттің) реттік саны; $M_C$ — әрбір құрауыштың нетто массасындағы шығыны, г; ҚЗ — әрбір құрауыштағы (массалық үлесі) құрғақ заттардың құрылымы (ингредиентте).

***Ескертпе.*** Құрғақ зат әрбір құрауышта (ингредиентте), рецептураға қосылған, 100 г өнімдегі құрғақ заттың массалық үлесі есебімен анықтайды.

Мысалы, «Сластена» печеньесіне жүктелімге рецептурада ұнның құрғақ заттары:

$$C_1 = 4{,}05 \cdot 85{,}5 / 100 = 3{,}46 \text{ кг},$$

$C_1$ — құрғақ заттарда ұнның шығыны, г; $M_C$ = 4,05 — нетто массасы ұнның шығыны (шын мәнінде), г; ҚЗ = 85,5 — құрылымы (массалық үлесі) ұндағы құрғақ заттар, %; 1 — құрауыштың (ұнның) реттік саны.

Осыған ұқсас басқа да құрғақ заттар шикізат шығындарын жүктеуге, содан соң шын мәніндегі жүктелімге және құрғақ заттар жалпы шикізат шығынын есептейді (барлығы — 5,94).

Өнімнің шығысын жүктелімге келесі түрде анықтайды: құрғақ заттардың жалпы құрылымынан құрғақ заттардағы шикізатты есептеп алады. «Сластена» печеньесі үшін құрғақ заттардағы шығыны 1,5%-ды құрайтындығы белгілі. Сәйкесінше, 100 кг құрғақ заттар шикізатын жоғалтуы 1,5 кг және осы шикізаттың санынан өнімнің шығысы 100 - 1,5 = 98,5 кг. Осы мысалда шикізаттың құрғақ заттардағы жалпы саны 5,94 кг және құрғақ заттардағы осы шикізат өнімінің шығысы 5,94 • 98,5 /100 = 5,85 кг-ны құрайды.

Шын мәніндегі жүктелімге шығысын анықтау үшін құрғақ заттардағы өнімнің шығысын ұлғайтады, жүктелімді өнімде қарастырылған ылғалдылықтың санына көбейтеді. «Сластена» печеньесінің рецепінде қарастырылған ылғалдылық 5 % екені белгілі, осыған сәйкес кг құрғақ заттар өнімі шын мәніндегі өнім шығысы 95 % массасын құрайды
5.85 • 100 / 95 = 6,16 кг.

Сосын 10 кг дайын өнімнің шикізат шығынын есептейді. Ол үшін қайта есептеу коэффицентін табады (10/6,16 = 1,6), әрбір шын мәніндегі жүктелімде алынған коэффициентке көбейтеді және шикізаттың әрбір түрінің санын алады, дайын 10 кг өнімді дайындау үшін қажетті тағамдар, мысалы 10 кг печеньені алу үшін 1,6 • 4,05 = 6,48 кг қажет етіледі.

Осыған ұқсастырып қалған шикізаттарды есептеуді жүргізеді. Содан кейін 10 кг өнімге формула бойынша құрғақ заттардың шикізат шығынын анықтайды (10). Құрғақ заттардағы ұнның саны, 10 кг өнімді алу үшін қажет, 6,48 • 85,5 / 100 = 5,54 кг құрау керек.

10 кг өнімді дайындау үшін шикізаттың қомақты санын есептеуден кейін өнімнің шығысын өнімді жүктеу шығысы сияқты анықтайды.

Көп фазалы рецептуралар есебі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді әзірлеу кезінде алдымен тәжірибелік жолмен жартылай фабрикаттарға 10 кг өнімнің шын мәніндегі сандық қатынасын белгілейді (нетто массасы бойынша). Егер торттарды дайындау үшін пісірілген жартылай фабрикаттар шығындалады (қабатты, қантты, бисквитті және т.б.) және жартылай фабрикаттарды әшекейлеу керек (кремдер, батыру үшін шырындар және т.б.), онда әрбір жартылай фабрикаттардың санын 10 кг дайын өнімді алу үшін анықтайды. Шикізаттардың кейбір түрлері (жаңғақтар, цукаттар, жемістер, қант ұлпасы және т.б.) өнімді әшекейлеу үшін қолданылады, сонымен қатар өнімді әшекейлеуге жартылай фабрикаттардың сандық қатынасын қосады.

Сосын әрбір жартылай фабрикат 10 кг шикізат шығынын бір фазалы рецептура үшін келтірілген әдіс бойынша жоғалту және ылғалдылығы есебімен есептейді.

Кәдімгі жағдайда қолдану кезінде жартылай фабрикаттардың рецептураларын 10 кг жартылай фабрикатқа жүргізбейді, ал оларға бұрын бекітілген рецептураларды қолданады.

Сосын әрбір дайындалған жартылай фабрикатты әзірлеу үшін шикізат шығынын, 10 кг дайын өнімді алу үшін белгіленген шығынды анықтайды.

***Мысал.*** 10 кг тортты дайындау үшін 4 кг бисквиттік жартылай фабрикатты шығындау қажет екені белгілі (бисквит негізі). 4 кг бисквитті жартылай фабрикатты дайындау үшін шикізат шығынын есептеп жүргізу керек.

Осындай көлемдегі жартылай фабрикатты дайындауға шикізат шығынын есептеу үшін алдын ала қайта есептеу коэффициентін анықтайды 10 кг-ден 4 кг-нің неше есе аз екендігін көрсетеді, яғни 10/4 =

| Кесте 1.22. Бисквитті жартылай фабрикатты дайындау үшін шикізат шығынын есептеу | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Шикізат және жартылай фабрикаттар | Құрғақ заттардың массалық үлесі, % | Шикізат шығыны, кг | | | |
| | | Жүктелімге | | 10 кг дайын өнім | |
| | | Шын мәнінде | құрғақ заттарда | шын мәнінде | құрғақ заттарда |
| Қара бидай ж/с | 85,50 | 1,12 | 0,96 | 2,81 | 2,40 |
| Картоп крахмалы | 80,00 | 0,28 | 0,22 | 0,69 | 0,55 |
| Қант-құмшекер | 99,85 | 1,39 | 1,38 | 3,47 | 3,46 |
| Меланж | 27,00 | 2,30 | 0,62 | 5,78 | 1,56 |
| Эссенция | — | 0,01 | — | 0,03 | — |
| **Барлығы** | **—** | **5,12** | **3,19** | **12,79** | **7,98** |
| **Шығыс** | **75,00** | **4,00** | **3,00** | **10,00** | **7,50** |
| Ылғалдылық (25,00 ± 3,00)% | | | | | |

2,5. Осы саннан кейін әрбір шикізаттың саны 10 кг бисквитті жартылай фабрикаттың рецепінде қарастырылғанды 2,5-ке бөледі. Шикізаттың шығынын есептеу 1.22-кестеде қарастырылған.

Осылайша жартылай фабрикаттарды дайындау үшін шикізат санын есептейді және форма бойынша өнім рецепі жинақ кестесін жасайды (26-қосымша).

Өнімді алу үшін өнімді әшекейлеу бойынша аяқталатын операцияны жүргізу қажет. Бұл операция 10 кг өнім шикізатының жалпы шығындалуын анықтау кезінде есепке алынуы керек, сонымен қатар қосымша жоғалтуларды да қарастыру шарт. Осы мақсаттағы әрбір шикізаттың түрі фазаның анықталған сомасы бойынша шикізаттың жоғары жоғалту қаупі әшекейлеу сатысында ұлғайады. Ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді әшекейлеу кезінде шикізатты жоғалтуды тәжірибелік жолмен белгілейді.

# № 15 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

## Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындау үшін шикізат ведомостарын жасау (№ 6, 7, 8, 9 және 10 зертханалық жұмыстарды орындау үшін)

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың түрі:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру:*** «Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және дайындауды жүргізу» салсында:

- ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер және мерекелік торттарды дайындау үшін шикізат ведомосын жасау бойынша іскерлігін қалыптастыру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз).

### ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындау үшін шикізат ведомостарын қандай қағида бойынша жасайды?
2. Ұннан жасалатын қандай қиын кондитерлік өнімдер ұсақ қиын өнімдер деп аталады?
3. Сіз қандай ұсақ ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді білесіз?
4. Мерекелік торттар қандай топтарға бөлінеді?
5. Сіз қандай мерекелік торттарды білесіз?

### Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультмедиялық проектор, экран; практикалық сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; Ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері технологиялық нормативтер жинағы. Рецептуралар жинағы/ Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецептуралары жинағы. — М.: Экономика, 1986; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

***Нұсқа 1.*** №6 «Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау» зертханалық жұмысына келесі өнімдер үшін шикізат ведомосын жасау .

***«Жаңа жыл» прәндігінің үйшік тәріздес рецепі, г:*** прәндік қамыры — 1 900, ақ шоколад — 600, ашы шоколад — 30, қантты мастика — 110, қант ұлпасы — 250, мармелад (сары) — 100, тағамдық боғыштар. **Шығыс** — 2 800 г.

***«Сани Аяз Ата» кәдесый прәндігі рецепі, г:*** прәндік қамыры — 400, күріштік масса (айсинг) — 200, кәмпиттер — 150. **Шығыс** — 700 г.

***Нұсқа*** 2. №7 «Қиын ассортименттегі мерекелік балалар торттарын дайындау» зертханалық жұмысына торттар жасау үшін шикізат ведомосын жасау.

***«Барби қуыршағы» торты рецепі, г:*** балды жартылай фабрикат — 500, сары май кремі (негізі) — 430, кептірілген жемістер (қара өрік, кептірілген өрік) — 120, мастика — 450, тағамдық боғыштар.

***Бал қамыры, г*** (шығыс — 500 г): жоғары сортты ұн — 270, бал — 100, қант-құмшекер — 50, сары май — 90, ас содасы — 12, лимон қышқылы — 2, жұмыртқа— 100, ванильді қант — 2. **Шығыс** — 1 500 г.

***«Машина» торты рецепі, г:*** бисквит (негізі) — 500, крем «Шарлотта» кремі (негізі — 280, тортты батыруға арналған шырын — 150, жаңғақтар (цукаттар) — 120, қантты мастика — 950, тағамдық боғыш (көк, қара, сары). Шығыс — 2 000 г.

***Нұсқа*** 3. №8 «Қиын ассортименттегі мерейтойлар мерекелік торттарын дайындау» зертханалық жұмысына ***«Мерейтой» «18» және «50» сандары түріндегі торты үшін*** шикізат ведомосын жасау.

***г, рецепі:*** бисквит (негізі) — 900, сары май қаймағы негізіндегі крем — 800, тортты батыруға арналған шырын — 390, жемістен ішіне салынатындар — 660, желе — 330, жас жемістер және жидектер — 420. **Шығыс** — 3 500 г.

***Нұсқа*** 4. №9 «Қиын ассортименттегі корпоративтік мерекелік торттарды дайындау», төмендегі торттар үшін шикізат ведомосын жасау:

***«Шампанскийдің шөлмегі» тортының рецепі, г:*** бисквит (негізі) — 740, қантты жартылай фабрикат — 150, ауа жартылай фабрикаты — 50, тортты батыруға арналған шырын — 335, «Шарлотт» кремі (негізі) — 800, желе — 150, жемістер (цукаттар) — 45, шоколад — 650, «Дачный» жартылай фабрикат қиқымы — 20, коньяк — 60. **Шығыс** — 3 000 г.

***«Дачный» жартылай фабрикат, г:*** ұн — 110, сары май — 46, меланж — 64, қант-құмшекер — 120, какао ұнтағы — 6, бисквитті қиқым — 644, жженка — 25, ванильді эссенция (ромды) — 1, ас содасы — 1, екі көмірқышқылы аммонийі — 4. **Шығыс** — 1 000 г.

***«Жаңа жылдық шырша» тортының рецепі, г:*** бисквит (негізі) —

900, торт батырылатын шырын — 380, «Шарлотт» крем (негізі) — 800, қайнатылған ақуызды крем (негізі) — 50, шоколад — 1 100, мастика — 100, карамель — 35, қант ұлпасы — 20, бисквитті қиқым — 15. Шығыс — 3 400 г.

***Нұсқа 5.*** №10 «Қиын ассортиментті үйлену тойы мерекелік торттарын дайындау» зертханалық жұмысына шикізат ведомосын жасау.

***«Үйлену тойы» тортының рецепі, г:*** бисквит (негізі) — 1 360, тортты батыратын шырын (күшейтілген) — 840, сары май кремі — 1 280, тосап — 300, әуе жартылай фабрикаты— 220. Шығыс — 3 900 г.

2. Практикалық тапсырмалар нәтижесін ұсыну.
3. Жетістіктер күнделігін толтыру (1-қосымша).

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Тәжірибелік сабақтарды жүргізу кезінде студенттерді бес кіші топқа бөледі, олардың әрқайсысы өз нұсқаларындағы тапсырманы орындайды.

Шикізат ведомосы формасы 18-қосымшада көрсетілген. Шикізаттың ведомосын жасау №8 тәжірибелік сабақта қарастырылған (19-қосымша).

## № 16 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

## Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің және мерекелік торттардың техника-технологиялық картасын әзірлеу (№ 6, 7, 8, 9 және 10 зертханалық жұмыстарды орындағаннан кейін)

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру***: «ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындау және ұйымдастыру» аумағында:

- ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттардың техника-технологиялық картасын әзірлеудегі іскерлігін қалыптастыру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз)

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

№ 9 практикалық жұмыста сұрақтар берілген.

### Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультмедиялық проектор, экран; практикалық сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; МЕМСТ 32691—2014 «Қоғамдық тамақтандыру қызметі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынына фирмалық тамақтандыру қызметі. МЕМСТ 31987 — 2012 «Қоғамдық тамақтандыру өнімдеріне технологиялық құжаттар. Безендіруге, құрылымына, мазмұнына қойылатын талаптар»; Ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдерін өндіру бойынша технологиялық нормативтік жинақ. Рецептура жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецепі жинағы. — М.: Экономика, 1986.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. 1.23-кестеде ұсынылған ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер және мерекелік торттарға техника-технологиялық карта әзірлеу

Кесте 1.23.Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдер және мерекелік торттардың тізімі

| Торттың атауы | Шығысы, г |
|---|---|
| «Жаңа жыл» прәндік үйі | 2 800 |
| «Аяз Атаның шанасы» прәндік кәдесыйы | 700 |
| «Барби қуыршағы» торты | 1 500 |
| «Машина» торты | 2 000 |
| «Юбилейный» торты | 3 500 |
| «Шампанский шөлмегі» торты | 3 000 |
| «Жаңа жылдық шырша» торты | 3 400 |
| «Үйлену тойы» торты | 4 000 |

2. Практикалық тапсырма нәтижесін ұсыну.
3. Студенттің жетістік күнделігін толтыру (1-қосымша).

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Білім алушыларды практикалық сабақ жүргізу кезінде бірнеше кіші топтарға сегіз адамнан бөледі. Әрбір білім алушы тапсырмада көрсетілген кондитерлік өнімге техника-технологиялық карта жасайды. №6, 7, 8, 9 және 10 зертханалық жұмыстарды орындау нәтижесі бойынша рецептуралар және жаңа технологиялар, фирмалық өнімдерге өңдеу актісінің деректері негізінде техника-технологиялық карта әзірленеді. Тапсырма бойынша өнімдердің рецептуралары №15 практикалық сабақта көрсетілген.

№9 практикалық сабақта техника-технологиялық карта әзірлеу бойынша әдістемелік нұсқаулар ұсынылған. Ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер үшін техника-технологиялық карта және технологиялық карталар жасаудың үлгілері 21, 22, 27 және 28-қосымшаларда көрсетілген.

# № 17 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

## Ұсақ даналы кондитерлік өнімдер үшін шикізат ведомосын жасау (№ 11, 12, 13 және 14 практикалық жұмыстарды орындау үшін)

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.
**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» аумағында:

- ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау үшін шикізат ведомосын жасау бойынша іскерлігін қалыптастыру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз)

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

№ 15 практикалық сабақта сұрақтары берілген.

## Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультмедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және баспа түріндегі материалдар; Ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері өнеркәсібі бойынша технологиялық нормативтер жинағы. Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецепі жинағы. — М.: Экономика, 1986.

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. ***Нұсқа 1.*** № 11 «Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау» («Ганаш кремімен шоколадты капкейк», «Салынатыны сұйық шоколадты кекс», «Миндальды- апельсинді твиль»)» келесі ұсақ даналы кондитерлік өнімдер үшін зертханалық жұмысқа шикізат ведомосын жасау.

***«Ганаш кремімен шоколадты капкейк» рецепі, г:*** ұн — 215, қант — 215, сары май — 170, қаймақ — 120, жұмыртқа — 100, какао-ұнтағы — 35, эспрессо кофесі — 90, ванильді эссенция — 10, қопсытқыш — 5, сода — 5, тұз — 2, майлылығы 35% қаймақ — 270, сірне — 40, ащы шоколад — 225. Шығысы — 20 дана 70 г.

«Салынатыны сұйық шоколадты кекс» ***рецепті, г:*** қара шоколад — 200, қоңыр қант— 60, сары май — 100, жұмыртқа— 100, сарыуыз — 60, ұн— 50, тұз — 1. Шығыс — 6 дана 85 г.

***«Миндальды- апельсинді твиль» рецепі, г:*** қант — 200, глюкоза (шырын) — 70, апельсинді фреш (жас сығылған шырын) — 50, апельсин үгіндісі — 30, сары май — 100, миндаль (жапырақтары) — 80, бидай ұны — 50. Шығыс — 500 г.

***Нұсқа*** 2. №12 «Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау («Маффиналар», «Бискотти», «Марципанды банан» тәтті наны)» келесі ұсақ даналы кондитерлік өнімдер үшін зертханалық жұмысқа шикізат ведомосын жасау.

***«Маффиналар» рецепі, г:*** қант — 200, жұмыртқа — 100, сары май — 75, қаймақ — 200, сода — 5, ұн — 250, мейіз — 100, грек жаңғағы — 50, қант ұлпасы — 50. Шығыс — 12 дана 65 г.

***«Бискотти» рецепі, г:*** сары май — 50, қант — 80, ұн — 220, жүгері

ұны — 80, жұмыртқа— 50, миндаль — 50, фисташкалар — 50, бренди немесе апельсин ликері — 10, тұз — 1, ұнтақ кориандр — 5, лимон үгіндісі — 20. Шығысы — 500 г.

***«Марципанды банан» тәтті нан рецепі, г:*** қамыр үшін жұмыртқа — 1 800, қант — 1 080, тұз — 6, лимон шырыны — 6, ваниль — 6, бидай ұны — 600, крахмал — 600, миндаль жапырақтары — 300; «Гляссе» банан кремі үшін: сары май — 2 000, банан пастасы — 40, жұмыртқа — 1 400, қант — 600, ваниль — 3; әсемдеу үшін: марципанды масса — 4 000, тағамдық бояғыштар. Шығыс — 100 дана.

***Нұсқа*** 3. №13 «Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау («Қысқа-рулеттер», «Қара жидекпен шоколадты моэлье (дуэль)» тәтті наны, «Макарони шоколадты тәтті наны»)» келесі ұсақ даналы кондитерлік өнімдер үшін зертханалық жұмысқа шикізат ведомосын жасау.

***«Қысқа-рулеттер» рецепі, г:*** бисквит — 420, таңқураймен ірімшік муссы — 380, қара шоколадты глазурь — 200, ақ шоколадты глазурь — 50. Шығысы — 10 дана 100 г.

***«Қара жидекпен шоколадты моэлье (дуэль)» тәтті наны рецепі, г:*** моэлье бисквит үшін: сары май — 125, жұмыртқа — 250, қант — 150, фундук ұлпасы (миндальды немесе фисташкамен) немесе ұсақталынған фундук — 200, 35%-майлылықпен қаймақ — 125, қоңыр қант — 35, бисквитті қуырылған ұнтақ — 125, ащы шоколад 72 **%** — 200; қара жидек үшін: жидек пюресі — 500, қант — 250, глюкоза шырыны — 100, таңқурай ликері — 50, желатин — 25; әсемдеу үшін: ақ шоколад, құлпынай — 30 дана. Шығысы — 30 дана 80 г.

«***Макорони шоколадты тәтті наны» рецепі, г:*** жұмыртқа ақуызы — 110, қант — 50, қант ұлпасы — 220, миндальды ұлпа — 110, какао-ұнтағы — 25, бояғыш — 2; қабаттау үшін ганаш: сүт — 125, қаймақ — 30, шоколад — 125. Шығысы — 500 г.

***Нұсқа*** 4. № 14 «Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындау» («Грек жаңғағымен шоколадты брауни», печеньесі «Бананмен ширатылған шоколад», «Лимон және жидектермен кәрзеңке»)» келесі ұсақ даналы кондитерлік өнімдер үшін зертханалық жұмысқа шикізат ведомостын жасау.

***«Грек жаңғағымен шоколадты брауни» рецепі, г:*** қара шоколад — 145, сары май— 175, жұмыртқа — 200, қант — 175, ұн — 140, грек жаңғағы — 145. Шығыс — 16 дана.

***«Бананмен ширатылған шоколад» рецепі, г:*** қамыр үшін: ұн — 350, сары май — 200, қаймақ — 200, қопсытқыш — 5, қамыр массасы — 750; ішіне салатыны шоколадты жаңғақты крем — 500, банандар — 400. Шығысы — 1 500 г.

***«Лимон және жидектермен кәрзеңке» рецепі, г:*** құмшекерлі жартылай фабрикат үшін: сары май — 150, қант — 100, жұмыртқа — 50, ванильді қант — 5, ұн — 200, ұсақталынған қуырылған

фундук — 70; л и м о н к р е м і ү ш і н: жас сығылған лимон шырыны — 200, сахар — 200, сары май — 200, жұмыртқа — 200, ванильді қант — 10, лимон үгіндісі — 20; ә с е м д е у ү ш і н: жас жидектер мен жемістер — 200, газурлеу үшін гель — 50. Шығысы — 20 дана 75 г.

2. Практикалық тапсырмалардың нәтижесін ұсыну.
3. Студенттің жетістігі күнделігін толтыру (1-қосымша).

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Тәжірибелік жұмысты жүргізу кезінде студенттерді төрт кіші топтарға бөледі, олардың әрқайсысы өз нұсқасының тапсырмаларын орындайды.

Шикізат ведомосының формасы 18-қосымшада берілген. №8 тәжірибелік сабақта шикізат ведомосын жасау қарастырылды (19-қосымша).

## № 18 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

## Ұсақ даналы кондитерлік өнімдерге техника- технологиялық карта әзірлеу (№ 11, 12, 13 және 14 зертханалық жұмыстарын орындағаннан кейін]

**Сабақтың түрі:** практикалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» аясында:

- ұсақ даналы кондитерлік өнімдердің техника-технологиялық картасын әзірлеу бойынша іскерлігін қалыптастыру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз)

### ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

№ 9 практикалық сабақта сұрақтары келтірілген.

## Материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету

Компьютер, мультмедиялық проектор, экран; тәжірибелік сабақты орындау бойынша нұсқаулар; білімді түзетулер үшін электронды және

баспа түріндегі материалдар; МЕМСТ 32691—2014 «Қоғамдық тамақтандыру қызметі. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына фирмалық және жаңа тағамдарды әзірлеу тәртібі» МЕМСТ 31987 — 2012 «Қоғамдық тамақтандыру қызметі. Қоғамдық тамақтандыру өнімдеріне технологиялық құжаттар. Безендірілуіне, құрылымына және мазмұныныа қойылатын жалпы талаптар». Ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері бойынша технологиялық нормативтер жинағы. Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецептуралары жинағы. — М.: Экономика, 1986;

## ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. 1.24-кестеде ұсынылған ұсақ даналы кондитерлік өнімдерге техника-технологиялық карта әзірлеу.

Кесте 1.24. Ұсақ даналы қиын кондитерлік өнімдердің тізімі

| Өнімнің атауы | Шығысы |
|---|---|
| «Ганаш кремімен шоколадты капкейк» | 10 дана 70 г |
| «Салынатыны сұйық шоколадты кекс» | 10 дана 85 г |
| «Миндальді- апельсинді твиль» | 1 000 г |
| «Маффиналар» | 10 дана 65 г |
| «Бискотти» | 1 000 г |
| «Марципанды банан» | 10 дана 50 г |
| «Қысқа рулеттер» | 10 дана 100 г |
| Қара жидекпен шоколадты моэлье (дуэль)» тәтті наны | 10 дана 80 г |
| «Макарони шоколадты тәтті наны» | 1 000 г |
| «Грек жаңғағымен шоколадты брауни» | 10 дана 45 г |
| «Бананмен ширатылған шоколад» | 1 000 г |
| «Лимон және жидектермен кәрзеңке» | 10 дана 75 г |

2. Практикалық тапсырманың нәтижесін ұсыну.
3. Студенттің жетістігі күнделігін толтыру (1-қосымша).

## Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Тәжірибелік сабақты өткізу кезінде студенттерді 12 адамнан тұратын бірнеше кіші топтарға бөледі. Әрбір студент тапсырма бойынша бір ұсақ даналы кондитерлік өнімге техника-технологиялық картаны жасайды. Техника-технологиялық карталарды № 11, 12, 13 және 14 зертханалық жұмыстарды орындау нәтижелері бойынша рецептуралар және жаңа технологиялар, фирмалық өнімдерге өңдеу актісінің деректері негізінде әзірлейді. Тапсырма бойынша ұсақ даналы кондитерлік өнімдердің рецептуралары № 17 тәжірибелік сабақта көрсетілген.

№ 9 тәжірибелік сабақта техника-технологиялық карталарды әзірлеу бойынша әдістемелік нұсқаулары ұсынылған.

# ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ СИПАТЫ

## № 1 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Әртүрлі технологиялық операцияларды орындау кезінде жабдықтарды, құралдарды және керек-жарақтарды қауіпсіз пайдалануды таңдау және оның әдістері

**Сабақтың түрі:** интерактивті жабдықталған тақтамен нұсқау жүргізуге арналған кондитерлік оқу цехында зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу»; «қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу»; «ұсақ даналы қиын кондитерлік өнімдерді дайындауды ұйымдастыру және жүргізу»; «қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу, оларды безендіру» аумағынада:

- ұннан пісірілетін қиын өнімдерді, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде әртүрлі технологиялық операцияларды орындау үшін технологиялық жабдықтарды, ыдыстарды, керек-жарақтарды таңдау бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- ұннан пісірілетін қиын өнімдерді, ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді дайындау кезінде әртүрлі технологиялық операцияларды орындау үшін технологиялық жабдықтарды, ыдыстарды, керек-жарақтарды қауіпсіз пайдалану және санитарлық-гигиеналық талаптарды қолдану бойынша іскерлігін бекіту және көрсету.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз)

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Май мен сүтке иленетін ұннан пісірілетін өнімдер және мерекелік нандар дайындау үшін қандай технологиялық жабдықтар, ыдыс, керек -жарақтар, құралдар қажет?
2. Ұннан жасалынатын кондитерлік қиын өнімдер және мерекелік торттар дайындау үшін қандай технологиялық жабдықтар, ыдыс, керек-жарақтар, құралдар қажет?
3. ұсақ даналы қиын өнімдерді дайындау үшін қандай технологиялық жабдықтар, ыдыс, керек-жарақтар, құралдар қажет?
4. Жеке жартылай фабрикаттар дайындау үшін қандай технологиялық жабдықтар, ыдыс, керек-жарақтар, құралдар қажет?
5. Технологиялық жабдықтарға, ыдысқа, керек-жарақтарға қойылатын санитарлық талаптар қандай?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулар; карточкалар; білімін түзетуге арналған материалдар (электронды және баспа түрінде); СанПин 2.3.6.1079-01; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016; ***Усов В. В.*** Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында өнеркәсіпті және қызмет көрсетуді ұйымдастыру. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2015; ***Золин В. П.*** Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынының технологиялық жабдығы. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016; ***Цыганова Т. Б.*** Ұннан пісірілетін өнімдерді өндірудің технологиясы және оны ұйымдастыру: оқулық — М.: «Академия» баспа орталығы, 2014.

Материалдық. Техникалық:

- Технологиялық жабдық;
- Өлшеуіш құралдары;
- Көмекші жабдықтар;
- Керек-жарақтар, құралдар және ыдыс;
- ұйымдастыру техникасы, көмекші жабдықтандыру: компьютер, мультимедиялық проектор, сабақтың материалын үйрену және бекітуге арналған бағдарлама мен интерактивті тақта;
- видеотехника және фототехника: құжат-камера, фотоаппарат.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС ҮШІН ТАПСЫРМА

1. Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау үшін санитарлық гигиеналық талаптарды сақтаумен бірге негізгі және қосымша шикізатты өндіру үшін жұмыс орнын ұйымдастыру.

2. Май мен сүтке иленетін ұннан пісірілетін өнімдер және мерекелік нандар дайындау; ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды; ұсақ даналы кондитерлік өнімдерді; қиын әшекейлеу фабрикаттарды дайындау бойынша (асқан шеберлікпен) әртүрлі технологиялық операциялар үшін технологиялық жабдықтар, ыдыс, керек-жарақтар, құралдарды таңдау. 2.1-кестені толтыру.

Кесте 2.1. Өнімді өндіру кезінде (тапсырма бойынша) жабдықтарды, құралдарды және керек-жарақтарды таңдау

| Өнімнің атауы (тапсырма бойынша) | Технологиялық жабдықтар | Көмекші құралдар | Керек-жарақтар, бейімделу құралдары |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

3. Қолданылатын технологиялық жабдықты (керек жарақ, ыдысты) сипаттау және техника қауіпсіздігін сақтау және жабдықтармен тәжірибелік жұмысты көрсетуді жүзеге асыру. 2.2-кестені толтыру.

Кесте 2.2. Жабдықтарды, керек жарақты, ыдысты (тапсырма бойынша) қауіпсіз қолдану ережесі және санитарлық талаптар

| Технологиялық жабдықтардың, керек-жарақтардың, ыдыстың атауы | Технологиялық жабдықтарға, керек-жарақтарға, ыдысқа қойылатын санитарлық талаптар | Қауіпсіз қолданудың жалпы ережелері |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

4. Тапсырма бойынша есепті толтыру (кесте. 2.3).

| Кесте 2.3. Зертханалық жұмыс бойынша есеп (тапсырма бойынша) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Тапсырма бойынша өнімнің атауы | Технологиялық операция | Технологиялық жабдықтарды, керек-жарақтарды, құралдарды дұрыс таңдау | Технологиялық жабдықтарды, керек-жарақтарды, құралдарды қауіпсіз пайдаланудың тәжірибелік көрсетілімі | Баға |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

5. Студенттің жетістіктері күнделігіне белгі қою (4-қосымша).
6. Зертханалық жұмысты қорғау.

## № 2 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындау

**Сабақтың түрі:** нұсқауды жүргізуге арналған интерактивті тақтамен жабдықталған оқу кондитерлік цехындағы зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу, оларды безендіруде қолдану» аумағында:

- қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындау кезінде қолданылатын шикізат сапасын органолептикалық бағалау бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- шикізатты рационалды қолдану және шығындарды азайту бойынша талаптар есебімен шикізаттарды өңдеу іскерлігін бекіту және көрсету;
- технологиялық операцияларды орындау үрдісінде жеке бас гигиенасын сақтау бойынша және қиын әшекейлеу фабрикаттарды дайындау, өңдеу бойынша жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша іскерлігін меңгеру;
- технологиялық операцияларды орындау үшін қиын әшекейлеу фабрикаттарды дайындау бойынша (жабдықтарды, құралдарды, керек-жарақтарды, ыдысты таңдау) жұмыс орнын ұйымдастыру іскерлігін

меңгеру;

- қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындау бойынша әрекеттерді орындау үшін жабдықтарды қауіпсіз қолдану тәсілдерін меңгеру;
- орындалған технологиялық операциялар және дайындалған жартылай фабрикаттардың сапа бағасы бойынша іскерлігін меңгеру (органолептикалық баға — бракераж, дефектілерді және оларды жоюдың тәсілдерін анықтау);
- температуралық режимді сақтау мен қиын әшекейлеу фабрикаттарды жіберу және безендіру бойынша іскерлігін меңгеру;
- қиын жеке жартылай фабрикаттардың жаңа технологиясы және рецептураларды өңдеу актісін жасау бойынша іскерлігін меңгеру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қара.).

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындау қандай технологиялық операциялардан тұрады?
2. Қиын жеке жартылай фабрикаттар технологияларын және рецептураларды өңдеу процесінде қандай көрсеткіштерді анықтайды?
3. «Көпқабатты (көптүсті) желе» қиын әшекейлеу фабрикаттарды дайындау технологиясы қалай болады?
4. Агарда дайындалған желеден желатинде дайындалған желенің айырмашылығы неде?
5. «Суфле» кремі қиын әшекейлеу фабрикатын дайындау технологиясы қандай?
6. «Шибу» кремі қиын әшекейлеу фабрикатын дайындау технологиясы қандай?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмысты орындау бойынша нұсқаулар; шикізат ведомосы; карточка-тапсырмалары; білімін түзетуге арналған электронды және баспа түріндегі материалдар; МЕМСТ 32691—2014 «Қоғамдық тамақтану қызметтері. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында фирмалық және жаңа тағамдарды, өнімдерді әзірлеу тәртібі»; Ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдерін өндіру бойынша технологиялық нормативтік жинақ. Рецептура жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999;

Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецепі жинағы. — М.: Экономика, 1986; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

Материалдық. Техникалық:

- ***механикалық жабдық*** — көпсіту машинасы;
- ***жылу жабдығы*** — электр плитасы;
- ***мұздатқыш жабдығы*** — мұздатқыш шкаф;
- ***өлшегіш жабдығы*** — электронды таразы;
- ***көмекші жабдық*** — өнеркәсіптік үстелдер;
- ***керек-жарақ, құралдар және ыдыс*** — қазан, кастрюльдер, қаңылтыр табалар, мескелер, сүзгіш, аспаздық пышақтар, бөлгіш тақталар, желеден жасалған пішіндерді ойып алатын құралдар, жіберуге арналған ыдыстар (табақ, майлықтар);
- ***оргтехника, көмекші жабдықтау*** — компьютер, мультимедиялық проектор, сабақ материалын оқыту және бекітуге арналған сұрақтары бар бағдарламалық интерактивті тақта;
- ***видеотехника және фототехника*** — документ-камера, фотоаппарат.

Шикізат: қант-құмшекер, крахмал сірнесі, эссенция (ванильді, тұқымдас), лимон қышқылы, агар, бояғыштар (кармин Е-120 (қызыл), каротин Е-160 (сарғылт), тартразин Е-102 (сары), сары май, жұмыртқа, қантпен қоюландырылған қайнатылған сүт, желатин, сүт, бидай ұны, жүгері крахмалы, ваниль.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

1. Қиын жеке жартылай фабрикаттарын дайындау үрдісін ұйымдастыру және мыналарды дайындау: «Көпқабатты (көптүсті) желе», «Суфле» кремі, «Шибу» кремі. Аталған қиын әшекейлеу фабрикаттары рецептуралары одан әрі ұсынылған.
2. Өнімнің қауіпсіздігі бойынша талаптар есебімен шикізаттың жарамдылығын органолептикалық тәсілмен анықтау.
3. Қиын жеке жартылай фабрикаттарын дайындау үшін шикізаттың негізгі және қосымша өңдеу жұмыс орындарын ұйымдастыру.
4. Қиын жеке жартылай фабрикаттарын дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру.
5. Бұрын аталған қиын әшекейлеу фабрикаттарын дайындауды рецептуралар және дайындау технологияларына сәйкес жүргізу.
6. «Шибу» креміне рецептуралар және технологиялар өңдеу актісін жасау (11-қосымша).
7. Қиын жеке жартылай фабрикаттарының дайын органолептикалық сапасы бойынша кестені толтыру (29-қосымша).

8. Дайын жартылай фабрикаттарға бракеражды журнал толтыру (30-қосымша).

9. Дайын қиын әшекейлеу фабрикаттарының дефектілерін анықтау бойынша олардың туындау себебін және оларды жою әдістері есебін толтыру (31-қосымша).

10. Студенттің жетістіктері күнделігін толтыру (4-қосымша).

11. Тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін дайын өнімнің сапасын бағалау дұрыстығын және қауіпсіздігінің мағынасын түсіндіре отырып, зертханалық жұмысты қорғау.

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Студенттер үш кіші топтарға бөлінеді және әрбір топ зертханалық жұмыста аталған қиын әшекейлеу фабрикаттардың ішінен біреуін дайындауы керек: «Көпқабатты (көптүсті) желе», «Суфле» кремі, «Шибу» кремі (шикізат ведомосы 19-қосымшада көрсетілген).

### *«Көпқабатты (көптүсті) желе» (агарда) жартылай фабрикатты дайындаудың технологиялық операциясы процесі*

***Рецептура, г:*** қант-құмшекер — 414, крахмаль сірнесі — 103, ванильді эссенция — 3, лимон қышқылы — 2, агар — 10, бояғыштар (Е-120, Е-160, Е-102) 1. Шығысы — 1 000 г.

№ 1 ***Операция***. Шикізат дайындау. Агарды жуады, 496 г мөлшердегі салқын суға батырып және оның ісінуі үшін 2-3 с. қалдырады.

№ 2 ***Операция***. Агардың жылумен өңделуі. Суға батырылған агарды әбден толық ерігенінше жанған отта қыздырады.

№ 3 ***Операция***. Басқа қоспалармен бірігуі. Алынған қоспаға қант-құмшекер, сірне қосады және қанттың әбден толық ерігенінше 5-7 минут қайнатып, шырынды 1,5 мм-ге дейінгі ұяшықтағы диаметрмен сүзгіден өткізеді, 40-50°С дейін салқындатып эссенция мен лимон қышқылын қосады.

№ 4 ***Операция***. Шырынды бояу. Шырынды бірдей пропорцияда үш ыдысқа құяды, олардың әрқайсысына нақты бір түстегі бояғышты қосады (қызыл, сарғылт, сары).

№ 5 ***Операция***. Жартылай фабрикаттың қабатталуы. Қаңылтыр табаға жұқа қабатпен қызыл түсті желені құяды, созылмалы болғанша суытады, осылайша сарғылт түсті желені құяды, созылмалы болғанша суытады және үстінен сары түсті желені құйып, салқындатады (көпқабатты (көптүсті) желені дайындау кезінде басқа да бояғыш заттар қолданылуы мүмкін, қабаттардың қатынасы, сонымен қатар олардың саны өзгертілген).

№ 6 ***Операция***. Әшекейлеу бұйымдарын дайындау. Салқындатылған массадан пышақтың немесе ойып алатын құралдың көмегімен түрлі-түсті пішіндерді тәтті нандар және торттардың безендірілуі үшін кесіп алады.

### *«Суфле» кремін дайындаудың технологиялық операциясының процесі*

***Рецептура, г:*** қантты-агарлы шырын — 611, сары май — 226, жұмыртқаның ақуызы— 64, қантпен қоюланған қайнатылған сүт — 110, лимон қышқылы — 4, тұқымдас эссенция — 2,5. Шығыс — 1 000 г.

***Қантты-агарлы шырын, г:*** қант-құмшекер — 357, су — 89, крахмалды сірне — 176, агар — 5. Шығысы — 611 г.

№ 1 ***Операция***. Қантты-агарлы шырынды дайындау. Құмшекер қантты және суды 4 : 1 қатынасында қосады және 120 °С дейін температурада қайнатады, оған алдын ала 2-3 сағат салқын суға батырылған агар қосады, агардың толық ерігенінше ақырын жанған отта қыздырады және сірне қосады, содан кейін шырынды 118 °С дейінгі температурада қыздырады.

№ 2 ***Операция***. Жұмыртқа ақуыздарының дайындалуы. Ақуыздарды сарысынан айырады, сосын 5 — 7 есе көлемде ұлғайғанынша сәнді көбік жасайды.

№ 3 ***Операция***. Жұмыртқа ақуыздарын қантты-агарлы шырынмен біріктіру. Ыстық қантты-агарлы шырынды жіңішке ағынымен езілген жұмыртқаның ақуызына қосады және бірқалыпты сәнді масса болғанынша араластырады.

№ 4 ***Операция***. «Суфле» кремінің дайындалуы. Сары майдан, қайнатылған сүттен, тұқымдас эссенциядан бірқалыпты жұмсақ қоспа дайындайды және оны езудің соңында жұмыртқаның ақуызы және қантты-агарлы шырыннан тұратын массаға қосады. Сосын езуді ақырындап тоқтатады.

### *«Шибу» кремін дайындау технологиялық операциясының процесі*

***Рецептура, г:*** қант-құмшекер — 350, жұмыртқаның ақуызы — 200, су — 100, «Патисьер» кремі — 450. Шығысы — 1 000 г.

***«Патисьер» кремінің рецепі, г:*** сүт — 300, жұмыртқаның сарысы — 72, қант-құмшекер — 60, бидай ұны — 15, жүгері крахмалы— 15, ваниль — 0,6, желатин — 20. Шығысы — 450 г.

№ 1 ***Операция***. «Патисьер» кремін дайындау. Жұмыртқаның сарысын қант-құмшекермен біріктіреді және көпіршітеді. Оған ұн және крахмалды қосады, бірқалыпты масса болғанынша араластырады. Сүтті ванильмен бірге қайнауға дейін жеткізіп және жіңішке ағынмен жұмыртқа массасына құяды. Араластыра отырып, су ваннасында қоюланғанынша қайнатады. Оттан түсіріп, алынған массаға батырылған және сығылған желатинді

қосады.

№2 ***Операция***. Пісірілген ақуыз кремін дайындау. Көпіртілген жұмыртқа ақуызына 15-20 % рецептурада көрсетілгеніндей, құмшекер қантын қосады. Қалғанына сумен бірге орташа шарды көру үшін пісіреді (118-121°С температурада) және ыстық күйінде жіңішке ағынмен жұмыртқаның ағына енгізеді. Ванильді ұнтақты және жалтырағанынша көпіршітеді.

№ 3 ***Операция***. Екі массаны қосу. «Шибу» кремін нақты дайындау «Патисьер» кремін және пісірілген ақуыз кремін қосу жолымен жүзеге асырылады.

№ 8 практикалық жұмыста фирмалық және жаңа қиын әшекейлеу фабрикаттардың технологиялары және рецептураларын әзірлеу тәртібі, оның ішінде кезеңдерінің бірі болып саналатыны рецептураларды және технологияларды өңдеу қарастырылды.

Фирмалық және жаңа қиын әшекейлеу фабрикаттардың технологиялары және рецептураларын әзірлеу тәртібі. «Қоғамдық тамақтану қызметтері. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында фирмалық және жаңа тағамдарды және өнімдерді әзірлеу тәртібі» МЕМСТ 32691—2014 сәйкес қиын әшекейлеу фабрикаттардың рецептураларын және технологияларын өңдеу үрдісінде анықтайды:

- салу нормасы (шығынның) құрауыштарының (ингредиенттердің) нетто массасымен;
- жартылай фабрикаттың массасы (жартылай фабрикаттар);
- сұйықтықтың (көлемі) саны (егер сұйықтық рецептура және технологияда қарастырылған болса);
- құрғақ заттардың (массалық үлесі) мазмұны (ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер);
- өндірістік шығындар, оның ішінде пісірілген жартылай фабрикаттарды тазалау кезіндегі шығындар (ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер үшін) мен әшекейлеу кезіндегі шығындар (кондитерлік және нан-бөлішке өнімдері үшін);
- температуралық режимдер және жылумен өңдеу ұзақтығы;
- өнімнің кулинарлық дайындығы;
- дайын өнімнің шығысы;
- жылумен өңдеу кезіндегі жоғалту (пісіру);
- порциялау кезіндегі жоғалту;
- өнімнің органолептикалық және физика-химиялық, қажет болған жағдайда — микробиологиялық сапасының көрсеткіші;
- кондитерлік және бөлке өнімдерінің, қамыр, жартылай фабрикаттардың ылғалдылығы;
- тағамдық және энергетикалық құндылығы.

***Мысал.*** «Көпқабатты (көптүсті) желенің» жеке қиын жартылай фабрикаттың рецепінің безендіруін және қайта жасауын жүргізу.

Осы рецептураны қайта жасау кезінде тапсырма бойынша құрауыштарды (ингредиенттерді) нетто массасымен қолданады. Бұл жағдайда шикізат қалдықтары және шығындары белгіленбейді.

Рецептураның және технологияның қайта жасалуын көлемі 1 кг дайын өнімнің шығыны есебінен тәжірибелі партияларда жүргізеді. Өнімнің шығынының ауытқуы кезінде 3% ұлғаюы немесе азаюы жағына рецептураның қайта жасалуын қайталайды.

Өнімнің дайындалу кезіндегі өнеркәсіптік жоғалтуын (Ѳ), кг, %, мына келесі формулаға сәйкес анықтайды:

$$Ѳ = M_н - M_{пф}; \quad (11)$$

$$Ѳ = \frac{M_н - M_{пф}}{M_н} 100 \quad (12)$$

$M_н$ — құрауыштардың суммарлы массасы (ингредиенттер) нетто, жартылай фабрикаттың құрамына кіретін, кг; $M_п$ф — жартылай фабрикаттың массасы, кг.

Өнеркәсіптік жоғалту кезінде «Көпқабатты (көптүсті) желенің» жеке қиын жартылай фабрикаттың рецепінің жобасының деректерін қолданады (№8 тәжірибелік сабақты қараңыз). Өнеркәсіптік жоғалтуды есептеу мына формуламен жүргізіледі (11) және (12):

$$Ѳ = 1{,}03 - 1 = 0{,}03 \text{ кг},$$

$M_н$ = 1,03 — құрауыштардың суммарлы массасы (ингредиенттер) нетто, жартылай фабрикаттың құрамына кіретін, кг; $M_п$ф = 1 — жартылай фабрикаттың массасы, кг;

$$Ѳ = 1{,}03 - 1/1{,}03 \bullet 100 = 2{,}9\%.$$

Бұл жағдайда өнім жылумен өңдеуді қажет етпейді (пісіруге), сондықтан да жылумен өңдеу есебі кезінде жоғалту болмайды.

«Көпқабатты (көптүсті) желенің» дайын жартылай фабрикаттан пішінді кесіп алу кезінде порциялау кезінде жоғалту болады ($Ѳ_п$).

Порциялау кезінде жоғалтуды ($Ѳ_п$), %, дайын өнімнің массасына мына формула бойынша есептейді

$M_г$ — процияланғанға дейінгі дайын өнімнің массасы, г; $M_п$ — масса

$$П_П \frac{M_г - M_п}{M_г} 100 \quad (13)$$

порцияланғаннан кейінгі дайын өнім, г.

Нақты тәжірибе жүргізудегі деректерді қолдану арқылы ($M_п$ = = 0,75 кг) және ($M_г$ = 1 кг), порциялау кезінде жоғалту есебін жүргізеді, ($П_п$) формуласы бойынша (13):

$$П_п = 1 - 0,75/1 \cdot 100 = 25\%.$$

Рецептураларды қайта жасау нәтижелерін «Жаңа және фирмалық өнімдердің рецептураларын және технологияларын қайта жасау актісімен» ресімдейді (11 және 12-қосымша үлгілерін қараңыз).

## № 3 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Жеке жартылай фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындау

**Сабақтың түрі:** нұсқау жүргізуге арналған интерактивті тақтамен жабдықталған оқу кондитерлік цехындағы зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру:*** «қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындауды ұйымдастыру және дайындауды жүргізу, оларды безендіруде қолдану» аумағында:

- қиын жеке жартылай фабрикаттарды дайындау кезінде қолданылатын шикізат сапасын органолептикалық бағалау бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- қиын жеке жартылай фабрикаттарды және қиын әшекейлерді дайындау және шикізаттарды өңдеу бойынша жұмыс орнына қойылатын талаптарды технологиялық операцияларды орындау үшін және санитарлық гигиеналық талаптарды қолдану бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- қиын әшекейлерді дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындауға арналған (жабдықтарды, құралдарды, керек-жарақтарды, ыдыстарды таңдау) жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- қиын әшекейлерді дайындау бойынша әрекеттерді орындауға арналған жабдықтарды, құралдарды, керек-жарақтарды қолданудың қауіпсіз тәсілін меңгеру;
- қиын әшекейлерді дайындау әдістерін және техникасын меңгеру;
- қиын жеке жартылай фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындау және орындалған технологиялық опрациялары бойынша сапасын бағалау іскерлігін меңгеру (органолептикалық баға — бракераж, дефектілерді және оларды жоюдың әдісін анықтау);
- ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді безендіру кезінде жеке жартылай фабрикаттардан қиын әшекейлерді қолдану бойынша іскерлігін меңгеру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттіліктерін***

***қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қара.).

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Сіздер қиын әшекейлеуді дайындау үшін қандай жартылай фабрикаттарды білесіздер?
2. Қиын әшекейлерді дайындау үшін қандай тәсілдер және әдістер қолданылады?
3. Жұмыртқа (қайнатылған) кремінен қиын әшекейлеуді дайындау кезіндегі технологиялық операциялардың кезектілігі қандай?
4. Шала өңделген қантты мастикадан қиын әшекейлеуді дайындау кезіндегі технологиялық операциялардың кезектілігі қандай?
5. Пластикалы карамельден қиын әшекейлеуді дайындау кезіндегі технологиялық операциялардың кезектілігі қандай?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмысты орындау бойынша технологиялық карталар нұсқаулары; шикізат ведомосы; карточка-тапсырмалары; білімін түзетуге арналған электронды және баспа түріндегі материалдар; ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдерін өндіру бойынша технологиялық нормативтік жинағы. Рецептура жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына арналған ұннан жасалатын кондитерлік және бөлке өнімдері рецепі жинағы. — М.: Экономика, 1986; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Нан-бөлішке өнімдерін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік тағамдарды дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

Материалдық. Техникалық:

- ***механикалық жабдық*** — көпірткіш машина, желдеткіш;
- ***жылу жабдығы*** – электр плитасы, газды жанарғы;
- ***мұздатқыш жабдығы*** — мұздатқыш шкаф;
- ***өлшегіш құралдары*** – электронды таразы, қызу өлшегіш;
- ***көмекші жабдықтар*** – өндірістік үстелдер, үстіңгі қабаты салқындатылатын немесе беті мәрмәр үстелдер;
- ***керек-жарақтар, құралдар және ыдыс*** — кастрюльдер, қаңылтыр табалар, мискелер, сүзгіштер, қайшылар, аспаздық пышақтар, бөлгіш тақталар, кондитерлік шеге, отырғызу қаптары, шприцті түтікшелер, бөшкелер, салқындатуға арналған спрей, алмұрт, қолғаптар, жіберуге

арналған ыдыс (табақ, майлықтар);

- ***оргтехника, көмекші жабдықтандыру*** — компьютер, мультимедиялық проектор, сабақ материалын оқу және бекітуге арналған сұрақтар бағдарламасы мен интерактивті тақта;
- ***видеотехника және фототехника*** — құжат-камера, фотоаппарат.

Шикізат: қант-құмшекер, жұмыртқа (жұмыртқаның ақуызы), ванильді ұлпасы, қант ұлпасы, бояғыштар, желатин, сірне, эссенция.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

1. Аталған қиын әшекейлеу фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындау: ақуыз (қайнатылған) кремінен раушангүл және шала өңделген қант мастикасынан, пластикалы карамельден аққу, қиын әшекейлеу фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру. Одан әрі қиын әшекейлеу фабрикаттарынан, қиын әшекейлерінен рецептуралар ұсынылған.
2. Өнімнің қауіпсіздігі бойынша талаптар есебімен органолептикалық тәсілдермен шикізаттың жарамдылығын анықтау.
3. Қиын жеке жартылай фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындау үшін негізгі және қосымша шикізатты өңдеу жұмыс орнындарын ұйымдастыру.
4. Қиын жеке жартылай фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру.
5. Дайындау рецепі және технологиясына сәйкес қиын әшекейлеу фабрикаттардан қиын әшекейлерді дайындауды жүргізу.
6. Дайын әшекейлердің органолептикалық сапасын бағалау бойынша кестені толтыру (29-қосымша).
7. Дайын өнімдерге бракеражды журнал толтыру (30-қосымша).
8. Дайын қиын әшекейлеу фабрикаттардан қиын әшекейлерден дефектілерді анықтау, олардың туындау себебін және оларды жою әдісі есебін толтыру (31-қосымша).
9. Студенттің жетістіктері күнделігіне белгіні енгізу (4-қосымша).
10. Тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігі үшін дайын өнімнің сапасын бағалау дұрыстығын және қауіпсіздік мағынасын түсіндіре отырып, зертханалық жұмысты қорғау.

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

Жартылай фабрикаттарға (ақуыз кремі (қайнатылған), шала өңделген қантты мастика, пластикалы карамель) және шикізат ведомосына

технологиялық карта жасау № 8 тәжірибелік сабақта қарастырылған.

### *Раушангүлді кремін дайындаудың технологиялық операция процесі бойынша*

***Ақуыз кремі (қайнатылған) рецепі, г:*** қант-құмшекер — 650, жұмыртқаның ақуызы — 325, ванильді ұлпа— 24, су — 200, бояғыштар — 1. Шығысы — 1 000 г.

№ 1 ***Операция***. Қантты шырынның дайындалуы. Қантты сумен қосады, оны қайнауға дейін жеткізеді, көбігін алып және орташа шардың шыққанынша қайнатады (118-121 °С температурада).

№ 2 ***Операция***. Жұмыртқаның ақуызын дайындау.

Ақуыздарды сарысынан ажыратады және 5 — 7 есе көлемде ұлғайғанша көпіртеді.

№ 3 ***Операция***. Кремді дайындау. Көпіртуді тоқтатпай, жіңішке ағынмен ыстық күйінде қант шырынын көпіріп жатқан ақуызға құяды. Ванильді ұлпаны қосып және жылтырағанынша көпіртеді.

№ 4 ***Операция***. Кремді бояу. Дайын кремді бірнеше бөлікке бөледі және әрбір бөлігін түрлі түске бояғыштармен бояйды.

№ 5 ***Операция***. Кремнен дайындалған раушангүлдер (сур. Л.3.1). Кондитерлік шегенің немесе бисквитті тығыз кубиктің негізінде, ұстағышқа орнатылған (шанышқыға), кондитерлік қаптың көмегімен және

Сур. Л.3.1. Кремнен раушангүлді дайындау

жайпақ кесілген дөңгелектенген отырғызғышпен солған жапырақ түрінде кремді жағады ().

Отырғызғышты үшкір ұшымен кондитерлік шегенің үстіне ұстау керек (бисквит кубигінің) және ұстағышқа орнатылған шанышқыны айналдыра отырып, кезекпен жапырақтарды ортасынан гүлдің шеткі жағына қарай, негізіне қарай олардың мөлшерін ұлғайтып және қисаюын өзгертіп отырғызады.

### *Қант мастикасынан раушангүлді дайындау технологиялық операция процесі*

***Шала өңделген қантты мастика рецепі, г:*** қант ұлпасы — 945, желатин — 10, су — 150, боғыштар — 1. Шығысы — 1 000 г.

№ 1 ***Операция***. Желатиннің еруі және дайындық. Желатинді 1:10 қатынасы бойынша салқын қайнаған сумен араластырады және оның ісінуі үшін 1-2 сағат қойып қояды. Желатин ісінгеннен кейін судың артығын төгеді және желатинді толық ерігенінше қыздырады. Дайын қоспаны 25-30°С температурада салқындатады.

№ 2 ***Операция***. Мастиканы араластыру. Қант ұлпасын сүзгі арқылы өткізіп, оны тау етіп үйеді, ортасынан тереңдік жасайды. Сосын тереңдікке дайындалған желатинді енгізеді, бірқалыпты масса болғанға дейін араластырып және соңында боғышты қосады.

№ 3 ***Операция***. Қант мастикасынан раушангүлді дайындау. Раушангүлдің гүлін мына ереже бойынша қалыптастырады: буылған жерінен жапырақтарына және түйнегіне қарай.

***Буылған жері*** жұқа жайпақ дөңгелек (немесе жартылай дөңгелек) формада, гүлді тығыздап айналдырып және аздап жоғарғы жақтарын майыстырады.

***Раушангүлдің жапырақтары*** әртүрлі мөлшердегі жұқа дайындамалардан әзірленеді (дөңгелек немесе сопақша бір жақты үшкір шетімен), сол қолдың ашық алақанына салып, ал оң қолға соңғы жағы

Сур. Л.3.2. Қантты мастикадан жасалған раушангүл

дөңгелектенген ағаш таяқшаны алады және алақанның жоғары соңғы жағына қысады. Нәтижесінде раушангүлдің майысқан формадағы рефельді үзіктерімен жапырағын алады. Осыдан кейін жапырақтың төменгі жағын өңдейді, ол негізінде сумен бекітіледі. Сосын оларды кезекпен буылған жердің айналасына шоғырландырып, бірнеше қатар етіп орналастырады.

Қант мастикасынан дайындалған раушангүл Л.3.2. суретте ұсынылған.

***Түйнегі*** дөңгелек дайындаманы, жайпақ етіп айналдыра, жапырақтардың шеткі жағын сыртына қарай майыстыру жолымен дайындайды.

### *Пластинкалы карамельден аққуды әзірлеу технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Пластинкалы карамельдің рецепі, г:*** қант-құмшекер — 510, сірне — 610, эссенция — 1,5, су — 153, бояғыш — 0,5. Шығысы — 1 000 г.

№ 1 ***Операция***. Пластинкалы карамельді дайындау. Қантты сумен араластырады, қайнауға дейін жеткізеді және жақсылап көбігін алады. Қайнаған шырынды қақпағы жабылған қазанда әзірлейді. Шырынды 108-110 °С температураға дейін қайнатады (қалың жіпке тексеріп көреді), 50 °С температураға дейін қыздырылған сірнені оған қосады және шырынды қайнатуды 116-117°С температуаға дейін жалғастырады. Сосын қыздыруды азайтып, 150-153 °С температураға дейін қайнатады.

№ 2 ***Операция***. Пластинкалы карамельден аққу дайындау (Л.3.3 сурет). Дайын карамельді силиконды кілемшеге төгіп және екі бөлікке бөледі: бір бөлігін жылы шамның астына қалдырады, ал екіншісін әр жаққа созады және одан шар жасайды, оны тереңдетеді. Тереңдетілген жеріне алмұрттың аяқшасын белсенді қозғалыспен салады (біресе басады, біресе

Сур.Л.3.3. Карамельден жасалған аққу

қысады) ауаны үрлеп, шар жасайды. Сосын ауаны үрлей отырып, басымен мойыны түрінде карамельді созады. Қалыптасқан пішінде алмұрттың аяқшасына карамельді қайшымен кеседі. Карамельдің қалғанын екі бірдей кесекке бөледі және әрбіріне қанат формасын жасайды. Қанаттардың шетін қайшының немесе өткір пышақтың көмегімен кеседі. Қанаттарын жанарғымен қыздырады және денесіне жапсырады. Аққудың басына тағамдық бояғыш кисталар көмегімен көз және желбезегін бояйды.

## № 4 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындау

**Сабақтың түрі:** нұсқау жүргізуге арналған интерактивті тақтамен жабдықталған оқу кондитерлік цехындағы зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру***: «май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін және мерекелік нанды дайындау, ұйымдастыру және жүргізу» аумағында:

- май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау кезінде қолданылатын шикізатты органолептикалық бағалау бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- шикізатты рационалды қолдану және қалдықтарды азайту бойынша талаптар есебімен шикізатты өңдеу, іскерлігін бекіту және көрсету;
- технологиялық операцияларды орындау процесінде жеке бас гигиенасын сақтау бойынша май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау және өңдеу бойынша жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын санитарлық- гигиеналық талаптарды сақтау іскерлігін меңгеру;
- технологиялық операцияларды орындауға арналған (жабдықтарды, құралдарды, керек-жарақтарды, ыдысты таңдау) жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша іскерлігін меңгеру, шикізатты дайындау, илеу, көтерілуі, қамырды бөлу, өнімді пісіру;
- май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау бойынша әрекеттерді орындау үшін қауіпсіз жабдықтарды қолдану тәсілін меңгеру;
- орындалған технологиялық операцияларды және дайындалған өнімдердің сапасын бағалау іскерлігін меңгеру (органолептикалық бағалау — бракераж, май мен сүтке иленген өнімдердің дефектілерін анықтау және оларды жою тәсілдерін анықтау);
- май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау, жіберу нормасын сақтау мен температуралық режимді және беру ережесін

рәсімдеу бойынша іскерлігін меңгеру;

- май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындаудың жаңа технологиялары және рецептуралары актісін жасау бойынша іскерлігін меңгеру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілігін қалыптастрыу:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз).

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ СҰРАҚТАРЫ

1. Қандай қамыр ашытылған деп аталады?
2. Ашытылған қамырды дайындау кезінде технологиялық операцияның кезектілігі қандай?
3. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдерді дайындаудың ерекшелігі қандай?
4. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін қиын өнімдердің қандай түрлерін білесіз?
5. Қандай қиын тәтті нандардың дайындалу тәсілін білесіз?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмысты орындау бойынша нұсқаулар; шаблондар; май мен сүтке иленетін ұннан пісірілетін өнімдердің жаңа рецептураларын жобалау; шикізат ведомосы; карточка-тапсырмалары (дайын өнімнің сапасын бағалау, шикізатты өңдеу кезінде санын жоғалтуды есептеу үшін); білімін түзетуге арналған электронды және баспа түріндегі материалдар; техникалық нормативтер жинағы, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін тағамдар және кулинарлық өнімдер рецептуралары жинағы. — М.: Нанпродинформ, 1997; ***Бурчакова И.*** Ю., ***Ермилова С. В.*** Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

Материалдық. Техникалық:

- ***механикалық жабдық*** — ұнды сүзгіден өткізу үшін қамырды илейтін машина;
- ***жылу жабдығы*** — наубайшы шкафы, көтеруге арналған шкаф, пароконвектомат, электр плитасы;
- ***мұздатқыш жабдығы*** — мұздатқыш шкафы;
- ***өлшегіш құралдары*** — электронды таразы;
- ***көмекші жабдығы*** — өнеркәсіптік үстелдер, ашыған қамырды жаюға арналған ағаш, үстіңгі қабатымен үстелдер;
- ***керек-жарақ, құралдар және ыдыс*** — қазан, кастрюльдер, гастроыдыстар, қаңылтыр табалар, кондитерлік беттер, мискелер, сүзгі,

оқтаулар, ілгіштер, аспаздық пышақтар, қысқыштар, майлауға арналған кисталар, бөлгіш тақталар, қайшылар, аспаз инесі, жеткізу үшін ыдыс (тәтті нан үшін табақ, бәлішке табақшалар, асханалық пышақ және шанышқы, қалақ, майлықтар);

- ***оргтехника, көмекші жабдықтау*** — компьютер, мультимедиялық проектор, сабақтың материалын үйрену және бекітуге арналған сұрақтар бағдарламасы мен интерактивті тақта;
- ***видеотехника және фототехника*** — құжат-камера, фотоаппарат.

Шикізат: бидай ұны, қант-құмшекер, сығымдалған ашытқы, сұйық май, жұмыртқа (меланж), сүт (су), ірімшік, сары май (маргарин), ақ качанды капуста (жас), басты жуа, ет фаршы, тұз, қара ұнтақ бұрыш, ванилин, грек жаңғағы (тазартылған), мейіз (сүйексіз).

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

1. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау және дайындау процесін ұйымдастыру: «Қолтырауын» пішінді тәтті наны (шығысы — 1 800 г), «Лапти» ірімшік салынған нан (шығысы — 10 дана. 150 г), мейіз және жаңғақпен жабылған тәтті нан (шығысы — 2 000 г). Одан әрі май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдердің аталған рецептуралары ұсынылған.

2. Тағамның қауіпсіздігі бойынша органолептикалық талаптар есебімен шикізат жарамдылығын анықтау. Шикізаттың жарамдылығын және тиісті сапасын анықтау бойынша әрекеттерді орындау дұрыстығы туралы тұжырым жасау.

3. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау үшін негізгі және қосымша шикізатты өңдеуге арналған жұмыс орнын ұйымдастыру.

4. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындауға арналған жұмыс орындарын ұйымдастыру.

5. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындауды рецептуралар және технологиясына сәйкес жүргізу.

6. Жеке технологиялық операцияларды орындау үшін сапасын бағалау (жеке және әріптестермен) және дайын май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдердің дефектілерін анықтау мен оларды жоюдың тәсілдерін анықтау.

7. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін дайын өнімдердің органолептикалық сапасын бағалау бойынша кестені толтыру (29-қосымша).

8. Дайын өнімдерге бракеражды журнал толтыру (30-қосымша).

9. Дайын май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдердің

дефектілерін анықтау, олардың туындау себебін және оларды жою әдісі есебін толтыру (31-қосымша).

10. №11 тәжірибелік сабақта деректер есебімен май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдердің нақты пісуін анықтау және салыстыру.

11. Жаңа май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді өңдеу актісін жасау (11-қосымша).

12. Студенттің жетістіктері күнделігіне белгі қою (4-қосымша).

13. Тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін дайын өнімнің сапасын бағалау дұрыстығын және қауіпсіздігінің мағынасын түсіндіріп, жұмысты қорғау.

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

№11 тәжірибелік сабақта дайын май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдердің пісіру есебі, күйіп кетуі және шығысы жүргізілді.

№12 тәжірибелік сабақта зертханалық жұмысты жүргізуге технологиялық тізбек және шикізат ведомостын жасау қарастырылды.

### *Ашытылған қамырды дайындау технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

Рецептура, г: ұн — 480, сүт (су) — 192, қант — 96, тұз — 5, сығымдалған ашытқы — 12, меланж (жұмыртқа) — 96, сары май (маргарин) — 144. Шығысы — 1 000 г.

№ 1 ***Операция***. Шикізатты алу және өлшеу. Ашытылған қамыр үшін шикізаттың сапасы белгіленген стандартқа және техникалық жағдайларға сәйкес болуы керек. Алынған шикізатты рецептураға сәйкес өлшейді.

№ 2 ***Операция***. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Жұмыс орнын көмекші, (үстіңгі қабаты ағаш өнеркәсіптік үстел, сөрелер) және технологиялық жабдықтармен (ұнды сүзу үшін машина, қамырды илейтін машина, көтерілу үшін шкаф), сонымен қатар арнайы керек-жарақтармен жабдықтайды.

№ 3 ***Операция***. Ашыту үшін ингредиенттер дайындығы. Ұнды (30-70%) сүзеді. Сұйықтықты (сүт, су) 35-40°С-ге дейін қыздырады. Жалпы нормадан 60-70%-дық сұйықтықпен алынған ашытқыны (100%) езеді. Ашытқыны жандандыру үшін ұнның салмағына қарай 4% қантты қосады. Сосын ерітіндіні сүзеді.

№ 4 ***Операция***. Ашытқыны дайындау. Нан ашытатын ыдысқа жылытылған ерітіндіні ашытқымен бірге құяды және сүзілген ұнды салады. Нан илейтін машинаны қосады және бірқалыпты масса

алынғанынша араластырады (өнім сапасы — қою қаймақ). Ашытқының үстіңгі бетін ұнмен жабады, нан ашытатын ыдыстың қақпағын жауып, қабықшалар пайда болмауы үшін оны жылы жерге 2-3 сағатқа орналастырады. Ашытқының дайындығын мына белгілері бойынша анықтайды: ашытылу процесі бәсеңдейді, беткі жағы имектенеді, үстіңгі қабатына «әжімдер» түсе бастайды, ашытқы түседі.

№ 5 ***Операция***. Қамырды илеу үшін ингредиенттер дайындау.
Жұмыртқаны дайындайды (тазартады, жуады), сыртқы қабығынан босатып және сүзгіден өткізеді. Қалған сұйықтықты 35-40°С-ге дейін қыздырады, оған тұз және қант қосады, сосын сүзгіден өткізеді. Сары майды (маргарин) қаптауынан алып ерітеді.

№ 6 ***Операция***. Ашытылған қамырды илеу. Қамырды ашытқыдан илейді және оған қант ерітіндісін, тұз және жұмыртқа қосады. Бірқалыпты өнім сапасын алғанша араластырады, біртіндеп ұнды себелейді және қамыр илейді. Илеудің соңында ерітілген сары май немесе маргарин қосады (май температурасы 35 °С-ден жоғары болмауы керек) және бірқалыпты масса алғанынша араластырады. Қамырға ақырындап ұнды себеді, қабықша пайда болып кеуіп қалмауы үшін қақпақпен, пленкамен, майлықпен немесе сулықпен жабады және ашуы үшін 2-2,5 сағатқа жылы орынға қояды.

№ 7 ***Операция***. Қамырды алмастыру және ширату . Ашыған қамырдың ашу процесінде екі алмастыру жүргізіледі. Алғашқы алмастыруды 50-60 минуттан кейін жүргізеді, екіншіні — 30-40 минуттан кейін жүргізеді. Алмастыру үрдісінде қамырдың ширатын жүргізеді:

- ашу процесінде шикізаттың қосымша жеке түрін екі рет қабылдауын қамырға қосады;
- қамырды илеу 4-5 минутқа созылады, 30-40 минуттан кейін екінші алмастыруды 3-5 минут бойы жүргізеді.

№ 8 ***Операция***. Қамырды бөлу үшін жұмыс орнын дайындау.Үстіңгі қабаты ағаш жұмыс үстелдерін ұнмен себелейді.
Кондитерлік беттерді маймен майлайды. Пісірердің алдында дайындаманы, (меланж) жұмыртқаны дайындайды.

№ 9 ***Операция***. Қамырды бөлу. Қамырды бөлу қамырды үш бөлікке бөлуден, өлшеу және жылжытудан тұрады.

### *«Қолтырауын» тәтті нанын дайындаудың технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** май мен сүтке иленген ашыған қамыр — 1 000, беттерді майлауға арналған май — 5, майлау үшін меланж — 20; ішіне салатыны: ж а с капуста — 1 000, басты жуа — 400, ет фаршы — 500, тұз — 2, қара

ұнтақ бұрыш — 1. Шығысы 1 дана. — 1 800.

***Операция*** №1. Шикізатты алу және өлшеу. Шикізатты шикізат ведомосы бойынша алады. Алынған шикізатты рецептураға сәйкес өлшейді.

***Операция*** №2. Жұмыс орнын ұйымдастыру. Ашытылған қамырды дайындауға арналған жұмыс орны (қара. бұрын).

Ішіне салатын қиманы дайындау үшін электр плитасы, үстіңгі қабаты ағаш өнеркәсіптік үстел, кастрюльдер, аспаздық пышақтар, қалақтар, таңбаланған бөлгіш тақтайшалар, табалар қажет.

Тәтті нанды қалыптау және пісіру үшін жұмыс орнын көтерілуге қойылатын шкафтармен, жылжымалы стеллаждармен, үстіңгі қабаты ағаш үстелдермен, оқтаулармен, қысқыштармен, қыратындармен, аспаздық және пішінді пышақтармен, қайшылармен, пергаментті қағаздармен, кондитерлік беттермен, кисталармен, дайын өнімдерді тесетін аспаздық инелермен және т.б. жабдықтайды.

№ 3 ***Операция***. Ашытқымен ашытылған қамырды дайындау. Рецепт алдында келтірілген.

№ 4 ***Операция***. Ішіне салатынды дайындау. Дайындалып қойған ингредиенттерді жеке дайындайды: қырыққабатты, жуа және туралған етті, оларды тұздайды және дәміне қарай бұрыштайды. Сосын барлық ингредиенттерді араластырып, салқындатады.

№ 5 ***Операция***. «Қолтырауын» тәтті нанын қалыптау. Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Ұн себеленген үстелде оқтаудың көмегімен дйындалған қамырды тік бұрышты қабат ретінде жаяды. Пішінді пышақпен бірдей етіп қабаттың шеттерін кеседі (қамырдың қалдықтарын безендіру үшін қолданады) (сур. Л.4.1, а).

2. Қамыр жаймасын оқтауға орап және дайын қаңылтыр табаға көшіреді. Қаңылтыр табаға алдын ала пергаментті қағаз төсейді және маймен майлайды. Ортасына жинақы түрде салқындатылған қиманы салады (сур. Л.4.1, ***б).***

3. Жайманың бір бұрышынан бастап 45° бұрыштап кесуді бастаймыз сәйкесінше ішіне салатын қиманың ені 3-4 см-ге дейін, суретте көрсетілгеніндей (сур. Л.4.1, в.) болуы керек. Алынған сызықты қосып айқастыра өріп, бірінші және соңғысын қосады.

4. Жоғарғы жағынан басын қалыптайды, ал төменгі жағынан — «қолтырауынның» құйрығын жасайды (сур. Л.4.1, г).

5. «Қолтырауынның» тұмсығын қалыптайды, кесілген тіліктерден қолдарын және көзі қасын илейді (сур. Л.4.1, ***д)*** және денесіне басын қосады.



Сур. Л.4.1. «Қолтырауын» тәтті наны (а–з)

6. Жағының шеттері бойына қайшының көмегімен ұры тістерін соңына дейін кеспей жасайды (сур. Л.4.1, е).

7. Қайшының көмегімен барлық «денесіне» қамырдың үстімен терең емес тіліктер жасайды (сур. Л.4.1, ж).

№ 6 ***Операция***. **Көтерілу.** Қалыпталған жартылай фабрикат көтерілуі үшін 20-25 минт 30-35 °С температурада жылы жерге қояды.

№ 7 ***Операция***. **Пісіру.** Алдын ала қыздырылған пеште 200 °С температурада дайын болғанынша пісіреді. Дайын болуына 10 мин қалғанда «Қолтырауын» тәтті нанын меланжбен майлайды. Пісірілген тәтті нанды матамен жауып салқындатады.

Дайын «Қолтырауын» тәтті наны сур. Л.4.1, ***з***. ұсынылған.

### *«Лапти» ірімшік салынған нанын дайындаудың технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** ашытқымен ашытылған май мен сүтке иленген қамыр — 1 200, туралған ет ірімшікпен мейізбен — 600; м а й л а у ү ш і н: беттерге арналған май — 50, меланж — 300; туралған ет ірімшік және мейізбен: ірімшік — 330, жұмыртқа — 100, қант-құмшекер — 50, мейіз— 100, ванилин — 20. Шығысы — 10 дана 150 г.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** Рецепін алдыңғысынан қаруға болады (б. 108).

№ 2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.** Ашытқымен ашытылған қамырды дайындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыруды алдыңғысынан қарауға болады (б. 108).

Ішіне салатын қиманы дайындау үшін жуатын ванна, блендер, өнеркәсіптік үстел, кастрюльдер, миксерлер, аспаздық пышақтар, қалақтар қажет болады.

Ішіне салынған нанды қалыптау және пісіру үшін, жұмыс орнын да «Қолтырауын» тәтті нанын дайындау сияқты жабдықтайды.

№ **3** *Операция*. **Ашытқымен ашытылған қамырды дайындау.** Алдыңғы рецептураны қараңыз (қ. 106—108).

№ 4 *Операция*. **Ішіне салатын қиманы дайындау.** Ірімшікті, жұмыртқаны, қантты дайындап біріктіріп және блендерде бірқалыпты масса болғанға дейін араластырады соңында мейіз және ванилин қосады.

№ 5 *Операция*. **«Лапти» ішіне ірімшік салынған нанын қалыптау.** Операция мына әрекеттерден тұрады.

1. Пергаментті қағазда (А4 форматты) шаблонның суретін салады және оны қайшымен кеседі (сур. Л.4.2, а).

2. Дайын қамырды тік бұрышты етіп жаяды және одан жіңішкелеу жолақтарды кеседі (сур. Л.4.2, ***б).***

3. Пергаментті қағаз бетінде қамыр жолақтарынан тік бұрышты кілемшені дайындалған шаблонның мөлшерімен суретте көрсетілгеніндей етіп (қарапайым тығыз өрумен)өреді, (сур. Л.4.2, ***в).***

4. Шаблонның борттарын жоғары көтереді, оны дайын қамырдан өрілген кілемшеге шығарады және сұлбасы бойынша пышақпен қамырды кеседі (сур. Л.4.2, г).

5. Дайындаманың сопақша бөлігіне қамыр жолақтарынан дайындалған бөлгішті орнатады, сонда тереңдетілген сопақша пайда болады (сур. Л.4.2, д).



Сур. 4.2. «Лапти» ішіне ірімшік салынған тәтті нан (а–и)

6. Тереңдетілген сопақшаға ішіне салатын ірімшікті салады және ұқыптап түзетеді (сур. Л.4.2, е).

7. Сосын бір қолымен пергаментті қағазды қамыр тілімен шеттерін көтереді, ал басқа қолды қағаз үстіне салып, торшаны бұзып алмай, тілді табанға салады. (сур. Л.4.2, ж).

8. Тілдің шеттерін қамыр дайындамасының төменгі жағынан түзулеп және «аяқ киімнің» формасын жасайды. Сосын қамырдан жасалынған жолақтардың шеттерінен «аяқ киімді» түзу етіп ояды.

№ 6 *Операция*. **Өнімнің көтерілуі.** Жартылай фабрикаттардың көтерілуі үшін 20-30 минут жылы жерге қояды.

№ 7 *Операция*. **Өнімді майлау.** Пісірер алдында ойықты

жұмыртқаның сары уызымен, ал сосын «аяқ киімнің» қалған бөлігін — жылы сүтпен (немесе кілегеймен) майлайды (сур Л.4.2, ***з).***

№ 8 *Операция*. **Пісірілуі.** Ішіне ірімшік салынған нанды 210-220 °С температурада дайын болғанынша пісіреді. Дайын «Лапти» ішіне ірімшік салынған нанды 15 минут орамалды екі қабаттап жауып салқындатады.

Дайын «Лапти» ішіне ірімшік салынған нан Л.4.2, ***и*** суретте көрсетілген.

### *Мейіз және жаңғақпен жабылған тәтті нанды технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** май мен сүтке иленген ашыған қамыр — 1 000, бөлуге арналған алмалар — 100, майлауға арналған меланж — 15, беттерді майлау үшін сұйық май — 5; ішіне салу үшін: грек жаңғағы (тазартылған) — 300, мейіз (сүйексіз) — 400, қант-құмшекер — 250, сұйық май — 10. Шығысы 1 дана. — 2 000 г.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** Алдыңғы рецептураны қараңыз (қ. 106).

№ 2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.** «Қолтырауын» тәтті нанын дайындау қандай болса, жабық тәтті нанды дайындау да сондай.

№ 3 *Операция*. **Ашытқымен ашытылған қамырды дайындау.** Алдыңғы рецептураны қараңыз (қ. 106— 108).

№ 4 *Операция*. **Ішіне салатын өнімді дайындау.** Мейізді дайындап алып, қыздырылған сұйық маймен майланған табаға салады, сосын оны әбден ісінгенінше бұқтырады, оны плитадан түсіріп, ұсақталған немесе ет тартқыштан өткізілген грек жаңғағын, қант қосып жақсылап араластырады, содан соң суытады.

№ 5 *Операция*. **Мейіз және жаңғақпен жабылған тәтті нанды қалыптау.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Дайындалған түйір қамырдан жартысын қамырдан безендіру жасау үшін бөліп алады. Қалған қамырды екі бірдей бөлікке бөледі, оның әрбірін 1 см қалыңдықта тікбұрышты формада жаяды.
2. Бір тікбұрышты жайманы маймен майланған қаңылтыр табаға сыйдырады (форманы), түзетеді және тегістейді.
3. Тең қабатпен ішіне салады.
4. Қамырдың екінші бөлігімен бетін жабады.
5. Екі жайманың да шеттерін біріктіріп және «есілген арқан» тәсілімен қысады (сур. Л.4.3, *а,* б).

*а* *б*

Сур. Л.4.3. Тәтті нанды әшекейлеу тәсілі ***(а, б)***

6. Қамырдан әртүрлі безендірулерді жасайды: ірі және ұсақ жапырақтар және гүлдер, оларды жұмыртқаның сары уызымен немесе сумен сылайды және үстіңгі қабатына қамырдан дайындама орналастырады.

№ 6 *Операция*. **Өнімнің көтерілуі.** Жартылай фабрикаттарды жылы жерге көтерілуі үшін 20-30 минутқа қойып қояды.

№ 7 *Операция*. **Өнімді майлау және тесу.** Көтерілгеннен кейін қамыр дайындамасын меланжбен майлап және бірнеше жерден теседі.

№ 8 *Операция*. **Пісіру.** 30 минут 210-220 °С температурада пісіреді. Дайын тәтті нанды 10-15 минут салқындатады.

№ 9 *Операция*. **Әшекейлеу.** Тәтті нанның ортасына жарты алманы салады және екі жағынан үш алманың бөліктерімен безендіреді.

## № 5 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Мерекелік нандарды дайындау

**Сабақ түрі:** нұсқау жүргізу үшін интерактивті тақтамен жабдықталған оқу кондитерлік цехындағы зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру:*** «май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» аумағында:

- мерекелік нанды дайындау кезінде қолданылатын шикізаттың органолептикалық бағалауы бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- шикізатты рационалды және қалдықтарды азайту бойынша талаптар есебімен шикізатты өңдеу бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;

- технологиялық операцияларды орындау процесінде жеке бас гигиенасын сақтау, мерекелік нандарды дайындау және өңдеу бойынша жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау іскерлігін меңгеру;
- шикізатты дайындау, илеу, көтерілу, қамырды бөлу, өнімді пісіру үшін технологиялық операцияларды орындауда (жабдықтарды, құралдарды, керек-жарақтарды, ыдысты таңдау) жұмыс орнын ұйымдастырудағы іскерлігін меңгеру;
- мерекелік нандарды дайындаудағы әрекеттерді орындау үшін қауіпсіз жабдықтарды қолдану тәсілін меңгеру;
- орындалған технологиялық операцияларды және дайын өнімдердің сапасын бағалаудың іскерлігін меңгеру (органолептикалық бағалау — бракераж, дайын май мен сүтке иленген өнімдердің дефектілерін анықтау және оларды жоюдың тәсілдерін анықтау);
- мерекелік нандарды жіберу нормасын және температуралық режимін және беру ережесін сақтай отырып, рәсімдеу бойынша іскерлігін меңгеру;
- мерекелік нандарды дайындау технологиясы және рецепін өңдеу актін жасау бойынша іскерлігін меңгеру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттілікерін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз).

### ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ СҰРАҚТАРЫ

1. Мерекелік нандардың қандай түрлерін білесіздер?
2. Мерекелік нандарды дайындау кезінде қандай температуралық режимді қолданады?
3. «Үйлену тойы» каравайын дайындау кезінде технологиялық операциялардың кезектілігі қандай?
4. «Мерекелік» кестелі қалашты дайындау кезінде технологиялық операциялардың кезектілігі қандай?
5. «Пасхальды» күлшені дайындау кезінде технологиялық операциялардың кезектілігі қандай?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмысты орындау бойынша нұсқаулар; шикізат ведомосы; карточка-тапсырмалар; электронды және баспа түрінде білімін түзетуге арналған материалдар; Техникалық материалдар жинағы; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін тағамдар және кулинарлық өнімдер рецептуралар жинағы. — М. : Нанпродинформ, 1997; ***Бурчакова И. Ю., Ермилова С. В.*** Ұннан

пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2014.

Материалдық. Техникалық: № 4 Зертханалық жұмысты қараңыз.

Шикізат: бидай ұны, қант-құмшекер, сығымдалған ашытқы (құрғақ), сұйық май, жұмыртқа (меланж), сүт (су), тұз, сары май, арақ, коньяк, цукаттар, цедра, мейіз, қант ұлпасы, апельсин, түсті нонпарель.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

1. Май мен сүтке иленген ұннан пісірілетін өнімдерді дайындау процесін ұйымдастыру: «Үйлену тойы» каравайы (шығысы — 2 000 г), «Мерекелік» кестелі қалаш (выход — 1 000 г), «Пасхальды» күлше (шығысы — 2 дана. 550 г). Одан әрі аталған өнімдерге рецептуралар ұсынылған.
2. Өнімнің қауіпсіздігі бойынша талаптар есебімен органолептикалық шикізат жарамдылығын анықтау.
3. Мерекелік нандарды дайындау үшін шикізатты негізгі және қосымша өңдейтін жұмыс орнын дайындау.
4. Мерекелік нандарды дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру.
5. Мерекелік нанның дайындалуын дайындау рецепіне және технологиясына сәйкес жүргізу.
6. Жеке технологиялық операцияларды орындау (жеке және әріптестер) және дайын мерекелік нандардың дефектілерін анықтаумен оларды жою тәсілдерін табумен сапасын бағалау.
7. Дайын мерекелік нандардың органолептикалық сапасын бағалау бойынша кестені толтыру (29-қосымша).
8. Дайын өнімдерге бракеражды журнал толтыру (30-қосымша).
9. Дайын мерекелік нандардың дефектілерін анықтау бойынша, олардың туындау себебін және жою тәсілдерін анықтау есебін толтыру (31-қосымша).
10. №11 Тәжірибелік сабақта есептік деректермен нақты мерекелік нанды пісіру және салыстыруын анықтау.
11. Мерекелік нанға өңдеу актісін жасау (11-қосымша).
12. Студенттердің жетістіктері күнделігіне белгі енгізу (4-қосымша).
13. Тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін дайын өнімнің сапасын бағалау дұрыстығын және қауіпсіздігінің мағынасын түсіндірумен жұмысты қорғау.

## Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

№ 11 практикалық сабақта дайын мерекелік нандарды пісіру, күйіп кету және шығысын есептеу жүргізілген. № 12 практикалық сабақта зертханалық жұмысты жүргізу үшін шикізат ведомосын және технологиялық картасын жасау қарастырылған.

### «*Үйлену тойы*» *каравайын дайындау технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** қамыр үшін: жоғарғы сортты бидай ұны — 1 152, қант-құмшекер — 228, меланж — 264, тұз — 17, су — 72, ашытқы — 36, сары май — 132, сүт — 240; әшекейлеу үшін қамыр: жоғары сортты бидай ұны — 250, жұмыртқа (ақуыздар) — 125. Шығысы — 2 000 г.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** Алдыңғысын қараңыз.

№ 2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.** «Үйлену тойы» каравайын дайындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру да қамырды ашытқымен ашытуды дайындағандай болады.

№ 3 *Операция*. **Қамырды ашытқымен ашытуды дайындау.** Дайындау технологиясы алдында келтірілген.

№ 4 *Операция*. **Әшекейлеу үшін қамырды дайындау.** Сүзілген ұнды ақырындап ақуызбен қосады және қазанда езу машинасында араластырады.

№ 5 *Операция*. **«Үйлену тойы» каравайын қалыптау және оның көтерілуі.** Операция мына әрекеттерден тұрады.

Сур. Л.5.1. «Үйлену тойы» каравайы

1. Дайын қамырды шар формасында жайып және тігісін төмен қаратып, көтерілуі үшін 15-20 минут қойып қояды.

2. Дайын қамырдан әшекейлеу үшін әртүрлі безендіргіштер илейді (өрілгендер, аққулар, гүлдер, жапырақтар және т.б.) және оларды қамыр дайындамасының жоғарғы жағына жабыстырады.

№ 6 *Операция*. **Өнімді майлау.** Көтерілгеннен кейін дайын қамырды меланжбен майлайды.

№ 7 *Операция*. **Пісіру.** Алдын ала 180-200 °С температурада қыздырылған пеште дайын болғанынша пісіреді. Салқындағаннан кейін каравайды тәтті шырынмен майлайды. Дайын каравайдың суреті Л.5.1. көрсетілген.

### «*Мерекелік*» *кестелі қалашты технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** май мен сүтке иленген қамыр (ашытылған) — 1 280, майлау үшін меланж — 40, беттерін майлау үшін сұйық май - 5. Шығыс — 1 000 г.

№ 1 ***Операция***. **Ашытқымен ашытылған қамырды дайындау.** №4 зертханалық жұмыста рецепі келтірілген.

*а*

*б*

*в*

Сур. Л.5.2. «Мерекелік» кестелі қалаш (а – в)

№2 *Операция*. **Кестелі қалашты қалыптау.** Операция мына әрекеттерден тұрады.

1. Дайын май мен сүтке иленген ашыған қамыр ($V_2$ бөлімі) жайманы жазады, жіңішке жолақтармен кеседі және бұрымша формасын қалыптайды (ұзын және қысқа).

2. Өнімді пергаментті қағазда сұйық маймен майланған және қаңылтыр табаға салынған ыдыста қалыптайды (қалыптауды жеңілдету үшін алдын ала қағаз бетіне қарындашпен дөңгелек сызып алуға болады).

3. Ұзын бұрымшаны дөңгелек түрінде салады және шеттерін қосады, қысқаша бұрымшаны осылайша дөңгелектің ортасына осы тәсілмен салады (сур. Л.5.2, а).

4. Қамырдың қалған бөлігінен әшекейлеу элементтерін орамша түрінде жасап және олардың екі арасындағы дөңгелекті жапсырады (сур. Л.5.2, ***б).***

№ 3 *Операция*. **Өнімнің көтерілуі.** Қамыр дайындамасын көтерілуі үшін 20-30 мин жылы жерге қояды.

№ 4 *Операция*. **Өнімді майлау.** Көтерілгеннен кейін қамыр дайындамасын меланжбен майлайды.

№ 5 *Операция*. **Пісіру.** Алдын ала қыздырылған пеште 180-200 °С температурада 20-30 минут пісіреді. Қалашты екі қабатталып жабылған орамалмен жауып 10-15 минут қойып қояды.

Дайын қалаш суреті Л.5.2, в көрсетілген.

### *«Пасхальды күлше» мерекелік нанын технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** қамыр үшін: ұн — 500, жұмыртқа — 120, құрғақ ашытқы — 10, сүт — 80, су — 60, қант — 100, тұз — 10, арақ — 10, коньяк цукаттарды батыру үшін — 10, апельсиннің ұсақталған цедрасы — 1, мейіз — 80, сары май — 100, сұйық май — 30;

Сур. Л.5.3. «Пасхальды» күлше

г л а з у р ь үшін: қант ұлпасы — 200, бір апельсиннің шырыны, су — 50; с е б е л е у үшін: түсті нонпарель — 10. Шығысы — 2 дана. 550 г.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** № 4 практикалық жұмыста келтірілген.

№ 2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.** № 4 практикалық жұмыста ашытқымен ашытылған қамыр дайындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру келтірілген. Қамырды бөлу үшін жұмыс орнын ұйымдастыру: жұмыс үстеліне таразы орнатылады, оны ұнмен себелейді, формасы дайындалған үстелде (алдын ала майланған металдан, силиконды немесе қағаз капсулалар), қысқыштар, ұннан пісірілетін өнімдерді тесу үшін аспаздық инелер орналастырады.

№ 3 *Операция*. **Қамырды дайындау.** Қамырды ашыту әдісімен дайындайды (№ 4 зертханалық жұмысты қараңыз). Содан соң бірінші ауыстыру кезінде жуылған және алдын ала коньякқа батырылған кептірілген мейізді, апельсиннің цедрасын және цукатты қосады (коньякты жандырады).

№ 4 *Операция*. **Глазурды дайындау.** Қант ұлпасын су және апельсин шырынымен, ағаш қалақпен араластыра, ақырындап бірқалыпты сапасы болғанынша қыздырады.

№ 5 *Операция*. **Күлшелер үшін қамырды қалыптау.** Дайын қамырды дайындалған формаға $^1/_3$ биіктігінен аспайтындай етіп салып қалыптайды.

№ 6 *Операция*. **Өнімді көтеру.** Қамыр салынған форманы көтерілуі үшін 30-40 минут жылы жерге қояды.

№ 7 *Операция*. **Пісіру.** Алдын ала қыздырылған 180-200 °С пеште дайын болғанынша пісіреді, сосын салқындатады.

№ 8 *Операция*. **Әшекейлеу.** Салқындатқаннан кейін күлшенің үстіңгі қабатын глазурлейді және түсті нонпарельмен сәндейді (сур. Л.5.3).

## № 6 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдерді дайындау

**Сабақтың түрі:** нұсқауды жүргізуге арналған интерактивті тақтамен жабдықталған оқу кондитерлік цехындағы зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру:*** «қиын ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерді және мерекелік нандарды дайындауды ұйымдастыру және жүрізу» аумағында:

- Ұннан жасалатын кондитерлік өнімдерін дайындау кезінде қолданылатын шикізаттың органолептикалық сапасын бағалау және өңдеу іскерлігін бекіту, көрсету;
- технологиялық операцияларды орындау үрдісінде жеке бас гигиенасы ережесін сақтауда ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау және шикізатты өңдеу бойынша жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын санитарлық- гигиеналық талаптарды сақтау іскерлігін меңгеру;
- ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындау үшін (жабдықтарды, құралдарды, керек жақтарды, ыдысты таңдау) жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша іскерлігін меңгеру;
- дайындалған өнімнің және орындалған технологиялық сапасын бағалаудағы іскерлігін меңгеру (органолептикалық бағалау — бракераж, дайын ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің дефектілерін анықтау және оларды жою тәсілдерін анықтау);
- дайын ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді жіберу нормаларын, температуралық режимін және беру ережесін сақтай отырып, безендіру және жіберу бойынша іскерлігін меңгеру;
- ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің рецепі және технологиясының актісін жасау іскерлігін меңгеру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз).

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ СҰРАҚТАРЫ

1. Ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің айрықша ерекшеліктері қандай?
2. Прәндік қамырын дайындаудың қандай тәсілдері бар?
3. Прәндік қамырынан қандай қиын өнімдерді білесіздер?
4. «Жаңа жылдық» үй прәндігін дайындау үшін қандай жартылай фабрикаттар қолданылады?
5. «Аяз Атаның шанасы» кәдесыйын дайындау үшін қандай жартылай фабрикаттар қолданылады?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмысты орындау бойынша нұсқаулар; шаблондар шикізат ведомосы; карточка-тапсырмалар; электронды және баспа түріндегі білімін түзетуге арналған

материалдар; Ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер және бөлке өнімдері бойынша технологиялық нормативтер жинағы; Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер және бөлке өнімдері бойынша рецептуралары жинағы. — Экономика, 1986; ***Бурчакова И. Ю, Ермилова С. В.*** Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру: оқулық. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2016.

Материалдық. Техникалық:

- ***механикалық жабдық*** — елеуіш, қамыр илейтін машина, миксер;
- ***жылу жабдығы*** — электр плитасы, наубайшы шкафы;
- ***мұздатқыш жабдығы*** — мұздатқыш шкафы;
- ***өлшегіш құралдар –*** электронды таразы;
- ***көмекші жабдықтар –*** өнеркәсіп үстелдері;
- ***керек-жарақтар, құралдар және ыдыс*** — кастрюльдер, қаңылтыр табалар, мискерлер, сүзгі, бөлгіш тақтайлар, оқтаулар, ағаш қасықтар және қалақтар, ойғыш қалыптар, қайшылар, аспаздық пышақтар, қамыр кескіштер, қыстырғыштар, кисталар, отырғызатын қаптар, шприцті түтікшелер, қолғаптар, жіберуге арналған ыдыс (табақ, табақшалар, майлықтар);
- ***оргтехника, көмекші жабдықтау*** — компьютер, мультимедиялық проектор, сабақтың материалын үйрену және бекітуге арналған сұрақтар бағдарламасымен интерактивті тақта;
- ***видеотехника және фототехника*** — құжат-камера, фотоаппарат.

Шикізат: бидай ұны, қант-құмшекер, қант ұлпасы, сірне, бал, жұмыртқа (меланж), сары май (маргарин), аммоний көмір қышқылы, лимон қышқылы, тұз, құрғақ дәмдеуіштер, желатин, ақ және қара шоколад, қант ұлпасы, мармелад (сары), тағамдық бояғыштар, кәмпиттер.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Мына келесі ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдерді дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру: «Жаңа жылдық» үй прәндігі (шығысы — 2 800 г) және «Аяз Атаның шанасы» прәндік кәдесыйы (шығысы — 700 г). Одан әрі аталған өнімдерге рецептуралар келтірілген.

2. Өнімнің қауіпсіздігі бойынша талаптар есебімен органолептикалық тәсілмен шикізаттың жарамдылығын анықтау.

3. Ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдерді дайындау, негізгі және қосымша шикізаттарды өңдеуге арналған жұмыс орнын ұйымдастыру.

4. Ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдерді дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындауға арналған жұмыс орнын ұйымдастыру.

5. Ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдерді дайындауды дайындау рецептураларына және технологиясына сәйкес жүргізу.

6. Жеке технологиялық операцияларды орындау үшін сапасын бағалау (жеке және топпен, жұппен) және дайын ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдердің дефектілерін анықтаумен, оларды жоюдың тәсілдерін анықтау.

7. Дайын ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдердің органолептикалық сапасын бағалау бойынша кестені толтыру (29-қосымша).

8. Дайын өнімдерге бракеражды журнал толтыру (30- қосымша).

9. Дайын ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдердің дефектілерін анықтау, олардың туындау себебін және жою тәсілдерін анықтау бойынша есебін толтыру (31-қосымша).

10. Ұннан жасалатын кондитерлік қиын өнімдердің нақты көтерілуін анықтау.

11. Өнімді өңдеу актін жасау (11-қосымша).

12. Студенттердің жетістіктері күнделігіне белгі енгізу (4-қосымша).

13. Тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін дайын өнімнің сапасын бағалау дұрыстығын және қауіпсіздігінің мағынасын түсіндірумен жұмысты қорғау.

## Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

№ 15 практикалық сабақта зертханалық жұмысты жүргізудің шикізат ведомосын жасау қарастырылды.

### *Прәндік қамырын технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі (шала өңделген және қайнатылған әдіспен)*

***Прәндік қамырын дайындау үшін рецептура, г:*** ұн — 1 000, қант-құмшекер — 300, су — 200, сірне — 100, бал— 100, жұмыртқа — 100, сары май немесе маргарин — 100, аммоний көмір қышқылы — 8, тұз — 4, құрғақ дәмдеуіштер— 4, күйдіру үшін қант — 50.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** 106-бетті қараңыз.

№2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.** Прәндік қамырын дайындауға арналған жұмыс орнын ұйымдастыру орындалатын операцияға сәйкес жүзеге асырылады. Прәндік қамырын дайындау үшін жұмыс орнын арнайы құралдармен (илеуіштер, қамыр илейтін машиналар,

плиталар), ыдыс және керек-жарақтармен жабдықтайды.

№ 3 *Операция*. **Ингредиенттерді дайындау.** Ұнды пайдаланар алдында илейді. Суды, қантты, сірнені, балды, күйдіретін қантты ерітеді. Сары майды жұмсартады. Жұмыртқаны дайындайды: жуады және сыртқы қабығын аршиды.

№ 4 *Операция*. **Прәндік қамырын дайындау.** Прәндік қамырын екі түрлі әдіспен дайындайды: шала өңдеумен және қайнатумен.

***Шала өңдеу тәсілі:***

- судың, қанттың, сірненің, балдың және күйдіретіннің ерітіндісін қыздырады, ал сосын бөлме температурасына дейін салқындатады;
- ерітіндіге жұмыртқа, аммоний көмір қышқылын, тұз, құрғақ дәмдеуіштер, жұмсартылған май салып бірқалыпты сапалық дәрежесі пайда болғанша араластырады (езеді);
- алынған массаны ұнмен қосып, 2-3 минут қамыр етіп илейді. Ұн азық-түліктермен араласқан кезде ғана илеуін тоқтатады.

***Қайнату тәсілі*** — қайнату тәсілімен алынатын прәндік қамырын дайындау үрдісі үш кезеңнен тұрады: ұнды қайнату, қамырдың пісіп жетілуі және илеу:

- суды, қантты, сірнені, балды, күйдіргішті 75-100 °С қанты толық ерігенінше қайнатады, сосын 68 °С жоғары температурада салқындатады және ұнды қайнатады;
- бірқалыпты сапалық дәрежедегі массаны араластырады және пісіп жетілуі үшін 1-2 сағатқа қалдырады. Қамырдың жетілуі кезінде бөлме температурасына дейін салқындайды;
- қайнатылған қамырға қалған ингредиенттерді: жұмыртқа, қопсытқыш, құрғақ дәмдеуіштер және жұмсартылған май немесе маргарин қосады да, 30-40 минут қамырды илейді.

### «*Жаңа жылдық*» *үй прәндігін технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** прәндік қамыры — 1 900, ақ шоколад — 600, ащы шоколад — 30, қант мастикасы — 110, қант ұлпасы — 250, мармелад (сары) — 100, тағамдық бояғыштар. Шығысы – 2 800 г.

№ 1 *Операция*.**Үй үшін қажет бөлшектерді дайындау.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Дайын прәндік қамырынан жайма жаяды (5-6 мм).




Сур. Л.6.1. «Жаңа жылдық» прәндік үйі (а – м)

2. Үйдің қарсы алдының қабырғасы мына мөлшерде болады, см: ені — 15, биіктігі — 17. Шаблонның көмегімен қамыр жаймасынан екі бөлшек кеседі — болашақ үйдің төрт жағының екі қабырғасы болады (сур. Л.6.1, а).

3. Үйдің қалған екі жағы үшін тағы бір шаблонды кеседі, см: шаблонның ұзындығы — 17, ені — 7. шатырдың шаблоны, см: ұзындығы — 22, ені — 14,5.

4. Дайындалған прәндік қамыр жаймасын пергаментті қағазға орналастырып, дайын шаблондарды жаймаға жабыстырады және одан сұлбасы бойынша бөлшек кеседі.

Пергаментпен бірге кесілген бөлшектерді қаңылтыр табаға салады (сур. Л.6.1, б).

№ 2 *Операция*. **Пісіру.** Үйдің бөлшектерін алдын ала қыздырылған 180 °С температурадағы пеште 20 минут пісіреді.

№ 3 *Операция*. **«Жаңа жылдық» прәндік үйін жасау және әшекейлеу.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Пісірілген жылы жартылай фабрикаттардан есік және терезе бөлшектерін және шаблондарды да кеседі (сур. Л.6.1, ***в).***

2. Терезені жанынан теңдей етіп бөліп кеседі — бұл болашақ терезе қақпасы (сур. Л.6.1, г) (барлық бөлшектер торда салқындатылады).

3. Үйдің бүйір жағынан терезелерді кеседі (сур. Л.6.1, ***д).***

4. Қалған прәндік қамырынан үйдің шатырын, шыршаны, құбырды, кішкене шыршаның астына қоятын тығырықты, сонымен қатар кез келген қызықты бөлшектер және пішіндерді кеседі (сур. Л.6.1, е).

5. Жылы қызудағы шоколадпен саптаманың және кондитерлік қаптың көмегімен сары түсті мармеладты болашақ үйдің кесілген терезесіне бекітеді (сур. Л.6.1, ж).

6. Болашақ үйдің бөлшектерін жинайды және оларды бір-бірімен жылы ақ шоколадтың көмегімен жапсырады (сур. Л.6.1, ***з).***

7. Шатырын бекітеді (шатыр үстіне сүйейтіндерін 10-15 минут қойып қояды) және терезені безендіреді (сур. Л.6.1, и).

8. Терезе қақпақшасын және есіктерін бекітеді, шатырға ақ шоколадпен жолақтық түрінде сурет салады, шатырдың шетін және терезені «қар» және «мұздармен» безендендіреді.

9. Ащы ерітілген шоколадпен үйге кистаның көмегімен «ағаш» арқалық суретін салады (сур. Л.6.1, х).

10. Басқа да бөлшектерін: құбырын, тұғырыққа шыршаны және т.б. бекітеді (сур. Л.6.1, л).

11. Кіреберіс жоғары жағынан корнетиканың көмегімен және жасыл түске боялған шоколадтың көмегімен жаңа жылдық гүл дестесінің суретін салады, қант ұлпасын ұсақ торлы сүзгіден елеуден өткізеді және барлық прәндік құрылымына себеді.

12. Үйдің алдына қантты мастикадан дайындалған үйдің ішіне кішкене фонарьды сыйдырып, қарлы адамның пішінін қояды (сур. Л.6.1, м).

## *«Аяз Атаның шанасы» прәндік кәдесыйын дайындау операциясы бойынша үрдісі*

***Рецептурасы, г:*** прәндік қамыры — 400, суреттелген масса (айсинг) — 200, кәмпиттер — 150. Шығысы — 700 г.

№ 1 *Операция*. **Шана үшін бөлшектер дайындау.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Болашақ шана үшін бөлшектерді дайындайды (сур. Л.6.2, а).
2. Дайын прәндік қамырын 5-6 мм қалыңдықта жаяды.
3. Шаблондарды жаймаға салады және шана сұлбасы бойынша бөлшектерін кеседі.
4. Прәндік қамырынан бөлшектерді пергаментпен ақтарады, қаңылтыр табаға сыйғызады.

№ 2 *Операция*. **Пісіру.** Бөлшектерді 180 °С алдын ала қыздырылған пеште 20 мину пісіреді.

№ 3 *Операция*. **«Аяз атаның шанасы» кәдесыйын жинау және әшекейлеу.**

Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Әрбір бөлшекті салынған массаның көмегімен (айсингті) жеке алып кептіреді және бір-біріне жабыстыра отырып жинайды.
2. Жапсырып болғаннан кейін, бекітуді қатайтып, тігістерін бүркемелейді — «мұзды» әкеліп қондырады, қардың боямасын жасайды және т.б.
3. Дайын шаналарға әртүрлі тыстағы кәмпиттерді орналастырып салады (сур. Л.6.2, б).

*а*

*б*

Сур. Л.6.2. «Аяз Атаның шанасы» прәндік кәдесыйы (а, б)

# № 7 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

## Қиын ассортименттегі балалар мерекелік торттарын дайындау

**Сабақтың түрі:** нұсқауды жүргізуге арналған интерактивті тақтамен жабдықталған оқу кондитерлік цехындағы зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру:*** «ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізу» аумағында:

- мерекелік торттарды дайындау кезінде қолданылатын шикізаттың органолептикалық сапасын бағалау бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- технологиялық операцияларды орындау үрдісінде жеке бас гигиенасы ережесін сақтау бойынша мерекелік торттарды дайындау және шикізатты өңдеу бойынша жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша іскерлігін меңгеру;
- мерекелік торттарды дайындауда технологиялық операцияларды орындауға арналған (жабдықтарды, құралдарды, керек жақтарды, ыдысты таңдау) жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша іскерлігін меңгеру;
- дайындалған өнімнің және орындалған технологиялық сапасын бағалау бойынша іскерлігін меңгеру (органолептикалық бағалау — бракераж, дайын ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің дефектілерін анықтау және оларды жою тәсілдерін анықтау);
- дайын мерекелік торттарды жіберу нормаларын, температуралық режимін және беру ережесін сақтай отырып, безендіру және жіберу іскерлігін меңгеру;
- балалар мерекелік торттарының рецепі және технологиясы актісін жасау бойынша іскерлігін меңгеру.

2. ***Студенттердің жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз).

1. Сіздер қандай балалар мерекелік торттарының түрлерін білесіздер?
2. Балалар мерекелік торттарын дайындау кезінде қандай температуралық режимдер сақталады?
3. Балалар мерекелік торттарын монтаждау үшін қандай әдістер қолданылады?
4. «Барби қуыршағы» балалар мерекелік тортын дайындау үшін қандай жартылай фабрикат қолданылады?
5. «Машина» балалар мерекелік тортын дайындау үшін қандай жартылай фабрикат қолданылады?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмысты орындау бойынша нұсқаулар; шаблондар шикізат ведомосы; карточка-тапсырмалар; электронды және баспа түріндегі білімін түзету үшін материалдар; ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер және бөлке өнімдері бойынша технологиялық нормативтер жинағы; Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер және бөлке өнімдері бойынша рецептуралары жинағы. — Экономика, 1986; ***Бурчакова И. Ю, Ермилова С. В.*** Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру: оқулық. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2016.

Материалдық. Техникалық:

- ***механикалық жабдық*** — елеуіш, қамыр илейтін машина, миксер;
- ***жылу жабдығы*** — электр плитасы, наубайшы шкафы;
- ***мұздатқыш жабдығы*** — мұздатқыш шкафы;
- ***өлшегіш құралдар*** – электронды таразы;
- ***көмекші жабдықтар*** – өнеркәсіп үстелдері;
- ***керек-жарақтар, құралдар және ыдыс*** — кастрюльдер, қаңылтыр табалар, микселер, сүзгі, тақтайлар, оқтаулар, пышақтар,қайшылар, коррозияға ұшырамайтын (шірімейтін) болат, қыстырғыштар, кисталар, шырынды құятын ыдыс, отырғызатын қаптар, шприцті түтікшелер, қолғаптар, жіберуге арналған ыдыс (тортты салатын плато, табақ, табақшалар, майлықтар);
- ***оргтехника, көмекші жабдықтау*** — компьютер, мультимедиялық проектор, сабақтың материалын үйрену және бекітуге арналған сұрақтар бағдарламасымен интерактивті тақта;
- ***видеотехника және фототехника*** — құжат-камера, фотоаппарат.

Шикізат: бидай ұны, қант-құмшекер, ванильді қант, сірне, бал, жұмыртқа, сары май (маргарин), сүт, ас содасы, лимон қышқылы, картоп крахмалы, эссенция, ванильді ұлпа, шақпақ қант, қоюландырылған сүт, коньяк (десерттік вино), ромды эссенция, кептірілген жемістер (қар өрік, кептірілген өрік), тағамдық бояғыштар.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

1. Келесі балалар мерекелік тортын дайындау процесін ұйымдастыру және дайындау: «Барби қуыршағы» (шығыс – 1 500 г), «Машина» (шығыс – 2 000 г). Одан әрі аталған рецептуралары ұсынылған.
2. Тағамның қауіпсіздігі бойынша талаптар есебімен органолептикалық тәсілмен шикізат жарамдылығын анықтау.
3. Балалар мерекелік торттарын дайындау үшін негізгі және қосымша шикізатты өңдеуге арналған жұмыс орнын ұйымдастыру.
4. Балалар мерекелік торттарын дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындау үшін жұмыс орындарын ұйымдастыру.
5. Балалар мерекелік торттарын дайындауды дайындау рецептуралары және технологиясына сәйкес жүргізу.
6. Жеке технологиялық операцияларды орындау үшін сапасын бағалау (жеке және әріптестер жұбымен) және дайын өнімдерді дефектілерді анықтау мен оларды жоюдың тәсілдерін анықтау.
7. Дайын балалар мерекелік торттарының органолептикалық сапасын бағалау бойынша кестені толтыру (29-қосымша).
8. Дайын өнімдерге бракеражды журнал толтыру (30-қосымша).
9. Дайын мерекелік торттардың дефектілерін анықтау, олардың туындау себебін, жою тәсілдерін анықтау бойынша есебін толтыру (31-қосымша).
10. Балалар мерекелік торттарының нақты көтерілуін анықтау.
11. Дайын болған балалар мерекелік торттарын өңдеу актісін жасау (11-қосымша).
12. Студенттің жетістіктері күнделігіне белгі енгізу (4-қосымша).

13. Тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін дайын өнімнің сапасын бағалау дұрыстығын және қауіпсіздігінің мағынасын түсіндірумен жұмысты қорғау.

## Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар

№ 15 практикалық сабақта зертханалық жұмысты жүргізуге шикізат ведомосын жасау процесі қарастырылған.

## *«Барби қуыршағы» тортын дайындау технологиялық операциясы бойынша үрдісі*

***Рецептурасы, г:*** балды жартылай фабрикат — 500, сар май кремі (негізгі) — 430, кептірілген жемістер (қара өрік, кепкен өрік) — 120, қантты сүтті мастика — 450, тағамдық бояғыштар; б а л д ы қ а м ы р (шығысы — 500 г): жоғары сортты ұн — 270, бал — 100, қант-құмшекер — 50, сары май — 90, ас содасы — 12, лимон қышқылы — 2, жұмыртқа — 100, ванильді қант — 2. Шығысы — 1 500 г.

***Сары май кремінің рецепі (негізгі), г:*** сары май — 522, қант ұлпасы — 279, қант қосылып қоюлатылған сүт — 279, ванильді ұлпа — 5, коньяк (десертті вино) — 1,7. Шығысы – 1 000 г.

***Қантты сүтті мастика рецепі, г:*** қант ұлпасы — 300, құрғақ сүт — 300, қант қосылып қоюлатылған сүт — 430, ванильді қант ұлпасы — 0,5. Шығысы — 1 000 г.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** № 4 зертханалық жұмыста келтірілген.

№ 2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.** Орындалған операцияға сәйкес тортты дайындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру. Тортты дайындау үшін жұмыс орнын (елеуіштер, илейтін машина, миксер, плиталар, наубайшы шкафы, мұздатқыш шкафы), ыдыс және керек-жарақтармен, сияқты арнайы құралдармен жабдықтайды

№ 3 *Операция*. **Ингриеденттерді дайындау.** Ұнды қолданудан бұрын елеуіштен өткізеді. Сары майды қабығынан босатып және тазартады, түйірлерге бөледі. Жұмыртқаны дайындайды: жуады және сыртқы қабығынан босатады. Кептірілген жемістерді дайындайды: қара өрік және кептірілген өрікті жуады, қайнатады және кеседі.

№ 4 *Операция*. **Сары май кремін дайындау (негізгі).** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Дайын кесектелген сары майды илейтін машинаның күбішесіне салып, 6- 8 минут бойы илейді.
2. Қантты ұлпаны қоюлатылған сүтпен қосады.
3. Езілген сары майға біртіндеп қоюлатылған сүтпен қант ұлпасын енгізеді.
4. Илеудің соңында келесі ингредиенттерді қосады: ванильді ұлпа, коньяк (десертті вино).
5. Мұздатқыш шкафқа салады.

№ 5 *Операция*. **Қантты сүтті мастика дайындау.**
Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Қант ұлпасын, құрғақ сүтті, қантпен қоюлатылған сүтті және ванильді ұлпаны қосып, барлық ингредиенттерді бірқалыпты масса болғанша араластырады. Бірнеше порцияларға бөледі.
2. Мастиканы қосудың соңында әрбір порцияға нақты бір түстегі

тағамдық бояғыш түсін қосады.

№ 6 *Операция*. **Балды қамырды дайындау.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Сулы ваннада балды, қантты және майды араластырады, оны қант-құмшекердің толық ерігенінше қыздырады.

2. Сулы ваннадан алып, қоспаға сода, жұмыртқа, ванильді қант және лимон қышқылын қосады.

3. Массаға біртіндеп ұнды салады, араластырып салқындатады.

№ 7 *Операция*. **Қамырды қалыптау.** Жайманы қаңылтыр табаның мөлшері бойынша 5 мм. қалыңдықта жаяды.

№ 8 *Операция*. **Пісіру.** 200 °С температурада ақшыл-алтын түске дейін пісіреді. Пісірілген жартылай фабрикатты салқындатады.

№ 9 *Операция*. **«Барби қуыршағы» тортын жинау және әшекейлеу.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Дайын балды жартылай фабрикатынан дөңгелек формадағы шелпек нандарды әртүрлі диаметрдегі лекалмен кеседі. Шелпек нандардың арақашықтығы қуыршақтың белі мен аяғының соңына байланысты болады.

2. Әрбір шелпек нанның ортасына қуыршақтың корпусы мөлшеріне сәйкес тесік кеседі.

3. Қуыршақ үшін юбкасын жинауға кіреседі: әрбір шелпек нанға кремн жағып, қара өрік және кептірілген өрікті араластырып, оларды «пирамидамен» бірбіріне қаратып, үлкенінен бастап және ең кішісіне дейін салады.

4. Жапсырылған шелпек нандарды сыртынан креммен жабады, пышақ және қалақша көмегімен белдемше формасында тегістейді.

5. Қуыршақты фольгамен (немесе тағамдық пленкамен) белінен аяғына дейін орайды, торттың дайындамасын ортасына тесікке салады және белдемшені өлшейді.

6. Пісірілген балды жартылай фабрикаттың қалдықтарымен креммен біріктірілген белінен белдемшенің басына дейін ақырындап салады.

Сур. Л.7.1. «Барби қуыршағы» торты

7. Қуыршақты дайындамадан ойып алады. Дайындаманы мұздатқыш шкафқа сыйдырып, 40-50 мин. бойына 5-6°С температурада салқындатады.

8. Дайындалған және тағамдық бояғышпен боялған мастиканы жайма етіп жаяды және көйлектің пішінін лекальдың көмегімен жасайды.

9. Дайындалған қуыршақты торттың салқындатылған тесігіне орнатады және мастикадан ойылып жасалған бөлшектермен жабады. Дайын «Барби қуыршағы» торты Л.7.1 суретте ұсынылған.

### *«Машина» балалар тортын технологиялық операциясы бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** бисквит (негізгі) — 500, «Шарлотт» кремі (негізгі) – 280, батыру үшін шырын – 150, жаңғақ (цукаттар) – 120, қантты сүтті мастика – 950, тағамдық бояғыш (көк, қара, сары). Шығысы – 2 000 г.

***Бисквиттің рецептурсы(негізгі), г:*** бидай ұны ж/с — 281, картоп крахмалы – 69, қант-құмшкекр – 347, меланж – 578, эссенция – 3,4. Шығысы – 1 000 г.

***«Шарлотт» кремінің рецепі (негізгі), г:*** сары май — 422, қант-құмшекер – 375, сүт – 250, жұмыртқа – 67, ванильді ұлпа – 4, коньяк (вино) – 1,6. Шығысы – 1 000 г.

***Батыру үшін шырын рецептура, г:*** қант-құмшекер — 513, су — 500, коньяк (вино) – 48, эссенция – 2. Шығысы – 1 000 г.

***Қантты сүтті мастиканың рецепі, г,*** одан әрі келтірілген.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** № 4 зертханалық жұмыста келтірілген.

№ 2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.**«Барби қуыршағы» мерекелік тортын дайындау үшін жасағандай.

№ 3 *Операция*. **Бисквитті дайындау (негізгі).** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Шикізатты дайындайды: ұнды және крахмалды елеуіштен өткізеді, меланж дайындайды.

2. Меланжды қыздырусыз қант-құмшекермен біріктіреді немесе (көпсітуді тездету үшін) алдын ала сулы ваннада 40-45 °С температурада қыздырады. Қыздыру кезінде сары уыздың майы жоғары температурадан еріп кетеді, жұмыртқа-қантты қоспа созылмалы болады және илеуге жақсы болады.

3. Жұмыртқа-қанттың қоспасын тігінен илейтін машиналарда езеді. Массаны езу алдымен кіші айналым жиілігінде жүргізіледі, сосын жиілікті ұлғайтады. Көпірту ұзақтығы — 30-40 минут. Массаның дайын болғанын көлемінің 2,5 — 3 есе, ұзарғанынан білуге болады. Ақшылдау кремді түске енгенде қант құмшекерінің ірілерінің жоқ болып, толық еріп кеткен кезінде дайын болады.

4. Көпірсіту аяқталардан бұрын ұнды, картоп крахмалымен араласқан эссенцияны қосады және 15 с. аспайтын уақытта араластырады.

5. Дайын бисквит қамырын бірден қаңылтыр табаға немесе қалыпқа құяды, оны алдын ала маймен майлап, пергаментті қағаз төсейді.

6. Бисквитті қамырды 180-210 °С температурада пісіреді. Пісірудің уақыты қамырдың көлемі және қалыңдығына байланысты болады: мысалы, бисквитті капсулада 50-60 мин, торттың қалыптарында — 35-40 мин, ал беттерде — 10-15 миут пісіреді.

7. Пісірілген бисквитті жартылай фабрикатты 20-30 минут салқындатады. Сосын капсуладан және қалыптан босатады. Егер бисквиттен шырынға батыратын өнім дайындайтын болса, онда қағазды алып тастамайды және 8-10 с нанның жұмсағы қатаюы үшін қалдырады. Бисквитті шамамен 20 °С температурада ұстайды. Содан кейін қағазын алып, бисквитті жартылай фабрикатты тазартады және белгілі мөлшерде дайындамаға кеседі.

№ 4 *Операция*. **«Шарлотт» кремін дайындау (негізгі).** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Шикізатты дайындайды: сүтті сүзеді, жұмыртқаны жуады, сыртқы қабығынан босатады; сары майды алып түйіршіктерге кеседі.

2. Жұмыртқа-сүтті шырынды дайындайды: сүт, қант және жұмыртқаны сулы ваннада қоюланғанынша қайнатады. 20 °С температураға дейін салқындатады.

3. Дайындалған сары майдың түйіршіктерін илейтін машинаның күбішесіне салады және 6- 8 минут илейді.

4. Жұмыртқа- сүт шырынын езілген сары майға қосып, бірқалыпты масса пайда болғанынша илейді. Илеудің соңында ванильді ұлпа, коньяк немесе десертке вино қосады.

5. Дайын кремді салқындату үшін мұздатқыш шкафқа салады.

№ 5 *Операция*. **Батыру үшін шырынды дайындау.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Шырынды дайындайды: қантты сумен 1:1 қатынасында қосады, оны қайнағанға дейін жеткізеді, көбігін алады, 1- 2 минут қайнатады.

2. Дайын шырынды 20 °С температураға дейін салқындатады.




Сур. Л.7.2. «Машина» торты (а—е)

3. Алынған шырынға қосымша ингредиенттер қосады: коньяк (десертті вино) және эссенция.

№ 6 *Операция*. **Балаларға арналған «Машина» мерекелік тортын жинау және әшекейлеу.** Операция келесі әрекеттерден тұрады.

1. Пісірілген бисквит жартылай фабрикатты тікбұрышты формада лекалдың көмегімен кеседі. Барлық бөліктерін жинап және жеңіл автомобильдің формасына келтіреді (сур. Л.7.2, а).

2. Төменгі ең үлкен бисквитті көлденеңнен екі жаймаға кеседі. Шырынға малып алады, жаңғақпен қабаттастырады да (цукаттармен), оларды креммен жапсырады.

3. Дайындаманың үстіңгі және бүйір жақтарын креммен бояйды.

4. Дайындамаға бисквиттен құрамды бөлігін автомобиль кузовы түрінде жасап орнатады, креммен жабады (сур. Л.7.2, ***б)*** және толық салқындағанынша мұздатқышқа салады.

5. Қантты сүтті мастикадан лекальдың көмегімен машинаның кузовын және бөлшектерін ойып алады (сур. Л.7.2, ***в).***

6. Торттың дайындамасын мастикадан дайындалған бөлшектермен қаптайды (сур. Л.7.2, г).

7. Автомобильдің қалған бөліктерін құрастырады (сур. Л.7.2, ***д).*** Дайын болған «Машина» тортының суреті Л.7.2, ***е***. көрсетілген.

## № 8 ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС

### Қиын ассориментті мерекелік мерейтойлық торттарды дайындау

**Сабақтың түрі:** нұсқауды жүргізуге арналған интерактивті тақтамен жабдықталған оқу кондитерлік цехындағы зертханалық сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

1. ***Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру***: «ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді және мерекелік торттарды дайындауды жүргізу және ұйымдастыру» аумағында:

- мерейтойлық мерекелік торттарды дайындау кезінде қолданылатын шикізаттың органолептикалық сапасын бағалау бойынша іскерлігін бекіту және көрсету;
- технологиялық операцияларды орындау үрдісінде жеке бас гигиенасы ережесін сақтау бойынша мерейтойлық мерекелік торттарды дайындау және шикізатты өңдеудегі жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау іскерлігін меңгеру;
- мерейтойлық мерекелік торттарды дайындауда технологиялық операцияларды орындауға арналған (жабдықтарды, құралдарды, керек жақтарды, ыдысты таңдау) жұмыс орнын ұйымдастырудағы іскерлігін

меңгеру;

- дайындалған өнімнің және орындалған технологиялық сапасын бағалау бойынша іскерлігін меңгеру (органолептикалық бағалау — бракераж, дайын ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдердің дефектілерін анықтау және оларды жою тәсілдерін анықтау);
- дайын мерейтойлық мерекелік торттарды жіберу нормаларын, температуралық режимін және беру ережесін сақтай отырып безендіру және жіберу бойынша іскерлігін меңгеру;
- мерейтойлық мерекелік торттардың рецепі және технологиясы актісін жасау бойынша іскерлігін меңгеру.

***2.Студенттердің жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыру:***

- ЖҚ 1-9 (алғысөзді қараңыз).

### ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ СҰРАҚТАРЫ

1. Сіз қандай мерейтойлық мерекелік торттарды білесіз?
2. Мерейтойлық мерекелік санды түрдегі торттарды монтаждау ережесі қандай?
3. «18» және «50» саны түріндегі мерейтойлық мерекелік торттарды дайындау кезінде технологиялық операциялардың кезектілігі қандай?
4. «18» және «50» саны түріндегі мерейтойлық мерекелік торттарды дайындау үшін қандай жартылай фабрикаттар қолданылады?
5. «18» және «50» саны түріндегі мерейтойлық мерекелік торттарды қалай безендіреді?

## Әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету

Әдістемелік: фотоматериалдар; зертханалық жұмысты орындау бойынша нұсқаулар; шаблондар шикізат ведомосы; карточкалар-тапсырмалар; электронды және баспа түріндегі білімін түзетуге арналған материалдар; ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер және бөлке өнімдері бойынша технологиялық нормативтер жинағы; Рецептуралар жинағы / Ресей ӨСМ. — М.: Жеңіл өнеркәсіп және тұрмыстық қызмет көрсету, 1999; Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары үшін ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер және бөлке өнімдері бойынша рецептуралар жинағы. — Экономика, 1986; ***Бурчакова И. Ю, Ермилова С. В.*** Ұннан пісірілетін, ұннан жасалатын қиын кондитерлік өнімдерді дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру: оқулық. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2016.

Материалдық. Техникалық: № 7 зертханалық жұмыста келтірілген.

Шикізат: бидай ұны, қант-құмшекер, картоп крахмалы, жұмыртқа (меланж), эссенция (ромды), сұйық кілегей, коньяк (десертті вино), жеміс желесі, крахмалды сірне, лимон қышқылы, агар, бояғыш, жас жемістер және жидектер.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА

1. «Юбилейный» тортын дайындау және дайындау үрдісін ұйымдастыру (шығысы – 3 500 г) «18» және «50» саны түрінде. Одан әрі аталған торттарға рецептуралар келтірілген.
2. Тағамның қауіпсіздігі бойынша талаптар есебімен органолептикалық тәсілмен шикізат жарамдылығын анықтау.
3. Мерейтойлық мерекелік торттарын дайындау үшін негізгі және қосымша шикізатты өңдеуге арналған жұмыс орнын ұйымдастыру.
4. Мерейтойлық мерекелік торттарын дайындау бойынша технологиялық операцияларды орындау үшін жұмыс орындарын ұйымдастыру.
5. Мерейтойлық мерекелік торттарын дайындауды дайындау рецептуралары және технологиясына сәйкес жүргізу.
6. Жеке технологиялық операцияларды орындау үшін сапасын бағалау (жеке және әріптестер жұппен) және дайын өнімдердің дефектілерін анықтаумен және оларды жоюдың тәсілдерін анықтау.
7. Дайын мерейтойлық мерекелік торттарының органолептикалық сапасын бағалау бойынша кестені толтыру (29-қосымша).
8. Дайын өнімдерге бракеражды журнал толтыру (30-қосымша).
9. Мерейтойлық мерекелік торттардың дефектілерін анықтау, олардың туындау себебін және жою тәсілдерін анықтау бойынша есебін толтыру (31-қосымша).
10. Дайын торттардың нақты көтерілуін анықтау.
11. Дайын мерейтойлық мерекелік торттарын өңдеу актсін жасау (11-қосымша).
12. Студенттің жетістіктері күнделігіне белгі енгізу (4-қосымша).
13. Тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін дайын өнімнің сапасын бағалау дұрыстығын және қауіпсіздігінің мағынасын түсіндірумен жұмысты қорғау.

## Тапсырмаларды орындау бойынша нұсқаулар

№ 15 практикалық сабақта зертханалық жұмысты жүргізудің шикізат ведомосын жасау қарастырылған.

## *«Юбилейный» тортын технологиялық операция бойынша дайындау процесі*

***Рецептура, г:*** бисквит (негізгі) — 900, сұйық кілегей кремі негізінде — 800, батыру үшін шырын — 390, ішіне салатын жемістер (джем) — 660, желе — 330, жас жемістер және жидектер — 420. Шығысы — 3 500.

***Желе рецепі (желатинмен), г:*** қант-құмшекер — 414, сірне — 103, эссенция — 3, коньяк немесе десертті вино — 33, лимон қышқылы — 2, желатин — 50, бояғыш — 1, су — 496. Шығысы — 1 000 г.

№ 1 *Операция*. **Шикізатты алу және өлшеу.** № 4 зертханалық жұмыста келтірілген.

№ 2 *Операция*. **Жұмыс орнын ұйымдастыру.** № 7 зертханалық жұмыста көрсетілген.

№ 3 *Операция*. **Бисквитті дайындау (негізгі).** № 7 зертханалық жұмыста көрсетілген.

№ **4** *Операция*. **Батыру үшін шырын дайындау.** № 7 зертханалық жұмыста көрсетілген.

